- 6 Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты Қ.8., т.1., іс 293
- 7 Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты Қ.8., т.1., іс 294
- 8 Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты Қ.141., т.1., іс 5208

НАСИЛЬСТВЕННОЕ ОСЕДАНИЕ КОЧЕВОГО АУЛА И КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ

БАТТАЛОВ А. Б.
магистр права, учитель истории, СОШ № 27, г. Павлодар
СИМБАЕВ Е. С.
учитель истории, СОШ № 27, г. Павлодар
ШОКАНОВА Ж. Т.
учителя истории, СОШ №27, г. Павлодар

Как известно, идея коллективизации с самого начала была дискредитирована жесточайшим тотальным террором. После свертывания нэпа все условия жизни в то время определялись строжайшей нормой. Особенно трагическое положение переживали села и аулы. Принудительная сплошная коллективизация на основе ликвидации кулаков, баев как класса разрушила производительные силы деревни. В стране не хватало продовольствия, существовала картонная система снабжения населения.

В Казахстане создание колхозов по инициативе первого секретаря Краевого комитета партии Ф. И. Голощекина предусматривалось приурочить к решению проблемы массовой оседлости кочевых и полукочевых казахских хозяйств. Для многих это стало неожиданностью.

Свои замыслы Голощекин осуществлял на базе насильственной коллективизации, которая включала принудительное оседание и раскулачивание. Как утверждал Голощекин на VI Всеказахской партконференции 15 ноября 1927 года: «В ауле не было Октября, дореволюционные социально-экономические отношения почти не затронуты». Жестокая реальность - почти полная неготовность аула к чрезвычайной перестройке - тем самым игнорируется. Вся беспощадная правда приносится в жертву доказательствам объективной необходимости коллективизации в ее сталинской трактовке [1, с.12].

Сплошной коллективизации предшествовал ряд постановлений ЦК ВКП(б), СНК СССР, Казрайкома партии и Казсовнаркома определивших как бы правовую базу «перевода крестьянских хозяйств на рельсы социализма». Для всей республики без учета уровня развития и разнообразия хозяйственного уклада казахского народа единственной формой объединения крестьянских хозяйств была определена сельскохозяйственная артель (колхоз). Политика управления переходила от политики ограничения кулаков и баев к полной их ликвидации как класса. Идея экспроприации эксплуататорских хозяйств исходила из самой природы государства с его приматом классовых интересов.

Партийные организации Казахстана вступили на путь организации коллективизации и оседания кочевого аула, не располагая самым необходимым: теоретическими разработками и соответствующими обобщениями и наблюдениями. Все делалось спонтанно, волонтаристски, отсутствовал сколько-нибудь продуманный план действий, цифровые наметки, определявшие масштабы вовлекаемых в оседание, брались «с потолка». Да и сама идея «оседания на базе коллективизации» была высказана Ф.И. Голощекиным 9 ноября 1929 г., всего лишь год спустя после первого крупного удара по эксплуататорской верхушке аула (конфискации в 1928 г. Скота около 700 байских хозяйств).

Утвердилось крайне пренебрежительное отношение к кооперативной форме собственности и организации на ее основе производства. Идеи кооперирования начали проникать в Казахстан

еще в 1925-1926 годы. Началось осереднячивание крестьян. При ярмом сопротивлении баев и кулаков создавались первые сельхозартели и ТОЗы. Насильственная политика диктовала одно - «добиться полного высвобождения середняка из-под влияния байства, имамов и мулл... всех, извращающих директивы партии». Значительные средства и ресурсы имелись у нэпманов и кулаков, и поэтому большевики понимали: сделать это без прямого насилия невозможно. И приняли простое решение- ликвидировать кулачество как класс [2, с.261].

Ускоренная индустриализация требовала интенсивных финансовых вливаний, а сбор податей с разобщенных крестьян требовал много времени, труда и хлопот. Значит, надо много времени, труда и хлопот. Значит, надо было быстрым образом объединить их в колхозы и ТОЗы (товарищества по обработке земли) и обобществить их имущество. При сопротивлении, конечно же, применялась сила. В партии появились различные мнения по поводу развития сельского хозяйства. Сталин сумел навязать свою точку зрения, которая требовала абсолютного подчинения сельского хозяйства социалистической индустриализации.

Руководство коммунистической партии не хотело ждать терпеливо, приноравливаясь к частникам, работать. Оно хотело быстрого результата и осуществления планов пятилетки - за три года. Для ускорения процесса Голощекиным была придумана политика «советизации аула» и «Малого Октября в Казахстане», направленная на разжигание классовой розни и на истребление народа.

С началом коллективизации и внедрением оседлости борьба партийногосударственного аппарата со своим народом перешла в новое русло. Голощекин игнорировал социально-экономический уклад жизни казахов, и по его настоянию II сессия КазЦИК приняла решение провести в кратчайший срок массовое оседание на основе сплошной коллективизации. Руководство было уверено, что «оседание является крупнейшим достижением национальной политики партии в Казахстане» и «нанесет сильнейший удар по байству в ауле». Проводилась она высокими темпами, ход ее строго контролировался лично Голощекиным, за его подписью доводились контрольные цифры. Крайком партии обязал окружком к концу 1930 года завершить коллективизацию полностью [2, с.270].

Принципы добровольности и элементарная законность не имели никакого значения. Сплошь и рядом на сельских сходах вместо

обращения «Кто хочет вступить в колхоз?»- звучало «Кто против коллективизации?». В тех случаях, когда крестьянин не проявлял «доброй воли», к нему применялись такие «воспитательные меры», как имитация расстрела, раздевание на морозе и вожделение под конвоем по снегу через всю деревню, ледяные купания в прорубях. Распространенным было лишение избирательных и других прав. Рост кооперативного движения являлся главным экономическим препятствием усилению кулацкой опасности, кооперативные объединения при достаточной поддержке их государством должны были со временем перехватить инициативу у кулаков и баев в поставках основной товарной продукции- зерна и мяса.

Крайне тяжелыми последствиями обернулось так называемое раскулачивание, а точнее раскрестьянивание. В директивах, доведенных до местных органов, указывалось, что удельный вес ликвидируемых кулацких дворов не должен превышать в среднем 3-5 процентов крестьянских хозяйств. Но во многих районах подобного числа количества кулаков не набиралось. Однако на местах начинают подтягивать численность раскулаченных именно до верхнего предела. Подобные «достижения» имели очень простое объяснение: наряду с сугубо эксплуататорскими элементами раскулачивались зажиточные и середняцкие хозяйства.

Глубоко антигуманная идеология сталинизма многое объясняет и в той страшной трагедии, которая выпала на долю казахского аула. События здесь разворачивались в русле все той же пагубной идеи сверхфорсированной коллективизации, последствия, от реализации которой усугублялись извращениями по линии сельхоззаготовок и так называемого планового оседания кочевых и полукочевых хозяйств.

Руководство старалось распространить агитацию о том, что «нужно решительно усилить нажим на кулака и бая, на его упорное сопротивление ответить таким ударом, который бы привел к ликвидации кулацкого хозяйства».

Наиболее драматические события связаны с уродливой политикой ликвидации кулаков, баев как враждебного класса. Голощекин требовал от окружкома «провести зверский нажим на кулаков, баев, арестовать и конфисковать имущество».

Насильственное оседание, раскулачивание привели к массовому забою скота, уничтожению основных производителей хлеба, мяса отбросили назад сельскохозяйственное производство.

В 1929-1930 годы на большей части Казахстана случился неурожай и джут. Несмотря на это, в ноябре 1929 года Центральный Комитет партии принял решение форсировать темпы коллективизации и перевод кочевых хозяйств на оседлость. Перед сельским хозяйством Казахстана была поставлена задача - начиная с 1931 года, сдавать ежегодно 1,6 миллиона тонн зерна. Таким образом, предполагалось превратить кочевников в оседлое население. Для этого в центре республики был создан специальный комитет по обустройству новых земель. За осуществление этого замысла с энтузиазмом взялись местные власти во главе с Голощекиным [3, с.320].

В большинстве из созданных весной 1930 года коллективных хозяйств, отсутствовали не только жилые дома, хозяйственные постройки, но и необходимый сельхозинвентарь, а также пахотные земли. Не хватало кормов для животных, у многих согнанных в колхозы людей не было ни скота, ни личного имущества.

Ясно, что основная тяжесть по хлебозаготовкам пала на середняка и бедняка. Причем хлеб у многих был вычищен подчистую, до последнего зернышка. Обязательным планом хлебозаготовок облагались и казахские кочевые хозяйства, вообще не имевшие посевов. Они вынуждены были продавать свой скот и покупать зерно для поставок.

Такие действия вызвали справедливое возмущение крестьян. До недавнего времени причины этого объяснялись лишь злой волей кулачества, не желавшего «коллективизироваться» и «самоликвидироваться» в ходе хлебозаготовок. Но в основном ситуацию усугубляли неумелые, а иногда преступные представители государственных органов.

Перегибы в ходе хлебозаготовок, массовое возмущение крестьян заставили принять меры к исправлению наиболее грубых актов произвола и насилия. Голощекин диктует всем райкомам ВКП(б): «Крайком отмечает и другое безобразное явление, это отсутствие энергичной работы по выполнению хлебозаготовительного плана, прикрываясь боязнью перегибов, что означает правый уклон на практике...».

Однако хлебозаготовки в чрезвычайных условиях продолжались. В зиму 1930-1931 года на места стали поступать новые грозные указания заготовить хлеб «во что бы то ни стало». Тревожное положение складывалось и в животноводстве. С 1928 года началось резкое сокращение количества скота. Причины

были различными. Здесь, и имевшие место эпизоотии, и джут, унесший часть поголовья зимой 1929-1930 года, и увеличение внутрихозяйственного потребления мяса ввиду нехватки хлеба, и распродажа скота в связи с необходимостью выполнения плана хлебозаготовок, который распространяли и на кочевые хозяйства, и увеличения год от года плана мясозаготовок, и кулацко-байская провокация по убою скота перед вступлением в колхозы. В резолюции хлебозаготовок от 14 января 1929 года говорится: «Отмечая совершенно неудовлетворительную сдачу совхозами и колхозами запроданного хлеба на корню, предложить окружкомам принять меры к немедленному изъятию хлеба, привлекая виновных в не сдаче к судебной ответственности» [2, с.266].

Все эти действия привели к одному результату - катастрофическому сокращению поголовья продуктивного и рабочего скота, - основы благополучия и самой жизни шаруа и крестьян. Однако причины надвигающейся катастрофы руководство республики видело в одном - «злой воле» классового врага. Все просчеты в планировании мясопоставок, перегибы и ошибки ответственных органов, объективные и субъективные причины, таким образом, были сведены к вредительской деятельности кулачества и байства, а крестьянство, прошедшее якобы у них на поводу. Такой подход создавал условия для дальнейшего усиления нажима на него.

На заседании Бюро Казрайкома ВКП (б) от 11 октября 1929 года Ф.И. Голощекин говорил, что «правый уклон - это нарушение законов советской власти, а если это нарушение законов советской власти, то недостаточно снимать, а если вы сняли, то будьте любезны привлечь к судебной ответственности, а судебный аппарат будь любезен перестроиться на этой почве, потому что правый уклон это есть нарушение советской власти. Все это, товарищи не понято никем».

Применяя методы давления и «разоблачения», Голощекин глушил критику в свой адрес и адрес крайкома. Вместе с тем в период коллективизации он допустил крупнейшие просчеты, непростительные ошибки, которые привели к трагическим последствиям. Он не в состоянии был критически оценивать свою деятельность, прислушиваясь к советам своих коллег, к голосам коммунистов, трудящихся масс.

Причину разразившейся в республике трагедии он видел лишь в происках врагов, отсталости аула и «извращении партийной

линии и политики Советской власти аульными партийно-советскими органами», т.е. виноваты во всем были мелкие чиновники, да и сами пострадавшие шаруа. Он также выдвинул «теорию» о том, что перегибы и извращения имели естественный характер, проистекавший из законов классовой борьбы, что при социалистическом строительстве издержки неизбежны [2, с.274].

Перегибы и извращения нашли свое отражение в повсеместном упадке сельскохозяйственного производства. Масштабы голода, вызванного перегибами в скотоводстве и при обобществлении скота в колхозах. Были воистину страшными. Положение усугубилось неурожаями, которым в течение нескольких лет были подвержены хлебосеющие районы. Гонимые нуждой людские массы растекались по городам, поселкам, станциям, деревням и кишлакам с единственной целью - выжить.

Подводя итоги драматических событий коллективизации 20-30-х годов, хотим сказать, что, учитывая тяжкие ошибки прошлого, необходимо изучать и исследовать их объективно, более углубленно раскрыть предпосылки и механизм казахстанской трагедии.

ЛИТЕРАТУРА

1 Нурбетова Г. Кровавый террор: насильственная оседлость и коллективизация. - // Былые годы. – М. – 2012.

2 Голощекин Ф. И. Казахстан в социалистической стройке // Партийное строительство в Казахстане: сборник речей и статей (1925-1930 гг.). – М. Алма-Ата: Государственное издательство РСФСР, 1930. – С. 260-344.

3 Muratovna, B.A., Serikbayevna S.S. Legal culture of soviet Kazakhstan//Journal of Environmental Treatment Techniques.-Volume 8, Issue 1, 2020. – Pages 319-322

БІР ЖӘДІГЕРДІҢ ТАРИХЫ: Н. А. ТІЛЕНДИЕВТІҢ САҒАТЫ

ДОНЕНБАЕВА А. Н.

Қазақстан Республикасының Президенттік орталығының жетекші сарапшысы, Астана қ.

Мақала Қазақстан Республикасы Президенттік орталығының «Бір жәдігердің тарихы» жобасы аясында дайындалған. Бұл жоба тарихи-мәдени маңызы зор жеке экспонаттарды зерттеуге және қалың жұртшылық алдында осы зерттеулерінің нәтижелерін

насихаттауға бағытталған. Өйткені әрбір музей заты бірегей, әр заттың артында тұтас тарих – жеке адамның немесе бүкіл елдің тарихы болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президенттік орталығының музейлік жинағын қалыптастыратын дипломатиялық сыйлықтардың арасында шағын әрі өте құнды естелік сыйлықтар бар. Осындай раритетті жәдігерлердің бірі – композитор, дирижер, КСРО және ҚазССР халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Халық қаһарманы Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің сағаты.

Ғасырлар бойы адамзат уақыттың мәнін түсінуге тырысты. Уақыттың өтуіне әсер ете алмасак та, біз оны өлшей аламыз. Ол үшін адамзат әртүрлі дәуірлердің куәгерлері болған таңғажайып құрылғылар – уақыт сақтаушы сағаттарды ойлап тапқан.



Сурет 1 – «Восток» кол сағаты

«Восток» кол сағаты. 17 лағыл тастағы қолмен құрастырылған механикалық сағат. Корпусы дөңгелек, классикалық пішінді, алтын жиегі бар хроммен қапталған. Циферблатында «Восток», «Сделано в СССР» және «17 камней» деген жазбалары бар. Қара түсті былғары бауымен.

Сағатты Нұрғиса Атабайұлының достары 1985 жылы композитордың 60 жылдық мерейтойына сыйға тартқан. Бұл XX ғасырдың ортасында өндірілген, кеңес дәуіріндегі танымал «Восток» Чистополь сағат зауытының кол сағаты. Тарихы 1941

жылдың күзінен басталған «Восток» Чистополь сағат зауыты КСРО-ның ең үздік сағат брендтерінің қатарына жатады. Чистополь зауытында қолданылған технологиялар кеңестік өнеркәсіптің мақтанышы болып саналды. 1950 жылдан бастап Чистополь сағаттарында жеке секундтық диск, дөнес линза, күнді көрсету дискісі болды. Ерлер мен әйелдердің қол сағаттарын құрастыруда күрделі механизмдер жаппай қолданылды. Кәсіпорын майдан қажеттіліктері үшін жұмыс істейтін зауыт ретінде құрылса да, 1943 жылдан бастап бейбіт өнімдер де шығара бастады. Бұл КСРО-дағы алғашқы «Кировские» қол сағаттары болды. Соғыс аяқталғаннан кейін зауыт негізгі өніміне айналған механикалық қол сағаттарын шығаруға кірісті. Чистополь сағаттары халықаралық мойындауларға да ие болды: 1952 жылы Миландағы халықаралық көрмеде, 1962 жылы Лейпциг халықаралық көрмесінде «Восток» сағаты үлкен алтын медальмен марапатталды [1].

Сыйлықтар тарту дәстүрінде олардың өзіндік иерархиясы бар. КСРО-да сағатты сыйға тарту шектеулі адамдардың артықшылығы болды. Бұл әсіресе белгілі сағат зауыттарының өнімдеріне қатысты. «Восток» сағаттарын Кеңес Одағының саяси көшбасшылары мен танымал адамдарынан бастап, қарапайым азаматтарына дейін таққан. Өткен дәуірдің жаңғырығы ретінде сағаттың артқы қақпағында «Нургиса! В день 60-летия. Нургмет. 1985 г.» деген сыйға беру туралы сөздерді оқимыз. Бұл нақыштап жазылған естелік жазба сағатқа жеке даралық қасиет беріп тұрғаны сөзсіз. Өткеннің әрқашан адамдарды қызықтыратын тартымды құпиясы бар. Әсіресе, тынымсыз бағыты өмірдің өтпелілігін еске түсіретін сағаттар. Көптеген аға буын өкілдері үшін «Луч», «Заря», «Ракета», «Слава» немесе «Восток» сияқты сағаттар өткен дәуірді еске түсіретіні сөзсіз. Кеңес заманында олар күнделікті өмірде қолданылатын қажеттілік болса, қазіргі таңда сирек кездесетін, коллекциялық экспонаттарға айналған.

Дирижер, композитор, виртуозды музыкант, Ұлы Отан соғысының ардагері, КСРО Халық әртісі, ұлы ұстаз, дарынды басшы мен ұйымдастырушы – мұның бәрін қазақ музыкалық мәдениетіне өшпес із қалдырған Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев туралы айтуға болады. Ол 500-ден астам төл туындылардың авторы. Осынау мол мұраның жанрлық бағыттары да қайран қалдырады: ән, күй, романс, увертюра, поэма, кантата, опера, балетке арналған музыка. 40 астам пьесаға, 19 фильмге, 17 мультфильмге музыка жазған. Оның «Аққу», «Ата толғауы», «Әлкисса» күйлері, «Саржайлау»,

«Алатау», «Ақжайық» әндері мен «Менің атым Қожа», «Қыз Жібек», «Алпамыс мектепке барады», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Ақсақ құлан» фильмдеріне жазған музыкасы қазақ өнерінің классикасына айналған.

Нұрғиса Тілендиев (1925-1998 жж.) Алматы облысының Іле ауданына қарасты Шилікемер ауылында музыканттар отбасында дүниеге келді: әкесі Тіленді шебер домбырашы, күйші, ал анасы Сәлиха ән салып, аккордеонда ойнаған. Нұрғисаның алғашқы шығармашылық тәлімгері әкесі болды, ол оған домбырада ойнауды үйретіп қана қоймай, музыка мен қазақ халқының төл өнеріне деген сүйіспеншілігін оятты. Осылайша, ерте балалық шақтан бастап болашақ дарын иесінің шығармашылығының негізі қалыптаса бастады деуге болады.

Жас таланттың өмірінде белгілі музыкатанушы және композитор Ахмет Жұбанов көрнекті рөл ойнады. Олардың алғашқы кездесуі кездейсоқ болған еді. Жұбанов сол кезде жаңа құрылып жатқан домбырашылар ансамбліне (кейінірек Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі) музыканттар іздеуде еді. Жұбанов Алматы қаласына көшіп келген Тілендиевтер үйінің жанынан өтіп бара жатып, домбыраның дыбысын естиді. Аспапта ойнаған жас баланы көріп, таң қалған композитор Тілендиевтердің үйіне кіріп, бірнеше сағат бойы Нұрғисаның күйін тыңдайды және оны өзі сабақ беретін музыкалық училищеге шақырады. Осылайша жас домбырашының керемет талантын тани білген Ахмет Қуанұлы оның музыкалық тәлімгеріне айналады. Ең үздік оқушысы ретінде Нұрғисаға өз домбырасын сыйға тартады. Жетекшісі Ахмет Жұбанов болған Құрманғазы атындағы қазақ халық аспаптарының оркестрінде Нұрғиса он екі жасында концертмейстер, он төртінде – дирижер көмекшісі болып тағайындалады [2]. Бұл әлемдік музыка өнерінде өте сирек кездесетін жайт екені сөзсіз.

Жас дарынның өнер жолындағы қадамдарын Ұлы Отан соғысы уақытша тоқтатты. Соғыс басталғанда құжат бойынша жасын ұлғайтып көрсеткен ол, 1943 жылы өз еркімен майданға аттанады. Тілендиевтің жауынгерлік жолы Курскіден Берлинге дейін өтті, үш рет жараланды, бірақ барлық сынақтарды абыроймен өтіп, елге «Ерлігі үшін» және «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен аман-есен оралды.

Соғыс аяқталған соң, 1947 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түседі, үшінші курста П.И. Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясына

ауысып, 1952 жылы оқуын дирижерлік класы бойынша үздік тәмамдайды. Консерваторияны аяқтап, Мәскеуде Үлкен театр сахнасында тағылымдамадан өткен соң, елге оралып, еңбек жолын Абай атындағы Қазақ академиялық опера және балет театрының дирижері болып бастайды (1952-1961 жж.). 1961-1964 жылдары Құрманғазы атындағы қазақ академиялық халық аспаптары оркестрінің бас дирижері, 1968-1981 жылдар аралығында «Қазақфильм» киностудиясының музыка редакциясының бас редакторы болды [2, 19 б.].

Н.А. Тілендиевтің шығармашылығында және Қазақстанның музыкалық мәдениетінде 1982 жылы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің құрылуы айтулы оқиға болды. Осы уақыттан бастап өмірінің соңына дейін Нұрғиса ансамбльдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері болды. Шын мәнінде, «Отырар сазы» оркестрі – Тілендиевтің туындысы және оның композиторлық, орындаушылық, дирижерлік шығармашылығының шыңы болып табылады. Оның қазақ халқының ежелгі музыкалық аспаптарына, халық музыкасы мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігі фольклорлық-этнографиялық оркестр құруда қозғаушы күшке айналды. Маэстро оркестрге музей экспонаттарына айналып, ұмыт бола бастаған қазақтың асатаяқ, жетіген, саз-сырнай, сыбызғы, тұяқтас, үскірік, шанқобыз, шертер сияқты көне музыкалық аспаптарын алғаш енгізді. Композитордың таланты, музыкаға деген жаңа көзқарасы арқасында көне халық аспаптары өзінің бірегейлігін жоғалтпастан, жаңа тәсілдермен шырқалды.

Дәл осы тарихи ауқымдағы оқиғаларға толы кезеңде достары Н.А. Тілендиевке туған күніне «Восток» сағатын сыйға тартқан еді. Бұл сағат отандық музыкада өшпес із қалдырған композитор өмірінің ең жарқын және маңызды кезеңдерінің бірі – өткен ғасырдың 1980 жылдарында «Отырар сазы» оркестрінің құрылған уақыты туралы куәландыратын шынайы ескерткіш болып табылады.

Қазақстан халқы композитордың шығармашылығын әрдайым жоғары бағалады. 1998 жылдың тамызында, өмірден озар алдында Нұрғиса Тілендиев «Халық Қаһарманы» атағымен марапатталды. Бұл оның қазақстандық өнерге сіңірген ерен еңбегінің лайықты мойындалуы еді.



Сурет 2 – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Н.А. Тілендиевті «Халық қаһарманы» атағымен марапаттау сәті. Алматы, 24.08.1998 ж. (Президенттік орталықтың архив қорынан)



Сурет 3 – Солдан оңға қарай: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, композитор Н.А. Тілендиев, композитордың жұбайы, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Д. Тілендиева. Алматы, 24.08.1998 ж. (Президенттік орталықтың архив қорынан)

Аталған сағатты композитордың өмірлік серігі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Дариға Тілендиева ұлы тұлғаның шығармашылығына әрдайым қолдау көрсетіп келген Н.Ә. Назарбаевқа 1999 жылы 30 шілдеде Алматы қаласында өткен кездесуі кезінде сыйға тартқан. Қазақстандық музыка мәдениетінің

тарихына есімі алтын әріптермен жазылған, сан қырлы талантымен, әуен-сазымен қазақ даласын тербеткен бірегей дарын иесі – Нұрғиса Тілендиев өмірінің кейбір сәттеріне куә болған сағат қазіргі таңда музей жинағының жауһарларының біріне айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 История ЧЧЗ Восток [Электрондық ресурс]. – URL: <https://vostokwatch.ru/istoriya-zavod-vostok> [жүгіну күні 05.07.2023 ж.].
- 2 Қыдырбек Б. Қазақтың ұлы Нұрғиса. – Алматы, Санат, 1999, 248 б.
- 3 Исакова Г.Н. Национальные истоки песенного творчества Н. Тлендиева. – Алматы, 2012, 148 б.

Г.Н. ПОТАНИН АТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ ҚОРЛАРЫНДАҒЫ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ ҚОРЛАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫ (ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН)

ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж.

т.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КУЛУМБАЕВА М. Ж.

магистр, аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АУБАКИРОВ М. Н.

магистр, оқытушы, Торайғыров университеті Жоғары колледжі, Павлодар қ.

2022-2023 оқу жылының екінші семестр бойы «Жоба 1 (Мұражайлардағы мұрағаттық құжаттармен жұмыс істеудің негізгі дағдылары)» пәні бойынша Тар-301 тобының студенттері Г.Н.Потанин атындағы тарихи-өлкетану мұражайларына, оның филиалдары мен қорларына және Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатына (ПОММ) барып, белсенді ізденіс жұмыстарын жасады. Жұмыс жасаған кезде студенттердің ғылыми және тәжірибелік іс-әрекеттегі дағдылары дамытылды.

Жалпы осы пәнді меңгергенде студенттер ғылыми біліммен танысты, олардың дайындығы мен зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндігі курстық жұмыс арқылы көрсетілген.

Курстық жұмыс - теориялық және терендетуге бағытталған оқушылардың тыңдау процесінде алған қолданбалы білімдері дәрістік курстарда, практикалық сабақтарда ғылыми-зерттеу


жұмысының дағдыларын меңгеру және басылымдарды дайындаудың алғашқы тәжірибесін алу.

Біз бірнеше жұмыстарын назарларыңызға ұсынамыз. Мысалы, Бейсенбі Толғанайдың курстық жұмысы «Ақтоғай ауданының тарихы». Бұл тақырыпты алған себебі - ол өз туып өскен жерінің қалыптасу тарихы қызықтырды. Бірінші тарауда Ақтоғай ауданының тарихы туралы мәлімет зерттелінген. Екінші тарауда Ақтоғай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы қарастырылған. Бұл тақырыпты зерттеу барысында Бейсенбі Т. Потанин атындағы мұражайындағы қорларда келесі деректермен жұмыс жасады: 1. Куйбышев ауданының №8 шкафтағы, «Краснокутский район» деп аталатын құжаттың, нөмірі үшінші сөредегі 222-іс тізбесі; 2. «Актогайский район (б. Краснокутский)» деп аталатын құжаттың №8 шкафтағы, нөмірі үшінші сөредегі 16-іс тізбесі [1]. Және сонымен қатар, Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатында жұмыс жасаған қорлары: 919,1271,565 [2]. ПОММ-да жұмыс жасаған кезде Бейсенбі Т. Ақтоғай ауданының тарихы жайлы көп жерде кездеспейтін деректер тапты. Мысалы, бұрын «Ветловая гора» аталған (1900 жылдары) ауданның үлкен елді мекенге айналуына өздерінің үлестерін қосқан, ауданнан шамамен 45-50 шақырым жердегі «Тайқоныр» тұзды көлінің тұрғындары ағайынды Токтас, Токтамыс деген байлардың кәсібінің ықпалы болған. Олар көлдің тұзын игеріп, осы пристань арқылы Омбыға жеткізіп, сауда жасаған. Бұл жайлы интернет ресурстарында ақпарат табылмайды, тіпті ауданды зерттегендердің еңбектерінен кездестіре алмаймыз, бұл деректі Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатында жұмыс жасаған кезде анықтадым деп жазады студент.

Келесі студенттің Омар Әнианың курстық жұмыстың тақырыбы «Мәшһүр Жүсіп Копеев мұражайы». Мұражайдағы бағалы қолжазба туындылары мен ғылыми танымдық жәдігерлермен танып, рухани құндылықтарды ғылыми түрде қарастырып, өзіндік сана ретінде тәлім тәрбие беруде атқаратын рөлін талдау жасалынды. Ғылым жолында болған жерлерін зерттеп, заттай рухани құндылықтарының маңыздылығын зерттеп түсінік берілді. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы рухани адамгершілік тәрбиесінің мәселелерін осы уақытқа дейін әр ғылым саласы өзінше қарастырып келеді. Жалпы дүниетаным әлемі сан алуан болғандықтан ғылым саласы өзіндік қызығушылығын табуда. Сондықтан, Мәшһүр Жүсіп ғылымы шеңберінде талдау жасап – заттай тарихи құндылықтары бойынша негізгі еңбектер туралы түсінік берілді.

Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорларында жұмыс жасағанда, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің арабша, парсы, тіліндегі қолжазбалары мен ғылым жолында болған жерлері, Бухара Калян мешіті суреттері. Сонымен қатар мұражайдың ашылуына мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың бұрындығымен ашылғаны жайлы деректер таптым. Және де Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мемориалдық мұражайына барған кезде ұлы Абайдың әкесі Құнанбай қажының мекеден әкелінген құранын, өзі қолданған жеке заттарын көру, сонымен ұлы Абаймен Жидебайда кездескені жайлы деректер жаңалық болды деп жазады студент [3].

Омар Әниля 2023 жылғы «XXIII Сатпаев оқуларына» өз нәтижелерін ретке келтіріп, халықаралық конференцияға қатысып, «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұражай қорларынан алынған құнды мәліметтер» атты мақаланы ұсынып, 1 орынға ие болды (жетекші Ельмуратова Б.Ж.).



Сурет 1

Мұқатай Әмірханның тақырыбы «Павлодар қаласындағы Қалалық Саябақ кеңістігінің тарихы». Курстық жұмыста Павлодар қаласының ең көркем жерлерінің бірі Қалалық Саябақ (Горсад) жайлы баяндалады. Кеңес заманындағы Павлодар қаласында өтіп жатқан діни және мәдени саясатты Қалалық Саябақтың тарихынан көре аламыз. Жалпы, Павлодарлық Қалалық Саябағының кеңістігінің тарихынан біз бір қоғамдық орынның мысалында кеңес заманында өтіп жатқан идеологиялық саясатын түсінуге болады.

Павлодар қаласындағы Қалалық Саябақтың тарихын жан-жақты қарастыру үшін осы жұмыстың авторы Бектурова 62/1 көшесінде орналасқан Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаттағы Павлодар облысының мәдениетіне арналған № 400 фондтың бірінші және үшінші тізімдемелеріндегі істермен жұмыс істеген [4]. Сонымен қоса осы курстық жұмысты жазу барысында Потанин атындағы тарихи өлкетану мұражайының қорындағы №11 шкафтағы 4 сөресіндегі № 25, № 26 және № 27 папкалармен жұмыс істеді [5]. Осы жұмыстың жаңалығы Павлодар қаласындағы Қалалық Саябақтың тарихындағы кеңес идеологиясының рөлін, оның саябақтың өміріндегі көрінісін, осы саябақтың кеңес заманында өткізіліп жүрген іс-шараларын қарастырып зерттеуінде болды.



Сурет 2

Жалпы, Тар-301 тобының барлық студенттері (11 бала) мұрағат және мұражайдың қорларында белсенділік танытып, өз тақырыптары бойынша керекті, қызықты мәлімет тауып, курстық жұмысты ойдағыдай жазып, жоғары дәрежеде қорғады.



Сурет 3

Сонымен, студенттер қорлардағы жұмыс жасау барысында әр түрлі тарихи деректермен танысып, олардан қоғамдық құбылыстар мен процестер туралы шынайы мәлімет алды. Зерттеушілердің назарында деректің пайда болу проблемасы және дерек авторы, олардың шығу және жасалу тарихы, олардың мазмұнын талдау және түсіндіру, деректердегі сақталынған мәліметтердің толықтық, шынайылық деңгейін анықтау мәселелері болды. Бұл пән арқылы алынған дағдылары, дипломдық жұмысты жазу барысында үлкен көмек болады деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Павлодар облысының Г.Н.Потанин атындағы тарихи өлкетану мұражай қорлары:

а) Куйбышев ауданының тұрақты сақталатын №6 таңбадағы, «Краснокутский район» деп аталатын құжаттың, нөмірі үшінші сөредегі 222-іс тізбесі;

б) «Актогайский район (б. Краснокутский)» деп аталатын құжаттың № 1-4 аралық таңбадағы, нөмірі үшінші сөредегі 16-іс тізбесі.

2 Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ) - Қ. 919, Т.1, І.23, Б.19-20; ПОММ - Қ. 1271, Т.1, І.114, Б.7; ПОММ - Қ. 565, Т.3, І.27, Б.10.

3 Павлодар облысының Г.Н.Потанин атындағы тарихи өлкетану мұражайы 2/2 Көпеев М.Ж. шкаф 5,сөре.

4 Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ). Қор №400, тізім №3, іс №12, 16 бет.

5 Павлодар облысының Г.Н.Потанин атындағы тарихи өлкетану мұражайының қоры, №11 шкаф, 4 сөре, папка №25, 26, 27.

АБАЙ – ШӘКӘРІМНІҢ ШАБЫТТАНДЫРУШЫСЫ, ЖӘНЕ РУХАНИ ЖЕТЕКШІСІ

ЖҰМАН Б. Б.

магистрант, Философия және психология факультеті, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

ЖУСУПОВА Б. Ж.

ғылыми жетекші, PhD, профессор ассистент

Абай және Шәкәрім. Екі тұлға. Екі алып. Тарих беттерінде де, әдебиетте де айтарлықтай өзіндік орыны бар, қазақтың маңдайына біткен, бағына бұйыртып туған, біртуар азаматтар. Олардың өмір жолы қалай бір арнада тоғызса, шығармалары да бір бағытта сабақтасқан. Қозғайтын тақырып, ондағы негізгі ой, мақсат, түйін, мән. Барлығы үндесіп, ұштасып жатыр.

Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден Шәкәрімнің әкесі Құдайберді туса, Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжаннан ұлы ақын Абай туған. Сонымен, Шәкәрім – Абайдың немере інісі.

Абайдың:

«Атадан алтау,

Анадан төртеу,

Жалғыздық көрер жерім жоқ» [2,73], – деген, өлең жолдарындағы алтаудың біреуі – Құдайберді. Құдайберді Шәкәрімнің жеті жасында қайтыс болады, содан Шәкәрім атасы Құнанбайдың бауырында өскен. Шәкәрім «Кешегі тірі жүрген екен қайда?!» деген, әкесінің өлімін мұңая есіне алатын өлеңін әжесіне оқып бергенде «бұдан былай өлең шығарма, ол ірі тұқымның айналысатын ісі

емес» деп, тыйым салыпты. Осы жерде Абай: «жастың талабын шектемендер», – деп Шәкәрімге ара түсіпті. «Осы қолдау менің ақын болуыма тікелей әсер етті» деп Шәкәрім ұдайы айтып жүреді екен. Құдайберді өлерде Абай оған: «Балаларыңды әке орнына бағу қарызым болар, жетімдік көрсетпеспін» деп, ант еткендей болған екен. Айтқанындай, Абай содан бері Құдайбердінің балаларын өзімен бір туысқан Оспаннан да, тіпті бауыр еті өз балаларынан да қатты еркелететіні Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында нақтылап айдан анық айтылған. Қаршадайынан-ақ ерекше зеректік танытқан Шәкәрімді Абай өз қамқорлығына алып, ақындық өнерге баулыды. Абайдың тұлғалық, ақындық үлгісі – Шәкәрімнің өмірлік шабыттандырушы бейнесі. Рухани жан дүниесі бай, дана тұлғаның тағлымды тәрбиесі ақынның даналыққа күштар, парасатты ой иесі, талантты ақын әрі қайталанбас тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпал етті.

Абай – Шәкәрімнің өмірлік ұстазы, шабыттандырушысы және рухани жетекшісі. Абай жас ақынның әр өлеңін саралап, сынап, ақын болып жетілгенінше ұштап отырған. Бұл туралы, сол заманның куәгері, «Абай жолы» романының авторы, талантты жазушы Мұхтар Әуезов Ұлы Абайдың маңайына шоғырланған талантты жастар туралы айта келіп, былай деп жазады: «... Ондай ақын төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары, мұның екеуі де 1904 жылы Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың толық мағыналы шәкірттері» [1, 56]. Жазушының айтқан төрт ақынының ішіндегі ірісі Шәкәрім. Шындығында да Шәкәрім Абайдың ең талантты әрі ең мол мұра қалдырған таланты шәкірттерінің бірі. Бір әулеттен қос бірдей ұлы ақын, ақын ғана емес, философ, сазгер, қайраткер адамның шығуы бұл әулеттің тектілігінің, атаның бойындағы тазалықтың белгісі.

Тақырып, мазмұн, мағына жақтарынан карағанда ұстаз бен шәкірттің өлеңдері, қарасөздері ұштасып жатады. Ұстазының тәлімдік, тәлімгерлік таланты шәкіртінің сегіз қырлылығында өз көрінісін табады. Абай шығармасында кездесетін, өзіне дейін қазақ мәдениетінде ұшыраспайтын құбылыстарды дамыта білген. Қазақ халқының этногенезі туралы Абай екі ауыз сөз қалдырып, сол сөзінде этногенезді зерттеу бағдарын анықтаған. Ұстазының тапсырмасымен Шәкәрім 19 жасынан мәліметтерді жинақтап, мазмұн және форма жағынан ерекше «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресін» құрастырған. Өзге дәстүрлі шежірелерден айырмашылығы – тек қана жүздер мен рулардың пайда болуы

туралы аңыздардың жазба түрдегі жинағы емес, бұл автордың қазақ елінің тарихи санасын, ұлттық сезімін жоғары көтеретін тәлімдік ойлар қорытындысы еді.

Абайдың «Қарасөздері» – қазақ философиясының негізгі ой толғанысы болса, Шәкәрімнің «Үш анығы» – қазақ философиясының шыңы іспетті. Форма жағынан қарастыратын болсақ Абай туындысы әдеби эссе, ал, Шәкәрімнің «Үш анығы» – трактат. Екі ойшылды да қызықтырған ортақ тақырып жан мәселесі.

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын

«Өлді» – деп ат қойыпты өңкей білмес.» [2,89] – деген Абайдың пікірін Шәкәрім түрлендіреді. Оның тұжырымында дүниедегі барлық нәрсенің жаны бар, жан өлмейді, өзгереді, өзгерген сайын өседі, жоғарылайды: сезімді жан (инстинкт), аңғарлық жан (сана), ойлайтын жан (ой), ақылды жан (ақыл). Жан мәселесін қарастырғанда Шәкәрімнің буддизм қағидаларымен таныс болғаны шығармаларынан белгілі. Көктайдың айтуынша, өз кезеңінде Абай буддизм негіздерін зеттеп үлгермедім деп өкінген екен. Абай мен Шәкәрім екеуіне ортақ ой – негізгі діни қағидаларды жоғары рухани-құлықтық (моральдық) қағидалар ретінде түсіндірген.

Шәкәрім Абайды ұстаз ретінде өзі ғана меншіктемей, бар қазақ баласын Абайды тануға, Абайдан үйренуге, одан үлгі алуға шақырды. Ол туралы ақынның алғашқы өлеңдерінің бірі «Жастарға» өлеңінен байқауға болады:

«Кел жастар, біз бір түрлі жол табалық,

Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік.

Бір білімді данышпан жан табалық,

Ал, енді олай болса, кімді алалық,

Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?

Шын іздесек – табармыз шыны ғалым,

Жалыналық Абайға, жүр, баралық,

Білімді сол кісіден ізденелік!

«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.

«Өмір зая болмастық өнер үйрет,

Ақылыңды аяма бізге» делік.

«Көп қуға көзіңізді сүзбе» делік!

«Ұқпас деп бізден үміт үзбе» делік!

«Залымдар заң үйретіп адастырды,

Бізді сал жөнделерлік ізге» делік!» [3,79] – деп жазады. Бұл кезде Шәкәрім 19 жаста болатын. Ақын өлеңін одан әрі жалғап былай дейді:

«Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
 Әртүрлі асылы көп өтпей жатқан.
 Тегін білсең –аласың, бос береді,
 Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.
 Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
 Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.
 Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
 Мына заман көрсетер бізге тарлық!
 Өзің біліп біреуге қылсаң жарлық,
 Асыл сол –ақыл, білім бойда барлық.
 Айла, өтірік, арысздық өнер емес,
 Мен де анаудай болсам деп таласарлық.
 Үлкендерде мінез жоқ танданарлық,
 Олардың қылған ісі – ұрлық-қарлық.
 Арам ойды ақыл деп ардан күсіп,
 Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?
 Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық
 Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
 Амалы жоқ, айналды енді бізге,
 Күн туды етегіне жабысарлық» [3,102].

Абай мен Шәкәрім философиясы қазақ философиясының қос биігі. Мәселен, қазақ дүниетанымында ақыл категориясына Шәкәрімдей ден қойып, тоқталып, оның табиғатын аша білген ақын жоқтың қасы. Осы бір үзіндінің өзінде «ақыл» сөзі бірнеше рет қайталанады. Оның шығармаларындағы «таза ақыл», «жанды ақыл», «азат ақыл», «анық ақыл», «саяз ақыл», «аз ақыл», «сау ақыл», «арлы ақыл», «мас ақыл», «шын ақыл», «еркін ақыл», «өз ақыл», «мол ақыл», «ақыл-айна», «ақыл-нұр», «жайлы ақыл», «толық ақыл», «терең ақыл» деген сияқты тіркестер Шәкәрім дүниетанымындағы ақыл категориясына терең бойлай білгендігінің көрінісі.

Шәкәрім Абай шәкірттерінің арасындағы басқасынан гөрі ғұмыры ұзақ болғаны ғана емес, артына ең мол мұра қалдыра білгені де. Оның поэзиясы, оның дүниетанымы турасында, Абайдың ақындық дәстүрінде туған. Құнарлы топырақтан нәр алған қуатты әрі бай поэзия. Ақынның дастандары мен лирикалық шығармаларында қараша халқының өткені мен бүгінгінің ізі сайрап жатыр. Алапат рухани күш-қуат, ширақ сезім, терең мұн, ауыр қайғы, жан рахаты

мен мөлдір сезім, ар мен ұят, адамдық пен адалдық – бәрі-бәрі Шәкәрім поэзиясының өне бойынан өз орнын тапқан. Бір сөзбен айтқанда оның шығармалары өз заманының бет-бейнесі, айнасы болды, бірақ ол кез келген құбылысты талғаусыз бейнелей берген жоқ. Оның шығармаларынан шынайы поэзияға, кемелденген кең құлашты талантқа тән айрықша белгі болып табылатын ой жүйесінің қарапайымдылығы мен ұғынықтылығы айқын аңғарылып тұрады. Шәкәрім шығармаларындағы шыншылдық – Абай мектебінен бастау алған тәлімнің нәтижесі, оның шығармаларындағы халықтық сипат, әлеуметтік астар, тақырып өзектілігі, арқалаған жүгінің ауырлығы, адам мен қоғам мәселелерін бірлестікте бейнелей алу шеберлігі, көркемдік және жаңашылдық ізденістер нәтижесі. Абай дүниеге әкелген көркемдік тәсілдің бек орнығуына, ұлттық әдебиетімізден ойып тұрып өз орнын табуына, құлаштап өркен жоюына Шәкәрім өзінің қоғам бейнесін бояусыз бейнелеген алып жырларымен өлшеусіз зор үлес қоса білді. Бұл да бір Шәкәрім шығармашылығының шығар биігін нұсқай алды.

Шәкәрімнің терең мағыналы шығармашыл мұрасының өн бойынан Абайдың реалистік сарыны, көркемдік, эстетикалық танымының әсері үнемі белгі беріп отыратыны да ұстазының шәкірт санасына сіңіре білген Ұлы Абай ақындық мектебінің жемісі.

Ойымды қорытындылай келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын болсам, Абай Шәкәрім шығармашылығының бастауы, дүниетанымын қалыптастырушы, шабыттандырушы дара тұлға. Абай дүниетанымы, оның сөз саптауы өте күрделі терең мағынаға ие. Оны ә дегеннен түсіне салу оңай олжа болмақ емес. Оны түсінудің төте жолы Шәкәрімді оқу. Абай Шәкәрім дүниетанымы бір-бірімен үндескен, сабақтасқан, толықтырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай жолы // Мұхтар Әуезов. —Алматы: «Фолиант», 2021. – 1874 б.
- 2 Қалың елім қазағым... // Абай Құнанбайұлы. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 85 б.
- 3 Шәкәрім шығармалары // — Алматы: Жалын, 1988. — 580 б.

ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА КАК СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА

КАРАГИЗОВА Г. Б.

к.и.н., Президентский центр Республики Казахстан, г. Астана

Ключевым политическим событием года любого государства является послание президента народу, которое определяет стратегические приоритеты развития страны. Послание справедливо воспринимается не только как важнейший документ, определяющий ключевые тренды политического сезона, но и модель развития государственности в сложный, переходный период развития страны. Например, многие послания президентов США стали дорожной картой развития Америки – «Новая свобода» В. Вильсона, «Новый курс» Ф. Д. Рузвельта, «Новые рубежи» Д. Кеннеди и т.д.

Традиция ежегодных посланий президента в Казахстане уходит своими корнями в 1996 год. За эти годы они стали своеобразным феноменом социальной инженерии высшего должностного лица и народа.

Послания Президента Казахстана К. Токаева заложили новые парадигмы государственного строительства в республике. Через все послания красной нитью проходят идеи формирования эффективного государства с сильным гражданским обществом, нового гуманитарного измерения государственной политики, безоговорочной ставки на человеческий капитал.

К. Токаев сформировал новую политическую традицию в стране – начинать первую сессию Парламента после летних каникул с Послания народу. Открывая новый политический сезон Президент не только определяет ключевые тренды предстоящего года, но и анализирует результаты уходящего. Таким образом, каждое из посланий становится своеобразной отправной точкой дальнейшей нормотворческой деятельности высшего представительного и законодательного органа, а также генеральной линией – для исполнительных органов власти.

В первом Послании «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» (2 сентября 2019 г.) К. Токаев чётко обозначил главную цель политических преобразований. Основой стабильности, по мнению Президента, должна стать формула политической системы «Сильный Президент – влиятельный Парламент – подотчетное Правительство». Заявленная

им концепция «Слышащего государства», представляющая постоянный диалог власти и общества, нацелена на формирование гармоничного государства, «встроенного в контекст современной геополитики». В Послании Глава государства выделил пять основных блоков, таких как современное эффективное государство, обеспечение прав и безопасности граждан, развитая и инклюзивная экономика, новый этап социальной модернизации, сильные регионы – сильная страна.

В целях реализации ключевых положений Послания был принят комплекс НПА (Административный процедурно-процессуальный кодекс, Кодекс «О здоровье народа и системе здравоохранения», Закон «О статусе педагога», Закон «О мирных собраниях», поправки в Уголовный кодекс РК, Закон «О внесении изменений и дополнений по вопросам государственной службы и противодействию коррупции», Концепция развития гражданского общества до 2025 года и т.д.), а также разработаны сроком на 5 лет госпрограммы (индустриально-инновационного развития, «ДКБ-2025», «Денсаулык», развитие регионов и т.д.). На создание развитой социально-экономической инфраструктуры и проведение справедливой социальной политики были направлены ряд новаций: с 1 января 2020 года субъекты МСБ на 3 года освобождались от подоходного налога; введен мораторий на проверки субъектов МСБ сроком на 3 года; заработная плата повышена учителям – на 25%, работникам культуры – на 35-50%, работникам социальной сферы – на 30-60%; студентам высших учебных заведений повышена стипендия на 25% и т.д. [1].

Следующее Послание было представлено общественности в достаточно непростых условиях и требовало оперативных ответов на острые болезненные темы, а также отражало комплексный подход и видение на среднесрочную перспективу. Послание «Казахстан в новой реальности: время действий» (1 сентября 2020 г.) определило антикризисный курс и приоритеты социально-экономического развития страны. Структурно масштабный программный документ состоял из 11 частей, но наибольшее внимание уделено трем важнейшим направлениям – госуправление, экономика и социальная сфера.

Позитивный резонанс в обществе вызвало реформирование системы государственной службы и особенно квазигосударственного сектора, вопросы поддержки бизнеса, защиты прав предпринимателей. Постепенному переходу к

сервисной модели государства, формированию открытого и эффективного госаппарата способствовали ряд реформ: созданы Министерство по чрезвычайным ситуациям РК, Агентство по стратегическому планированию и реформам с прямым подчинением Президенту РК, Агентство по защите и развитию конкуренции с прямым подчинением Президенту РК, Комиссия по реформе правоохранительной и судебной системы при Администрации Президента РК и т.д.; упразднен институт ответственных секретарей и т.д. Правительством оперативно реализовано два пакета антикризисных мер (более 4,5 миллионов казахстанцев, временно потерявших доходы, получили социальную помощь) [2].

Очередное третье Послание Президента страны «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» (1 сентября 2021 г.) озвучено в период нарастания региональной напряженности и продолжающегося в мире кризиса глобализации. В Послании прозвучали актуальные и своевременные инициативы, направленные на повышение уровня благосостояния общества. Представлены конкретные предложения и поручения Правительству, акимам и государственным органам на местах, начиная от регулирования цен на социально-значимые товары и продукты питания до создания в республике цифрового хаба, объединяющего самые современные цифровые технологии.

Реализация инициатив Президента страны стала реально ощутимой в обществе. Через «Отбасы банк» по программе «Нұрлы жер» выдано свыше 20 тысяч льготных займов на общую сумму около 230 млрд тенге. По программе «Бақытты отбасы» квартиры приобрели 4 216 семьи, по программе «Шаңырақ» – 11 087 семьи, по направлению «Строительство кредитного жилья» было выдано 4 987 займа. Свыше 1,7 млн граждан воспользовались своими пенсионными накоплениями для улучшения жилищных условий и решения социальных вопросов на сумму 3,1 трлн тенге. По итогам 2021 года 82 252 казахстанские семьи отметили новоселье [3].

Послание «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации» (16.03.2022 г.) определило ключевые аспекты масштабной и всесторонней модернизации казахстанского общества. Инициативы Главы государства, отраженные в Послании, направлены не только на преодоление беспрецедентных вызовов, но и перезагрузку общественных ценностей, формирование нового качества нации, новой модели государственного устройства. К. Токаев отметил, что содержание и масштабы Послания выходят за рамки одного

года. Однако, в течение небольшого периода была осуществлена кардинальная трансформация общественно-политической и социально-экономической сфер общества. На финансирование актуальных инфраструктурных и социальных проблем жителей регионов направлено 4,6 трлн тенге. Инженерной инфраструктурой обеспечено более 55 тыс. земельных участков под ИЖС (при плане 47 тыс.), проложено более 1110 км инженерных сетей [4].

Январские события, ставшие беспрецедентным вызовом целостности страны, во-многом определили кардинальный характер преобразований в стране. Масштабная политическая модернизация, направленная на демополизацию политической власти, формирование эффективного государственного аппарата, обеспечение честной и свободной политической конкуренции, во-многом стала возможной благодаря инициированной Главой государства конституционной реформе. Конституция «Второй республики» стала адекватным ответом на внутривнутриполитические и внешнеполитические вызовы и свидетельствует о дальнейшем продвижении демократических реформ.

Конституционная реформа 2022 года продолжила курс на политическую модернизацию. Поправки в Конституцию республики, по словам Президента, были направлены на «укрепление системы сдержек и противовесов»; проголосовав за них, граждане скажут «решительное «нет» коррупции, nepoтизму, монополии в политике и экономике». Конституционная реформа предполагала внесение изменений в 33 статьи Конституции, 7 конституционных законов и более 15 законов, а также принятие более 20 законов, что демонстрирует масштабность политических нововведений [5]. Конституционная реформа стала своеобразной основой для нового общественного договора. В соответствии с поправками в Конституцию сокращаются полномочия Главы государства, значительно усиливается роль Парламента и местных представительных органов, системно укрепляется правозащитная сфера, воссоздается Конституционный суд, закрепляется окончательная отмена смертной казни и т.д. По данным Центральной комиссии референдума, 77,18 процента казахстанцев, проголосовавших на республиканском референдуме, поддержали предлагаемые поправки в Конституцию [6].

Конституционный референдум 5 июня 2022 г. был критически важен с точки зрения формирования политической культуры Нового Казахстана. Высокий уровень консенсуса общества в ходе

референдума продемонстрировал серьезные изменения жизненных установок, ценностей, ожиданий в обществе, формирование новой формации граждан. Приняты конституционные законы о Прокуратуре, об Уполномоченном по правам человека, Указ «О мерах по дебиюрократизации деятельности государственного аппарата», План антикризисных мер на 2022 г., План по обеспечению продовольственной безопасности на 2022-2024 гг. и т.д. Изменения в административно-территориальном устройстве страны были направлены на совершенствование региональной политики. Созданы 3 новые области – Улытауская, Абайская и Жетысуская.

В своем Послании «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» (1 сентября 2022 г.) Глава государства отметил, что конституционная реформа стала основополагающим шагом в созидании Нового Справедливого Казахстана. Логичным продолжением политической трансформации стало объявление Президентом в ходе Послания нового электорального цикла, который должен был начаться с выборов Президента осенью и продолжится выборами депутатов в Мажилис и маслихаты всех уровней весной 2023 года. Несомненно, это позволит к середине 2023 года осуществить перезагрузку и обновление всех политических институтов, что стратегически важно в свете задач по формированию прочного политического фундамента Справедливого Казахстана.

В результате внеочередных выборов Президента Казахстана, которые состоялись 20 ноября 2022 г., К. Токаев убедительно победил в первом туре с результатом 81,31 % при общей явке избирателей 69,44 % [7]. 14 января 2023 года в Казахстане состоялись выборы депутатов Сената Парламента Казахстана, в результате избраны 16 новых сенаторов, четверо переизбраны, т.е. верхняя палата обновилась на 80% [8].

Внеочередные выборы депутатов Мажилиса Парламента Казахстана, которые состоялись 19 марта 2023 года, открыли новую страницу в политической истории страны и стали важнейшим этапом комплексной перезагрузки ключевых государственных институтов. В соответствии с изменениями в Конституцию страны по итогам референдума 2022 года 70 % депутатов Мажилиса избирались по партийным спискам, а 30 % – по одномандатным округам.

По смешанной избирательной системе прошли и выборы в маслихаты областей и городов республиканского значения. В рамках политических реформ Президента в Законе «О выборах» была

снижена планка для прохождения партий в Мажилис с 7% до 5%. Эти инициативы стали важнейшим шагом на пути к политической инклюзии.

По мнению К. Токаева, проводимые реформы направлены на формирование сбалансированной системы властных институтов, расширение возможностей участия граждан в политическом процессе, повышение эффективности государственного управления. Несомненно, данные нововведения откроют новую страницу не только в истории формирования государственных институтов и политических партий в Казахстане, но и политической культуры общества. Все изменения в избирательной системе преследовали одну цель – построение справедливого Казахстана, устранение политического, социального и экономического неравенства в стране на системном уровне.

Выборы в Мажилис ознаменовали новый виток в политической истории нашей страны. Политические инициативы Президента нашли свое завершение в итогах выборов: 6 политических партий и 29 одномандатных депутатов представлены в Мажилисе Парламента РК. Такой многопартийный состав в предыдущий раз избирался 24 года назад, в 1999 году. Состоявшиеся выборы показали высокий уровень политической активности общества и формирование реально конкурентной политической среды. В конце февраля ЦИК зарегистрировал 14 207 человек, в т.ч. 892 кандидата в депутаты Мажилиса. Конкуренция составляла почти 20 человек на место [9]. За всю историю выборов в Парламент нашей страны это самый высокий уровень политического участия и конкурентности.

Выступая на первой сессии Парламента VIII созыва 29 марта т.г. Президент отметил: «Высокую активность продемонстрировали как избиратели, так и кандидаты. Серьезная конкуренция политических партий за голоса избирателей развернулась в каждом уголке страны» [10].

Таким образом, каждое из Посланий К. Токаева является важнейшим программным документом, направленным на формирование идейно-ценностной картины в общественном сознании и отражает новые принципы государственного строительства в республике. Особенностью всех посланий К. Токаева является их нацеленность на формирование инфраструктуры и институциональных основ, которые обеспечивают проведение планомерных реформ и учитывают особенности текущей ситуации. Во всех посланиях представлено комплексное видение ситуации, а

также оценки и предложения, адресованные конкретным целевым аудиториям.

Президент в своих Посланиях четко обозначил образ Нового Казахстана – это эффективное государство с сильным гражданским обществом, с культурой высокой политической ответственности, без которой невозможен устойчивый и всесторонний прогресс. В сфере экономики процессы демонополизации и структурной перестройки направлены на повышение её эффективности, основными показателями которой являются рост ВВП, создание качественных рабочих мест и увеличение реальных доходов населения. Ликвидация олигополии наравне с другими системными изменениями должны повысить доходность большинства граждан и покажут им путь из той «ловушки бедности», в которой они находятся. Глава государства практически в каждом Послании озвучивал злободневные вопросы, вскрывая «нарывы» казахстанского общества.

Инициативы Президента, отраженные в Посланиях, продолжают определять политическую повестку страны и создают импульс для дальнейших поэтапных и системных реформ, задают направление организационной, регуляторной и законотворческой деятельности госсектора, формируют основу деятельности правительства, министерств и местных исполнительных органов.

Главный результат инициатив, заложенных в посланиях Президента, в том, что сформирован новый политический дискурс, нацеленный на изменения политической культуры и социальной ответственности. Следует отметить, что Послания определили траекторию пяти пакетов реформ, которые успешно реализовываются. В качестве концептуальных изменений можно выделить следующее:

1 Политическое видение населения претерпело существенное изменение и ориентировано на принципиально новые ценностные установки, в основе которых построение справедливого и правового государства.

2 Формирование правовых основ новой политической системы, ориентированной на демократические институты и отрицание nepотизма.

3 Создание новой экономической модели, ориентированной на развитие малого и среднего бизнеса с ликвидацией олигополий

4 Построение социально-ориентированного государства, в котором социальные расходы рассматриваются в контексте инвестиций в развитие человека.

5 Развитие институциональных механизмов по повышению самоорганизации наших граждан, получивших воплощение через систему прямых выборов акимов сельских округов, развитие местного самоуправления, а также общественных советов.

6 Активное продвижение института политической конкуренции в партийной системе страны.

7 Фундаментальные изменения в отношении человека как ценностного явления, воплотившиеся в трансформации института омбудсмена, создании Конституционного суда и укреплении правовых механизмов его прав и свобод человека.

Это не полный перечень концептуальных изменений, обусловленных осуществленными Президентом К. Токаевым реформами. Появившийся общественный дискурс вокруг реформ Главы государства свидетельствует о высокой заинтересованности всех акторов. Реформы Президента направлены на создание общественно-политических и экономических институтов, способных вывести страну на новые векторы развития.

ЛИТЕРАТУРА

1 Первые итоги Послания Президента: рост доходов населения, развитие регионов и статус МСБ. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://strategy2050.kz/ru/news/pervye-itogi-poslaniya-prezidenta-rost-dokhodov-naseleniya-razvitiye-regionov-i-status-msb/>

2 Итоги послания Президента 2020: какие изменения произошли в политической системе Казахстана. // [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://www.nur.kz/nezavisimost/1929721-itogi-poslaniya-prezidenta-2020>

3 Государственная программа жилищно-коммунального развития «Нұрлы жер» на 2020-2025 гг. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://baiterek.gov.kz/ru/programs/>

4 Абаев С. Как исполнены четыре предыдущих послания Президента К. Токаева. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://inbusiness.kz/ru/news/kak-ispolneny-chetyre-predydushih-poslaniya-prezidenta-tokaeva>

5 Ерлан Карин назвал пять важных преобразований в жизни страны. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://www.>

zakon.kz/6387248-erlan-karin-nazval-pyat-vazhnykh-preobrazovaniy-v-zhizni-strany.html

6 За поправки в Конституцию проголосовали 77,18% казахстанцев — ЦКР. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://www.zakon.kz/6016324-tskr-za-popravki-v-konstitutsiiu-progolosovalo-7718-kazakhstanstsev.html>

7 ЦИК подвёл окончательные итоги выборов – Токаев набрал 81,31%. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://orda.kz/czik-podvyol-okonchatelnye-itogi-vyborov/>

8 16 новых депутатов: озвучены итоги выборов в Сенат. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/16-novyih-deputatov

9 Выборы-2023 в Казахстане: сторпризы начались до старта гонки. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://ia-centr.ru/experts/vyacheslav-shchekunskikh/vybory-2023-v-kazakhstane-syurprizy-nachalis-do-starta-gonki/>

10 Глава государства Касым-Жомарт Токаев выступил на открытии первой сессии Парламента VIII созыва. / [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-kasym-zhomart-tokaev-vystupil-na-otkrytii-pervoy-sessii-parlamentaviii-sozyva-2921321>

ТАРИХ САБАҒЫНДА САТИРА ЖАНРЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ: ЖАНАТ ТҮРҒАНБЕКҰЛЫ ЖӘНЕ МОЛ МҰРАСЫ

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А

гуманитарлық ғылымдар магистрі, тарих пәнінің мұғалімі, Екібастұз қ.

Болашағын ойлайтын ел дананың ісін балаға үлгі ететіні ежелден белгілі қағида. Шүкір, ел болып ең дүрмектің ішіне енгелі саяси-экономикалық ахуалымызды көтеріп қана қоймай, мәдени-танымдық кеңістігіміздің көкжиегін кеңейтуге де баса назар аудардық. Ұлы даланың ұрпақ тәрбиесі баладан басталады. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады. Ел

дамуының жаңа дәуірінде «Біз қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін түбірімен жаңғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық» - деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сатира арқылы сол халықтың болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық жағдайын, тіпті қай дәуірде қандай дәрежеде жүріп жатқандығын білуге болады. Мектеп бағдарламасында поэма, проза, роман жанры дамыған. Сондай-ақ сатира жанрын тарих, өлкетану сабақтарында мектеп бағдарламасында дамыту мақсатында Павлодар облысының тумасы, жалынды журналист, қарымды қаламгер, сатирик Жанат Тұрғанбекұлының сатиралық әңгімелерімен ұштастыра зерттелген ғылыми мақалада «Туған өлкенің дара тұлғалары» үйірме сабағы кіріктірілген. Қоғамдағы үнемі ұшырасып отыратын көптеген келеңсіздіктерге тұсау салып, тосқауыл қояр сатира жанры - өмірдің өткір қаңжары ісбетті. Сатирадай өткір қаңжарды екінің бірі батылы жетіп ұстауға дәті бармағандықтан, оны ілуде біреуілер ғана ұстауға дәрмен танытады. Ондай адамдарды бүгінгі күн тұрғысынан сатириктер деп атаймыз. Қазақ баспасөзіндегі сатираның өрлеп, өркендегеніне біраз уақыттың жүзі болды [1].

Павлодар облысының «Қызыл ту» газетінде ұзақ жылдар еңбек еткен өңір тарихын зерделеуші Жанат Тұрғанбекұлының «Бір сомның әлегі» кітабының тұсау кесерінен бастап, мектебіміздің оқушылары жыл сайын атаулы байқауға белсене қатысуды. Алғашқы конкурста болған мектебіміздің оқушысы Тұрсын Ұлан Тұсаукесер жиында Жанат Тұрғанбекұлының көзін көріп, қызметтес болған ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Арман Қани, жазушы, журналист, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Ғалымбек Жұматов, Қазақстанның құрметті журналисі, «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалының төрағасы Социал Әйтемов, Жанат Тұрғанбекұлының інісі Сағат Тұрғанбекұлы құрметті қонақ ретінде қатысып, өз естеліктерімен бөлісті. «Бір сомның әлегі» кітабы 4 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі Жанат Тұрғанбекұлының әзіл-сықақ әңгімелерінен тұрса, екінші бөлімге өткір мақалалары топтастырылды. Үшінші бөлімде ел аузынан жинаған әңгімелері, төртінші бөлімде журналист туралы естеліктер берілген. Кітаптың жарыққа шығуына орай оқушылар арасында облыстық сатиралық әңгімелер мен эссе жазу байқауы ұйымдастырылды. Байқау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының және «Шанырақ» орталығының

колдауымен өтті. Байқаудың бірінші кезеңіне 30-дан астам оқушы қатысып, сатиралық әңгіме жазып сынға түсті. Екінші кезеңге үздік деп танылған 8 оқушы өтіп, эссе жазудан бақ сынап, Ұлан жүлдегер атанды [2].

Талантты журналистің өмірдегі інісі, өнердегі ізбасары елімізге белгілі айтыскер ақын Асығат Тұрғанбек ағасының қоғамдағы мәселені жеткізуде сатираны қолданған мықты қаламгер, табанасты өлең шығаратын ақындығы болғанын атап өтті.

Қазақ сахарасының біртуары



Сурет 1 – Жанат Тұрғанбекұлы (1949-1997 жж.)
Өңір тарихын зерделеуші тұлға, Қ.Р Журналистер одағының мүшесі

Жанат Тұрғанбекұлы Баянауыл ауданы, Жаңа тілек ауылында 1949 жылдың 17 тамызында дүнге келген. Әкесі Олжабекұлы Тұрғанбек – механизатор, еңбек озаты, алғашқы комбайнды тізгіндеген озық комбайнер болды. Қарымды қаламгер, тамаша журналист Жанат Тұрғанбекұлы ағаларымыздың арасында аман жүрсе, биыл жетпіс екі деген жастың жотасына жететін еді. Ол-Ертіс-Баян өңіріне ерте танылған қаламгер, өткір мәселелерді өжет көрген журналист. Өмірден де ерте озды. Кейінгі жылдары жергілікті басылым беттерінде Жанат жайлы сирек жазылып жүр. Елуге жетпей, екі кез жерге еніп кете барған жанның көп қаламдасы

секілді есімі жиі ескеріле бермейді. Осы олқылықтың орынын толтыру, аруақ алдындағы парызымыздың бір парасын ада қылу асыл мақсатымыз.

Жапан далада жалғыз жүйктеген жүйріктей өмірден ағындап өткен оның қалдырған жолы мен жалы - жазған шығармалары. Сондықтан, жиырма жылдық журналистік жолы сарғайған газет тігінділерінде ғана емес, сағынған дос-жаран, сыйлы әріптес аға-інілерінің жүрегінде сайрап жатыр. Сол жолға жақсылап үнілейікші.....

Өңір тарихын зерделеуші тұлға Жанат Тұрғанбекұлының шығармашылық мұралары – мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны.

Жоғары кәсіби білім берудің қазіргі жаңа парадигмасы мектеп оқушыларына білімдік, рухани, зияткерлік, мәдени және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жеке даралық қабілеттіліктерін қолдауға, тұлғаның өзін-өзі шынайы көрсете алуына мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиеге бағытталады. Жастар қоғамдық әлеуметтік өзгерістердің басты факторы, табысты, білімді ерекше әлеуметтік топ ретінде еліміздің өркендеуін қамтамасыз ететін күш болғандықтан бүгінгі таңда оқушыларға берілетін адамгершілік тәрбиені рухани жаңғырумен сәйкестендіру қажеттігі туындайды. Қазіргі жастар кәсіби терең білімді, бәсекеге қабілетті, кісілігі биік, цифрлық сауаттылықты еркін меңгерген, әлем тілдерін білуге құштар, ақылолы толысқан кемел тұлға болып қалыптасуы қажет [3].

Мектеп қабырғасындағы оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі «білім беру», «оқыту» және «тәрбиелеу» деп аталатын тұтас педагогикалық үдерісте үздіксіз жүріп жатады. Жыл бойында оқытылатын пәндердің білім Туған өлкенің дара тұлғалары өмір жолының оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны мазмұнында, тәрбиелік іс-шараларда болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытудың ұтымды жолдары қарастырылады. Сондай арнайы курс, үйірмелер қатарында «Өлкетану» сабағы және «Жас талап» үйірмесін атап айтуға болады. Бұл ғылыми мақаланың арқауы болып отырған өңір тарихын зерделеушінің ғаламат туындылары оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі дамытуына, өзінің өмірлік жолын дұрыс түсінуіне ықпал ететіндей мақсатқа құрылады. Оқу пәндерінің мазмұнына және арнайы курс бағдарламасына сәйкес 5-7 сынып оқушылары тарих сабақтарында «Өлкетану» сабағын кіріктіріп оқиды. Пәннің мазмұнында рухани тұлғалардың тәрбиелік

мәні жоғары және адамның өзін-өзі тануына ықпал ететін шығармаларынан үзінділер алынады.

«Жанат Тұрғанбекұлына арнау»

Жұмажан Меруерт Нұрбақытқызы

Мектебіміздің түлегі №18 ЖОББМ-КММ-сі, Екібастұз қ,
 Бала ақын боп танылдың жастайыңнан,
 Жарық жұлдыз көрген ел маңдайыңнан.
 Қиялы жүйрік, ойы асқақ, талабы зор.
 Қанат қақтың Баянаула баурайынан.
 Әзіл-ысқақ, ұшқыр ой қаламалдың.
 Мұхамеджан, Қайыржан ағаларым,
 «Қызыл ту» газетінде жарық көрген
 Алғашқы өлеңді оқып бағаладың.
 «Бойында оянбаған таланты бар»,
 Жастарды қолдап әркез бағаладың.
 «Толғақты мәселені» дер кезінде,
 Еліңе жанашыр боп жаза алдың.
 Сағынған дос жаран бар, әріптесің,
 Сағынған елің барда, қадірлі ерсің.
 Сағыныш тек сарғайған газетте емес,
 Сағыныш ҚАЗАҚ деген жүректесің.
 Сол ұрпақтың атынан тілдесейін,
 Дара жолыңды оқып бір үндесейін.
 Қалдырған мұраңнан көп тәлім алып,
 Сіз салған жолмен жүріп күн кешейін.

Қарымды қаламгерім, ақтангерім,
 Жаксы іс көрсең дәйім жақтап едің.
 Жадымызда мәңгі өшпес із қалдырған,
 Қазағыма қашанда мақтаулы ерім.

Пәннің мақсаты – оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесін халқымыздың ғұлама, ақын, ойшылдарының еңбектерінде айтылған даналық ойлары негізінде дамыту. Зерттеудің материалдары мен әдістері. Мектеп оқушыларының тұлғалық дамуы ескеріліп, Ұлы дала ойшылдарының «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұнына енген оқу материалдары талданып, оларды оқытудың кейбір үлгілері көрсетілді. Әдебиетті шолу Адамзат баласының асыл армандарының бірі келешек өмірді жалғастыратын өнегелі ұрпақ тәрбиелеу болса, ол арман халқымыздың өрелі ойы, тағылымды тәлімі және терең

тарихындағы рухани құндылықтармен үндесіп жатады. Рухани-адамгершілік тәрбие жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған, жағымды мінез-құлықтағы адами тәртіп пен дағдыны қалыптастыратын гуманистік негіздегі жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі өнеге мен өсиетке негізделген накыл сөздер, тәрбиелік иірімдер ұлттық келбет пен ұлттық мінезден туындап отырған. Бұл дәстүр атабабаларымыздың сара жолы, болашақ ұрпағына қалдырып кеткен аманаты және ұлттық мұраты, адамгершілік тәрбиесінде халық тәжірибесінің, дала даналарының ой-пікірлерінің орны ерекше болуы да осыдан.



2-сурет – Өңір тарихын зерделеуші тұлға Жанат Тұрғанбекұлы жайлы естеліктер жазу барысындағы арнайы кездесу.

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Қ.Р еңбек сіңірген қайраткері Арман Қани және талантты журналистің өмірдегі інісі, өнердегі ізбасары, елімізге белгілі айтыскер ақын Асығат Тұрғанбекұлымен кездесу өтіп, сұхбат жүргізілді.

Өңір тарихын зерделеуші тұлға Жанат Тұрғанбекұлы жайлы құнды деректерді, көптеген естеліктерді марқұм Арман Қани ағамыздан алдық. Осындай кезекті кездесуде Жанат Тұрғанбекұлының қаламгер ретінде де, азамат ретінде де ерекше шындалған кезеңі - «Қызыл туда» жұмыс істеген жылдары деді. Ал, Қазақстанның құрметті журналисі С.Әйткенов аға былайша еске алады «Біздің бөлімде бұрын екеу едік. Енді Жанат келген соң үшеу болдық. Әбдеш Баймұрзин ағамызбен 7-8 жылдай жұп жазбай үйренісіп қалғанбыз. Төрт жыл ол кісі менің бастығым болса енді ол маған қарайды. Мені бөлім меңгерушілеріне ұсынған тағы өзі. Менің аға тілшілігімді Әбекең атқарады. Жанат қатардағы тілші. Біз осылай өнеркәсіп, құрылыс және транспорт(қазір көлік дейміз) саласы бойынша үш адам қол ұстаса еңбек еттік...»-деп жас

журналистің облыстық газеттегі алғашқы жұмыс күндерін есіне алады. [4].

Қорыта айтқанда, сатираның болашағы кімді болса да аландатады. Бүгінгі арзан әзілге бой ұрған жастарды сабырлы, астарлы, ойлы күлкіге тәрбиелеу үшін үлкен сатириктер қосынын дайындау қажет. Ал, ол үшін жас сатириктерді жетілдіретін арнайы жоба жасалу керек.

Зерттеу жұмысында сатира тарихы жанрының алғашқы қалыптасқан кезінен бастап, қазіргі салмағы мен алар орнын таразылап, келер болашағына ғылыми тұрғыдан тұжырым жасалды.

Сатира тарихының көркемдігі мен бейнелілігі, сатираның жанрлық – тақырыптық ерекшелігі, ондағы авторлық ұстаным мәселесі, объект-құбылыс зерттеуде жан-жақты кешенді түрде зерттелді. Сонымен қатар, сатираның сөз өнері ретіндегі өзіндік ерекшелігін қарастыру да, оның көркемдік қуатын ашуға тілдік, бейнелілік мәселесі арқылы келуі өз нәтижесін берді. Қазақ сатирасы ұлттық әдебиетімізде өзіндік орны бар көркем құбылыс ретінде әрбір заманның тынысына сәйкес өмір сүре бермек. [5].

Туған өлкенің дара тұлғаларының рухани-адамгершілік тереңдігі қазіргі замандағы мектеп табалдырығында білім алушы оқушылардың тәрбиесіне негіз болатын құндылықтар екендігі сөзсіз. Ұлы дала тұлғаларының шығармаларында айтылған кеменгерлік ой-пікірлердің өнегелік сипатының мағынасы тереңде. Қауырсын қаламын жанына серік етіп, халқына даналықтың сәулесін шашқан сатира жанашырларының данғайыр еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып бізге жетті. Біздің осындай тамаша тарихымыз өскелең ұрпақтың рухын оятып асқақ армандарға бастай береді. Туған жерге туынды тік! Отан отбасыдан басталады десек, ал - патриотизм туған үй мен туып-өскен өңірден басталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жанат Тұрғанбекұлы. Бір сомның әлегі – Павлодар, Қазақстан, 2019. Б. 152

2 Жанат Тұрғанбекұлы. Тарихи таным қызықтырады / Сарыарқа самалы, 1929-2009.Б. 90-91

3 Жанат Тұрғанбеков. 14 кітап / С.Торайғыров атындағы МУ-нің Е.Бекмаханов атындағы «Өлке мен этнографиясын зерттеу орталығы». – Павлодар: ЭКО, 2003. – 126 бет. [3]

4 Арман Қани. Жанат журналист (мақалалар, естеліктер, зерттеулер, поэмалар, арнау өлеңдер) – Павлодар: ЭКО, 2019. – 152 б.

5 Социал Әйтемов. Еңбеккер еді Жанатым. – Павлодар: ЭКО, 2019. – Б. 138

АҚАН ҚАСЫМОВТЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ: «САУСАҚ ҰШЫНДАҒЫ ӘЛЕМ»

МУКУШЕВА Қ. С.

PhD, қауымд. профессор (доцент), Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КОЖАХАНОВА А. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

*Екі филантропқа Валентина Гаюи мен Луи
Брайльге адамзат қазіргі уақытта көзі көрмейтін
адамдардың іс-қимыл жасай және жұмыс істей
алатынына борышты*

К. К. Гром

XIX ғасырдың қоғам қайраткері

XXI ғасыр жаһандану заманы. Әлемжелінің әлеуетінің арқасында, БАҚ құдіретімен әп-сәтте әлемнің сан түкпірінен жаңалықтар жетіп жатады. Күн сайын кемісіміз толып жатыр ма, барымыз кетіп жатыр ма белгісіз, әйтеуір толассыз тіршілік қайнап жатыр. Ұмытылып жатқан, аяусыз жұтылып жатқан дүние көп.

Өркениетті елдердің бізге ғибрат боларлық бір қасиеті олардың ғалымдары мен танымал тұлғаларының тіршілігінде жасаған әрбір ісі, әр қадамы, әр сәті назардан тыс қалмай жұртшылыққа татымды дүние болып ұсынылып отырады. Олардың өмірбаянының өзі бір ғибрат, атқарған істері ерлікке пара пар, сол себепті тұтынған дүниесі доллармен бағаланып, қолы тиген қабырғасының өзі қасиетке ие боп шыға келеді, соның бәрін сипаттап жазып ғылыми айналымға түсіретін тиянақтылықтарына өз алдына бөлек әңгіме, тамсанасың.

Оған дәлел ретінде «Еңбекші зағип шеберханасы» деген атаумен алғаш зағип жандарға ашылған оқу орталығының ұйымдастырушысы әрі ұстазы француз **Валентин Гаюидің** өмірі (1745–1822). Оның жаңа іспен шұғылдануға, яғни зағиптарды қоғамның пайдалы мүшесіне айналдыруға, зағип жандарды

оқытумен айналысуына зағип пианист Мария Терезия фон Парадиспен кездесуі түрткі болған. Валентин Гаюи бірінші болып зағиптар туралы ойын былай білдіреді: - «Егер зағип адамды сауаттылыққа үйретсе, зағип адам жетістік пен нәтижеге ойлы еңбегімен жетеді...». 1787 жылы тәжірибе түрінде Франция королі XVI Людовикке өзінің, 24 шәкіртінің жетістіктерін көрсетіп, зағиптарды оқытудың қажеттігін жеткізеді. Ол осы ойын іске асыру үшін бүкіл өмірін арнайды, қайтыс болған соң зағип жандардың қолдауымен Парижде 1861 жылы ескерткіш орнатылады [1].

Әлемге аты мәлім **Луи Брайль (1809–1852) Парижде дүниеге келген.** Жастайынан көзі көрмесе де жоғары білімді математик, тігін және тоқу кәсібін жетік меңгерген шебер, әйгілі музыканттардың шығармашылығына деген ынтызарлығы зор болған. 1825 жылы Луи Брайль зағиптар үшін бірінші рет шығарған жазу жүйесін француз алфавитында бедерлі алты нүктелік негізінде ұсынады, оған арнайы аспап жасайды. Бұл аспапты кейін зағип пайдаланушылар жетілдіріп қолданған. 1837 жылы Парижде бедерлі-нүктелі қаріппен басылған «Қысқаша Франция тарихы» деген атпен кітап жарыққа шығады. 1870 жылы Халықаралық зағиптар конгресінде Брайль жүйесі бекітіліп, әлемдегі барлық елдердің зағип жандарын оқытуға және осы жүйені басып шығаруға негіз болады. Бүгінде бұл есім- әлемнің миллиондаған жанарынан айырылған жандардың жанына жақын тұтқан ардақты есімі. 1887 жылы өнертапқышқа туған жерінде ескерткіш орнатқанын тарихтан білеміз [1].

Морис де Ла Сизеран (1857–1924) Тоғыз жасынан зағип болған француз қайраткері. Зағип балаларға арналған Париж институтында білім алып, сонда музыка оқытушысы болған. Зағип өмірінде Морис Сизеран өзінің күш – жігерін әлеуметтік, кәсіби, ағартушылық сұрақтарды тұтастықта шешуге жұмсайды. Зағиптардың рухани және материалдық қажеттілігін қанағаттандыру үшін 1883 жылы Парижде екі айлық журнал шығара бастайды. Қайырымдылық қорын ашып, Парижде үш қабатты зағиптар үйін салғызады. Сондай-ақ бедерлі – нүктелі қаріпті кітап басып шығару үшін Морис Сизеран зағиптар үйінің жанынан баспахана ашады. Міне, осындай игі істерімен адамзат тарихынан, зағиптардың жүрегінен ойып орнын табады [1].

Қазақ тарихында да ел игілігіне қызмет еткен, қыруар іс атқарған қарапайым жандар көп. Елдің есінде қалуы үшін, дәріптелу үшін батыр болу, басқа болу шарт емес. «Жанында жүр жақсы адам» демекші, бәріне қоладан ескерткіш тұрғызбасақ та, қаламмен

қарымын қайтаруға болады, жұрт жадында жаңғыртуға атсалысуға болады. Бұны меңгеру керек, жеке жанр етіп жандандыру қажет. Осы ойларды жазуға түрткі болып отырған кейіпкер тіршілігінде жасын жігерінің арқасында қырық атанға жүк боларлық үлкен іс атқарса да тиісті бағасын ала алмай келеді, кеңінен насихатталмай келе жатыр. Бүгінгі толғам Ертіс Баян өңірінің тумасы **Ақан Қасымов** жайлы болмақ.

Биыл саналы ғұмырын айналасын бақытты ету жолына арнаған Ақан Қасымовтың туғанына 95 жыл. Бақытты да, бақытсыз ғұмыры 2001 жылы үзілді. Үзілді дегеніміз бекер болар, бірақ еңбегі еленбесе, аты аталмаса үзілгені емес пе?! Бақыт дегенді әркім әрқалай түсінеді, бақыт әркімге әртүрлі беріледі де.

Ақан Қасымов жеті жасында жанарынан айрылып, су қараңғы өмір кешкен, бірақ жарқын да жасын ғұмырымен әлі де нұр шашып тұр. Олай дейтініміз, өзі өмірден өтсе де атқарған ісі сан мыңдаған адамды бақытты қыла бермек. Зағип жандарға арналған нүктелік алфавиттің өнертапқышы Луи Брайльдің құрылғысына қазақ алфавитін енгізген қазақ [2]. Ол айналасындағы қараңғылықтағы адамдарға үміт нұрын берді. Осы уақытқа дейін бүкіл әлемдегі зағип жандар Брайль шрифтінің сәтті қолданса, қазақ тілді оқырман А.Қасымовтың арқасында қол жеткізіп отыр. А.Қасымовтың сәулелі ғұмырына жоғарыдағы шетелдік қайраткерлердің өмірі тікелей әсер еткені, өмір сүруге құштарлығын, қоғам алдындағы азаматтық борышын атқаруға жетелегені анық.

Қазағына өлшеусіз еңбек сіңірген қазақ Ақан Қасымов туралы не білесіз? А. Қасымов 1928 жылы жылы 23 наурызда Павлодар облысы, Ақсу ауданының Қ. Камзин ауылында дүниеге келген. 7 жасында шешек ауруының салдарынан жанарынан айрылады, баланың зеректігін, алғырлығын, пысықтығын ескерген ұстаздары 1938 жылы Алматыдағы арнайы мамандандырылған мектеп интернатына оқуға жібереді. Аталмыш мектеп қабырғасында оқып білім алған Ақан 1954 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік тамамдайды [3, 1–10 б.]

Көз жанарынан айырылса да қоғам өмірінен тысқары қалмайтын зағип жандардың жаратылысы бөлек. Тек түйсіктің сезімталдығы арқылы олар барлық іске икемділігін көрсете біледі. Міне дәл солай Ақан Қасымов 1954-1970 жылдары өзі оқыған мектеп қабырғасында ұстаздық қызметін аса зор абыроймен атқарады. Мектепте сабақ бере жүріп зағип балаларға білім алу, қатарға қосылып қоғамның

белді мүшесіне айналудың қиындығын тағы да басынан кешіреді. Жанарынан айрылған бейкүнә балалар, көкірек көзі сайрап тұрса да тағдыры алдында шарасыз жандарға, қоғам алдында қажеті шамалы жандарға қайтсем көмектесем деген ой күндіз түні маза бермейді. Сөйткен тынымсыз ізденістер жемісін беріп, 1961 жылы Қазақ ССР Министрлігінің кеңесінде Брайль нүктелі бедерлі шрифтілі алфавитке қазақ әріптері енгізуді ресми түрде бекітті. Авторлары А. Қ. Қасымов және С. Х. Өтегенов еді [3, 15-23 б.]

1961 жылдың 4 сәуірдегі № 206 Министрлік кеңесінің шешімінде «Разрешить президиуму Центрального правления казахского общества слепых (КОС) открыть в 1961 году типографию для издания учебников и другой печатной литературы для слепых по системе Брайля» [3, 10 б.].

Зағиптың күнін бір адамдай түсінетін Ақан Қасымов 1970 жылдан бастап Қазақ Соқырлар Қоғамының экономикалық, өндірістік дамуына белсене араласады. ҚСҚ Орталық Басқармасының баспаханасында басшылық қызмет атқарады. Осы баспахана қызметінде жүргенінде 1963 жылы зағип жандарға арналған нүктелі бедерлі шрифтімен қазақ тілді оқырмандарға арналған «Батырлар жыры» кітабы басылып шығады. Соңын ала Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен Тер» романы және тағы бір топ жазушыларының еңбектері басылып шыққан [4]. Зағип жандарға арналған кітап шығарумен айналысқан баспаханадан алғашқы төрт жылда 29 түрлі шығарма басылған екен. Кейіннен шыққан Мұқағали Мақатаевтың «Өмір Дастан» өлеңдер жинағы, Бердібек Соқпақпаевтың «Жекпе жегі», Марат Қабанбаевтың «Жиһанкез Тити», Асантемір Қаршығаұлы «Шідерлі шер» шығармаларын оқуға мүмкіндік бар. Егер шетелмен салыстырып айтсақ, теңізге тамған тамшыдай ғана, себебі АҚШ та жылына 200, ал Швецияда 400-500 кітап жарыққа шығады екен. Дәл қазіргі кезде қазақша кітаптардың басылуы, сатылуы тоқырап тұрған уақытта Брайль шрифтімен басылған кітаптар туралы сұраудың өзі артық. «Тіл жоғалса-ұлт жоғалады» дейміз, ендеше қазақ тілді кемтар жандар неге қоғамнан шеттетіліп отыр? Осы өзекті мәсеелемен айналысып отырған жан бар ма? 2021 жылғы 25 ақпанда Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны өсіп келе жатқанын, бірақ бұл ретте осындай мамандандырылған ұйымдардың жұмыс істеуі бойынша қолданыстағы нормалар ескіргенін атап өтті [5]. Осыған

байланысты Мемлекет басшысы өңірлердің ерекшеліктерін және қазіргі заманғы стандарттарды ескере отырып, осы саладағы нормативтерді жанартуды тапсырды. Алдағы уақыттан үміт көп. Ол үшін Ақан Қасымовтың есімін, ісін жаңғыртқан абзал, көтеріп отырған мәсеелеміздің өзектілігі де осында.

Ақан Қасымовтың қайраткерлік қыры да сөз қылуға тұрарлық. Өзі қызмет атқарған, басшылық жасаған жылдары көптеген зағип жандарға арнайы көп қабатты үйлердің салынуына атсалысқан, қарамағындағы жас мамандарды тәрбиелеп, білікті маман етуді назардан тыс қалдырмаған. Осы күні (ҚЗО) Қазақ зағиптар одағында Ақан Қасымовтың шәкірттерінің, көзін көрген, шарапатын көргендер, тәрбиесін алғандардың қатары сирей қойған жоқ. Асқан мақтаншпен, махаббатпен еске алады [6].

Ақан Қасымовтың көп қырының бірі, бірегейі – композиторлығы. Көкірегі ояу зағип жан жастайынан музыка өнеріне аса әуес болады, мүмкін көзбен көру мүмкіндігі болмағандықтан, естігенін зердесіне тоқуға құмарлығы басым болды ма екен, кім білсін. Ақан Қасымовты жалпақ жұртшылық композитор деп таниды, ол кісінің 50-ге тарта әні бар. Шығармашылығындағы эстрада симфониялық оркестрге арнап жазған шоқтығы биік туындысы «Ертіс толқыны» әні деп бағаланады. Павлодар облысының төл перзенті туған жеріне әнмен ескерткіш қойған екен.

Әнге деген құштарлығын туған жездесі Әбдіғазы Әлтаев ұштай түседі. Ол кісі 1931 жылы Алматыда халық таланттары конкурсында Манарбек Ержановтармен бірге ән шырқаған өнерпаз. Классикалық музыкаға құштарлығы Ақанды Шопен, Бетховен шығармашылығымен таныстырса, кейіннен институт қабырғасында атақты Әбілахат Еспаевпен танысады. Ол әнші әндері радио торабынан түспейтін кездер болатын. Осындай адамдармен достығы Ақан Қасымовты бейжай қалдырмаса керек. Жүрегінен толғап өзі де ән шығара бастайды, алғашқы әні ақын Нұтфолла Шакеновтің сөзіне жазылған «Табамын сені» әні дүниеге келеді. «Көңіл сарайым әнмен тербеліп шын бақытқа кенелген сәттерім еді» деп еске алады [3, 40 б.].

Қазақтың маңдайына біткен әнші Илия Жақанов мүмкіндігі шектеулі композитор Байболат Абайұлының шығармашылығы жайлы айтқанында Ақан Қасымовты да атап өтеді. «...әндерін тыңдағанда әр кез, әр қилы ойға батам да, бір сырлы дүниенің есігін ашқандай толғанысқа түсем. Адамға қандай ғана жүрек бітеді, тәңір-ау деп қайнап жатқан құштарлық сезім қуатына таң тамаша

болам. Өмірге деген ынтық көңіл, жарық дүние шуағын сезіну, оған іңкәрлігі, адамның бір-бірін жеңетін, бір-бірін сүйетін, бір-біріне рух беретін құдіреті, парасат лебі, сұлулықты асқақ романтикаға көтеруі, жастық дәурен қызығы, ел мен жер махаббаты, сондай-ақ, халықтың ерлік болмысы, өзі өскен ортаның жұпар лепті әуезімен жырлаған әндерінің сырт қарағандағы келбеті осылайша қызықтырады», - деп жақсы пікір білдіреді.

Алатақты Мұзафар Әлімбаев өзінің бір сұхбатында «Біреулердің есептеуінше, менің ән-өлеңдерімнің саны үш жүз елудей екен. Ұлы композитор, талайлы талант Ахмет Жұбановтан бастап, Латиф Хамиди, Нұрғиса Тілендиев, Бақытжан Байқадамов, Сыдық Мұхамеджанов, Әбілахат Еспаев, Әсет Бейсеуов, Шәмші Қалдаяқов, Ескендір Хасанғалиев, Садық Кәрімбаев, Құдыс Қожамьяров, Ибрагим Нүсіпбаев, Өмірбек Байділдаев, Ғалымжан Тамендаров, Дәнеш Рақышев, Мыңжасар Маңғытаев, Қапан Мусин, Борис Ерзакович, Ғазиза Жұбанова, Дүнгенбай Ботбаев, Илия Жақанов, Тілеубай Ыбыраев, Жоламан Тұрсынбаев, Мәкәлім Қойшыбаев, Ақан Қасымов, Кенжебек Күмісбеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Рахпан Байқоңыровтардың әніне алуан тақырыпта ән-өлеңдер жазыпшын...» - деп еске алады [7].

Міне іскерлігі, азаматтығы бір төбе, өнерпаздығы бір төбе Ақан Қасымовтың өмірінің бір пара бөлігі осындай. Өзі өмірден кеткенмен, соқпақ емес сүрлеу жолы сайрап жатыр. Әсіресе бүгінгі мақаламызға өзек боп отырған зағип жандарға ұлт перзенті ретінде жасаған азаматтығы көпке үлгі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 86 мың зағип адам бар екен. Олардың арасында әлі оқи алмайтын балалар да бар. Брайль шрифті үйрену өте көп уақытты қажет етеді, балаларда ол бірнеше жылға созылуы мүмкін. Басында баланың саусақпен Брайль шрифті тануы өте қиын. Егер бала саусағымен бір әріптен адасып кетсе, тифлопедагог оны сол әріпке қайта апаруға мәжбүр болады. Бұл үдеріс бала әрбір әріпті танып, ажырата алғанынша жалғасады. Сондықтан, оқу үдерісінде тифлопедагог бір уақытта бірнеше баламен ғана айналыса алады. Қазір инновация заманы, бірақ зағип жанға не жасалуда? Кітапханалардың мүмкіндігі нешік? Инклюзивтілік пандус және түрлі белгілер қоюмен шектелмесе екен. Елордада тифлопедагог бар бір ғана мектеп бар, ол 15 баланы оқытады. Қалған жүздеген соқыр балалар әртүрлі себептерге байланысты мектепке бара алмайды. Әрине, кейбір балаларға тифлопедагог қажет.

XXI ғасырда, цифровизация заманында ерекше қажеттіліктері бар адамдар назардан тыс қалмаса екен, оған қызмет көрсетер кітапханалар жүйесі, кітапханашылар еңбегі еленіп, кәсіптік деңгейін көтеруге, білімін жетілдіруге мемлекет тарапынан көңіл бөлінсе деген тілек бар. IT мамандығына сұраныс туған заманда қазаққа Ақан жандылар керек-ақ. Зағип жандар өте дарынды, өте қагілез, өте терең білімді, ұстамды мінез, нағыз «ыстық қайрат, жылы жүрек, нұрлы ақыл» иелері екенін тарих дәлелдеп келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әлемге танымал зағип жандар. [Электрондық ресурс]. URL: <https://massaget.kz/>
- 2 <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet>
- 3 Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың жеке қоры.
- 4 Алғашқы қазақ тифлопедагогы – Ақан Қасымов [Электрондық ресурс]. URL: <https://ertistv.kz/>
- 5 akorda.kz
- 6 <https://pavspec.kz>
- 7 Саусақ ұшындағы жарық! // Егеменді Қазақстан. 23 қараша 2020 жылы.

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЭМИГРАЦИЯДАҒЫ АНТИКЕҢЕСТІК УКРАИН ҰЙЫМДАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

МҰҚАТАЙ Ө.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж.

қауымд. профессор, т.ғ.к., Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мұстафа Шоқай XX ғасырдың бірінші жартысындағы елімізді дүниежүзілік деңгейде көрсеткен қазақ зиялы қауымының сирек өкілдерінің бірі боп табылады. Мұстафа Шоқайдың қазақ зиялы қауымының басқа өкілдерінен көптеген айырмашылықтарының бірі тек қана ресейлік және түркі (қырғыз, башқұрт, татар, алтай және т.б.) жұрттарының саяси қайраткерлерімен шектелмейтін басқа жұрттардың саяси қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынастары болып табылады. Мұстафа Шоқай ресей, түрік, өзбек, қырғыз, башқұрт, татар жұрттарының саяси қайраткерлерімен қоса украин,

поляк, гүржі, кавказ, үнді және т.б. қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынаста болған қазақ саясаткерлерінің сирек өкілі.

Мұстафа Шоқайдың украиндық саяси қайраткерлерімен қарым-қатынастары Ресей Империясының территориясында жүргізілген азамат соғысы кезінде басталды. Бұл қарым-қатынастар Мұстафа Шоқайдың Колчактың тұтқынынан Кавказ тауларына қашып кеткеннен басталады. Сол кезде Тбилиси қаласында Солтүстік Кавказ бен Кубан қазақтарының ең белсенді өкілдері, Версаль Конференциясының жоғарғы комиссары мен петлюрашыл Украинаның (Украин Халық Республикасының) өкілі Иван Красковский орналасқандықтан Мұстафа Шоқайдың ресейлік империализмге қарсы жұмысы үшін бар жағдайлар болды. Бірақ осы жағдайларға қарамастан Антанта одағының ірі державаларының өкілдерінің барлығы Деникинді қолдаған еді. Бұның бәрі Солтүстік Кавказдың өз тәуелсіздігін жоғалуы мен ресей империализмінің тек қана нығаюына әкелетінін түсінген Мұстафа Шоқай ресей империализміне қарсы бар күштерді біріктіру бойынша өз жұмысын бастаған. Сол мақсатпен Мұстафа Шоқай украин қайраткері Иван Красковскиймен қарым-қатынасқа түскен. Онымен бір жоспар құрастырған. Сол жоспар бойынша бірігудің бастапқы істерінің бірі еуропалық және орыс тілінде шығатын басылымдар болды. «Телеграфтық агенттік» мен ақпараттық бюроны құру бойынша жоспарлар талқыланды. Жалпы қаржы сметасы ұйымдастырылды. Алғашқы шығындар түркістандықтар мен украиндардың иығына түсті. 2/3 бөлігін украиндар, ал 1/3 бөлігі түркістандықтар төлеген. Уақыт келе украин мен түркістан қайраткерлері басқа жұрттардың өкілдері олардың қызметіне қосылатынын күткен, бірақ көмек тек қана гүржілерден келген еді. Әзірбайжандықтар осыған ешқандай да өз жауабын берген жоқ, Солтүстік Кавказдың үкіметі сол кезде мүлде болмаған еді, ал армяндар осы бірігуден мүлде бас тартқан. Соның нәтижесінде украиндар мен түркістандықтар бұл істе жалғыз қалған. Антикенестік ұлттық күштерді біріктіретін Украин-Түркістандық «Вольный Союз» баспасының негізі қаланды. Орыс тіліндегі «Нарубеже» деген журнал шыға бастады. Осы журналдың тек қана алты нөмірі шықса да, мәскеу империализмімен күресетін антикенестік ұлттық күштердің бірігуінің негізі қаланды[1, 239-242 бб.].

Мұстафа Шоқайдың өзі көбінесе Украин Халық Республикасының өкілдерімен қарым-қатынаста болса да, ол Украин Державасының өкілдерімен (гетманшылдармен) де жақсы қарым-қатынастар да болған еді. Мысалы, 1937 жылдың наурыз

айында Мұстафа Шоқай Лондон қаласына Түркістан жеріндегі большевисттік диктатура мен Шығыс Түркістан мәселелерін қозғайтын іс-сапарымен барған кезде гетман Павло Скоропадскийдің өкілі Владимир Коростовецпен кездесіп, украиндық саяси қозғалыстар мен большевисттік диктатураға қалай бір майданмен қарсы тұруға болатынын талқылаған еді[2, 101-103 бб.].

Мұстафа Шоқайдың Түркістанның атынан Украина мен Кавказдың өкілдерімен КСРО-ның Ұлттар Лигасына кіруімен байланысты Ұлттар Лигасына 1934-1935 жж. жазған наразылықтары назарға лайықты боп табылады. 1934 жылы Мұстафа Шоқай түркістандықтар және украин мен кавказ секілді КСРО-мен каналған халықтардың атынан КСРО-ның Ұлттар Лигасына қабылдауы оның басты мақсаттарына қарама-қайшы келетінін хабарлайтын наразылық хатын жазады. Бұл хатқа Әзірбайжаннан Мир-Якуб Мехтиев, Солтүстік Кавказдан Ибрагим Чулик, Гүржістаннан Акакий Чхенкели, Украинадан Александр Шульгин, ал Түркістаннан Мұстафа Шоқай өз қолын қояды. Әрине, бұл наразы хат КСРО-ны Ұлттар Лигасынан шығармаса да, бірақ бұл наразылық хат Кеңес Одағының тоталитарлық жүйесімен каналған жұрттардың қарсыласу тарихында маңызды рөлге ие болды[3, 383-384 бб.].

Бұрынғы наразылық хаттағы бар қателіктерді есептегеннен кейін бір жылдан өткен соң Түркістан, Украина мен Кавказ өлкелерінің ұлттық орталықтары Ұлттар лигасына жаңа наразылық хатын жіберді. Ең алдымен 1934 жылы жазылған наразылық хаты қандай да бір болсын жағдайларсыз және Ұлттар Лигасына түсетін хаттарға міндетті рәсімдерсіз жіберілген еді. Бірақ келесі наразылық хаты осы қателіктерді ескере отырып ең алдымен ұлттық орталықтар Ұлттар Лигасындағы державалардың Кеңес Одағының Түркістан, Украина, Кавказ және тағы басқа орыс емес өлкелеріндегі жүргізіліп тұрған қанау саясатына назар аударуын тырысқан еді. Бірақ сол кезде Еуропа пен басқа елдердің назарын бұл мәселеге көп аударма алмаса да, Кеңес Одағына Ұлттар Лигасындағы Франция, Ұлыбритания мен АҚШ секілді державалардың статусына ие болуға жол берілмеді. Сондықтан да Түркістан, Украина мен Кавказдың эмиграциядағы ұлттық көсемдеріне бұл оқиғалар туған жерлерінде болып тұрған қанау саясаты бітетіне үміт берген еді[4, 245-248 бб.].

Украина-Түркістан-Кавказ халықтарының достық комитеті 1937 жылдың 8 мамыр күні Париж қаласындағы географиялық қоғамының салтанатты залында «Кеңес Одағындағы ұлттық мемлекет мәселесі» тақырыбында дәрісті оқу үшін атакты

тарихшы мен ұлт мәселесін жақсы зерттеген украин ұлтының өкілі Максим Славинскийді шақырады. Бұл достық комитетінің төрағасы Гүржістанның Париждегі елшісі Акакий Чхенкели, ал оның орынбасары Мұстафа Шоқай болған еді. Осы жиналыстың құрметті орындарында Мұстафа Шоқай мен Акакий Чхенкелимен бірге Украинаның сыртқы істерінің министрі Александр Шульгин де отырған. Эмиграциядағы ресейлік саяси қайраткерлерінің көбі Украина, Түркістан мен Гүржістанның осы бірлестігіне өз наразылығын білдірді. Бірақ осы дәрісті оқыған Максим Славинский Кеңес Одағындағы орыс және орыс емес өлкелердің қарым-қатынастары онсыз да жаман болып кетпес үшін ең дұрысы орыс және орыс емес ұлттар бір-бірінің қанын әрі қарай төкпеу үшін бір-бірінен ұры-керіссіз, бейбіт түрде айрылып кеткендері жөн болушы еді деген қорытындыға келді. Ал ресейлік саяси қайраткерлердің наразылығына Максим Славинский Кеңес Одағының Түркістан жеріндегі болып жатқан отарлық езгінің фактілерін келтірген еді[5, 113-116 бб.].

Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы украиндық саясаткерлерімен қарым-қатынастарын талдаған кезде оның Александр Шульгинмен достығына назар аудармау мүмкін емес. Александр Шульгин ең алдымен Украина Халық Республикасының сыртқы істер министрі болса, кейін эмиграцияда Украинаның қуғындағы үкіметінің басшысы болған еді. Эмиграцияда Мұстафа Шоқай мен Александр Шульгин әрбір апта сайын, ал кей кезде тіпті күн сайын 15 жыл бойы кездесіп тұрған. Осы 15 жыл бойы олар әдебиет пен саясат майданында жұмыс істеп, бір-бірлерінің елдерінің мүдделерін қорғауды көздеген еді. Мұстафа Шоқай Украинаны ұнатқан және украин мәселесіне терең түсінген адам болған еді. Ал 1933 жылы Түркістан, Украина мен Кавказ өлкелерінің тәуелсіздігін аңсаған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достық комитеті» ұйымының негізін салуында Мұстафа Шоқай үлкен рөл ойнаған тарихи тұлғалардың бірі болды[6, 291-309 бб.].

Қорыта келсек, Мұстафа Шоқай Еуразия төңірегіндегі Украина мәселесін терең түсінген және де соғыс аралық кезіндегі Кеңес Одағының орыс емес өлкелері өз егемендігін алу үшін бір-бірімен этникалық тегі мен дініне қарамастан бір-бірімен берік ынтымақтастықта болу керектігін жақсы түсінген антикеңестік эмиграциядағы аса көрнекті тарихи тұлғалардың бірі болған еді. Тек қана Мұстафа Шоқай және оның украиндық пен басқа жұрттардың

өкілдерінің ауыр жұмысының нәтижесінде ғана сол замандағы Батыстың ірі державалары Орта Азия мәселесіне назар аударған еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шоқай М. Шығармаларының 12 томдық толық жинағы Т. 7. - 572 б. – Алматы. 2013
- 2 Шоқай М. Шығармаларының 12 томдық толық жинағы Т. 7. - 572 б. – Алматы. 2013
- 3 Шоқай М. Шығармаларының 12 томдық толық жинағы Т. 7. - 572 б. – Алматы. 2013
- 4 Шоқай М. Шығармаларының 12 томдық толық жинағы Т. 8. - 560 б. – Алматы. 2013
- 5 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – Т. 2. – 1999. – 520 бет.
- 6 Шоқай М. Шығармаларының 12 томдық толық жинағы Т. 11. - 544 б. – Алматы. 2014

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

ОМАР Ә.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж.

қауымд. профессор, т.ғ.к., Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Адам тәрбиесіз өмір сүре алмайды. Адам өзінің кім екенін және жарық дүниеге не үшін өмір сүретінін тек тәрбие арқылы біле алады. Алдына қойған мақсатының айқын болуы, адамгершілігімен берік сеніммен туады. М. Ж. Көпейұлының шағармашылығы көп қырлы. Соған орай рухани адамгершілік тәрбиесі өте күрделі. Нақтылай айтқанда, Мәшһүр Жүсіп ұлттық идеяға құрылған таза ағартушылық бағыт ұстанды. Ұлттық сана-сезімді ояту негізіне құрылған төл туындыларында ол ар тазалығына, тәрбиелікке үндеді. Осыған орай, бүгінгі ұрпақтың рухани адамгершілік тәрбиесі дұрыс қалыптасуына да, Мәшһүр Жүсіп сияқты кемеңгердің шығармашылығы оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1875 жылдан бастап біраз уақыт оқытушы болды. «Дала уалаяты» газетіне өлеңдері мен мақалаларын жіберіп тұрды. 1875 жылдан бастап ол оқытушы бола жүріп, шығармашылық жұмыспен айналысады. Мәшһүр Жүсіп 1875

жылдан бастап біраз уақыт ауылда бала оқытып, қаражат жинайды. Білімін толықтыру мақсатымен 1886 жылы Бұхараға келіп, діни жоғары оқу орнында оқиды. Сосын оқуын Ташкентте жалғастырады. Мәшһүр Жүсіп 1887-1890 жылдары бірнеше рет Орта Азияны аралап, Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара қалаларында болады. Ол бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т. б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады. Шығыстың классикалық әдебиетінен сусындаған ол осы жылдары Қазанға сапарға аттанып, түрколог ғалым В. Радловпен танысып, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен айналысты. Кейін уақыт өте келе ойшыл қазақ фольклорының ең жүйелі жинақтаушысы болды. Орта Азия қалаларына шеккен сапарының тағы бір құнды нәтижесі - сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерінің жазылып алынуы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі дерек жинастыру қызметін ерте кезден бастаған [1, 17 б.].

Бір сөзбен түйіндей келе рухани адамгершілік тәрбие адам өмірінің ең маңызды тірегі. Жан жақты шығармашылығындағы басым бағдар ағартушылық екені белгілі.



М. Ж. КӨПЕЕВТІҢ ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА БОЛҒАН ЖЕРЛЕРІ. БУХАРА КАЛАН МЕШІТІ.
МЕСТА, ГДЕ БЫВАЛ М.Ж. КОПЕЕВ. БУХАРА. МЕЧЕТЬ КАЛАН.

Сурет 1 – М. Ж. Көпеевтің ғылым жолында болған жерлері



Ташкенттегі Биғядр - биге медресесі.
Медресе Биғядр-биге в Ташкенте.

Сурет – 2, М. Ж. Көпеевтің Ташкенттегі Биғядр – Биге медресесінде болған жері




Ташкент. Шейхантаур мешіті 1912 жыл.
Ташкент. Мечеть Шейхантаур 1912 год.

Сурет 3 – Ташкент. Шейхантаур мешіті 1912 жыл

Мәшһүрдің өзі көзі тірісінде жер-жерді аралап, қазаққа аты шыққан адамдардың барлығымен дерлік кездескен: Саққұлақ би, Мұса Шорманұлы, Мейрам қажы Жанайдарұлы, Абай, Шөкәрім, Сұлтанмұрат, Майлықожа, Ақан сері, Мәди, Қажымұқан және т.б. Орта Азияның беделді қожа-молдаларымен қатар, орыстың В.В. Радлов тәрізді атақты ғалымдармен сұхбаттас болған. Орыстың Белослюдов деген бір оқымыстысы «XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі жазба

әдебиеті басталады. Жазба әдебиетінің негізін салушының есімі Мәшһүр деген атпен белгілі болған Жүсіп Көпеев», деп атап өткен. Осыған ұқсас пікірді Қазақ ССР тарихы оқулығынан да оқимыз: «...Қазақтың ауыз әдебиеті дәстүрлері мен өз заманындағы жазба әдебиетпен тығыз байланыста болды... Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бүкіл дерлік қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап, көптеген ақындармен, суырып салма жыршылармен кездесті, олармен сөзбен айтысып та жүреді, өзінің белгілі адамдармен әңгімелерін, олардың маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне,... жазып алып отырды...» [2, 581-582 б.].



Сурет 4 – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинаған ауыз әдебиеті

М. Көпеев, өзі айтқандай, он бес жастан кейінгі өмірінің бәрін дерлік өлеңмен сөйлеген. Ақын дүние танымын, адамдармен қарым-қатнасын, нені сүйіп, нені жек көретін, кімнен үйреніп, кімнен жиренетінін де өрнетеген. Біз оның туындыларнан эстетикалық ляззат алып қана қоймай, сол кездегі, адамдардың өмірге деген көзқарасын, психологиясын, тұрмысын жан-жақты танытқандай боламыз.

М. Көпеевтің өз шәкірттеріне берген аса маңызды тәрбиесі - ғылым жайында еді. Оқыған адамның көзінің алды жарық дүние де, қара танымаған кісіге бар нәрсе бұлдырап тұрады. Білімі таяз адам дірілдеп-қалтырап әркімге бір жалтақтағыш келеді. Білікті кісі құйған қорғасындай салмақты болады. Сондықтан терең де парасатты білім әрбір адамға ауадай қажет. Ғылым - пенденің ішін анау-мынау лас қылықтан тазартатын түңілік сияқты. Түңілік арқылы үйге күндіз Күннің, түнде Айдың сәулесі түсіп тұратын болса, сапалы білім де адам жанын баспалдақтай биіктете беретіні анық дегендерді айта келіп, ақын ғылым жөнінде ойын былайша қорытады: «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын сарп

қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады».

Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сөт тоқтатпайды. Күндіз сабақ беріп, қалжырап шаршағанына қарамай, түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Кейбір түнде өзі сүйіп оқитын шығыс ақындары: Науаи, Фирдауси, Сағди, Хафиз шығармаларына сарыла үніліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған. Адамға қазына дәулет жолдас болмайды, ғылым мәңгі өмірсерік. Өнерді үйрену үшін де алдымен білім керек. Білімсіз бірде-бір ісің ілгері баспайды. Ақын осылай толғамды ойларын ортаға сала отырып, өзі де көп оқыған, ізденген, өзгелерді осыған үндеген [1, 223 б.].

Ақынның түпкі арманы – халықты жаппай сауаттандыру еді. Алайда ол мұндай игілікті іс тек сөзбен ғана аспайтынын, ол үшін қолда билік болуымен қатар, мол қаражаттың қажет екендігін кейін сезінді.

Кезінде ақынның көкірегінен шыққан сөзді түсінетін, оған еміренетін жанның аз болғанына қыңжыласың. Әйтпесе ол «жауатұғын бұлтай» түнермес еді ғой. Ақын ойлары заңғар. Ол ауыл үйдің әңгімесін айтып отырған жоқ, адамға, қоғам өміріне қатысты мәселені толғайды. Көкірегі толған шуақты жұртшылыққа шашқысы келеді. Ол көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Бұл турасында профессор Б.Кенжебаев: «Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды», десе жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмір сүрген тұсы – бір рудың малын екінші бір рудың елі барымталап, шетке шыққан жылқы – сиырын айдап алып, сініріп, кете беретін, әлсіздің күні қаран, күштердің сөзі жүріп тұрған феодалдық қоғамының нағыз қаны тамып тұрған кезі еді [3, 223 б.].

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері Актуальные проблемы казахского языкознания и литературоведения

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЛЬЖАНОВА С. Е., КАЛАШЕВА А. К.
мұғалімдер, №6 мектеп-лицей, Екібастұз қ.

Басқа да қоғамдық ғылымдар сияқты қазақ әдебиеттануының тарихы да жеке ғылым саласы ретінде қалыптасу проблемалары аспектісінде зерттеуді және дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі артықшылықтар мен кемшіліктерді бағалауды қажет етеді. Осы орайда біз білетіндей, ғылымның ешқайсысы дамымайды. Осы орайда ұлттық әдебиеттану ғылымының негізгі кезеңдерін зерттеп, яғни қалыптасу, даму бастауларын зерттеп, шығармашылық-әдістемелік мәселелерін ғылыми тұрғыдан қарастыру қажет. Ұлттық әдебиеттану ғылымы белгілі бір білімнің жиынтығы, әдеби өзгерістерді түсіну құралы ретінде өзіндік терминдерімен, теориясымен, әдістемелерімен бірден пайда бола қоймағандықтан.

Қоғамдық сананың оянуына, алғашқы ғылыми-теориялық ой-пікірлердің пайда болуына, көркем әдебиет туралы түсініктердің қалыптасуына, әдеби мұралардың жинақталуына, толық

калыптасуына байланысты қазақ әдебиеттануының даму жолдарын бірнеше негізгі кезеңдер бойынша зерттеу. әдіснамалық көзқарастың практикалық және теориялық мәні бар. Бұл ойды алғаш айтқан ғалым Е.Ысмайылов: «Қазақ әдебиеттануының тарихымен таныссаңыз, оның екі негізгі кезеңнен өткенін байқайсыз. Біріншісі – оқыту, идеялық шығармашылық ұстанымдарды меңгеру. Ол революцияның басынан соғысқа дейінгі кезеңді қамтиды. Екіншісі – соғыстан кейінгі кезең, яғни қалыптасу және даму кезеңі» [1, б. 35]. Ол қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын екі негізгі кезеңге бөліп, оның пайда болуына алғашында заман талабы – оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту ықпал еткенін, осыған байланысты алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың пайда болғанын айтады. Профессор Т.Кәкішев қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиеттану ғылымының пайда болу, қалыптасу кезеңдеріне бөлгенде бір-бірімен сабақтасып, дамып, бірін-бірі толықтырып тұратынын ескеріп, қазақ әдебиеттануын үш үлкен кезеңге бөліп қарастырады. «Қазақ әдебиетінің сыны мен ғылымының тарихында біз үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиеті сынының пайда болу кезеңі. Оның пайда болу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылады. Қазақ әдебиеті жанр ретінде және әдебиеттану ғылымының пайда болуы. Бұл процесс 1917-1937 жылдарды қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиеті сынының даму және әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңі (1938-1985)» [2, б. 3].

Сын тарихындағы осы үш кезең қазақ әдебиеттану ғылымының пайда болып, қалыптасуына тікелей байланысты. Әдеби сын әуел баста әдебиет тарихы мен әдеби-теориялық мәселелер туралы өз пікірін білдіретіндіктен. Мұны орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасуын зерттеуші ғалымның мына бір сөзі дәлелдейді. П.А.Николева: «Әдебиет туралы білімге жүйелі тарихи шолу әрекеті бастапқыда сын негізінде жүзеге асырылды» [3, б. 7].

Ғалымдар Е.Ысмайылов пен Т.Кәкішев қазақ әдебиеттану ғылымы Қазан төңкерісінен бастау алады деп бекер айтпайды. Оның басты себебі, әдебиет тарихы мен қазақ фольклорын зерттеуге арналған негізгі еңбектер оқулықтарда, алғашқы монографиялық зерттеулерде, 20-30 жылдардағы ғылыми мақалаларда көрініс тапты. Белгілі болғандай, әдебиеттану ғылымының пайда болуы үшін ең алдымен әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеу және сыни-эстетикалық көзқарастар мен ой-пікірлерді қалыптастыру қажет. Бұл белгілі бір уақытты қажет ететін ұзақ, күрделі процесс. Өйткені шығарма немесе шығармашылық туралы сыни көзқарасты білдіретін

алғашқы ойлар мен түсініктемелер әдебиеттің өнердің бір түрі екенін дәлелдейтін пікірлер мен ғылыми терминдерге айналды. Әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеу және сыни-эстетикалық көзқарастар мен ғылыми терминдердің қалыптасуында ғылыми мұраларды жинақтау, оларды басып шығару және дамыту басым рөл атқарады. Сондықтан әр халықтың әдебиеттану ғылымының пайда болуы мен қалыптасуы туралы сөз қозғағанда, әдеби-теориялық және ғылыми зерттеулердің көзқарастары алғаш қашан айтылған, олардың жүйеленуі, әдебиеттану ғылымының бастауы деген мәселелерге жауап іздеген жөн. ғылыми терминдердің қалыптасуы, бұл процесс қоғамдық санаға қалай әсер етті, олардың әлеуметтік алғышарттары қандай болды [4, б.].

Осы тұрғыдан қарастыра отырып, қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын кезеңге бөлу туралы ғалымдардың жоғарыда айтылған пікірлеріне қажетті нақтылаулар жасау қажет. Біздіңше, ұлттық әдебиеттану ғылымын былайша жүйелеу дұрысырақ. Бірінші кезең – қазақ әдебиеті ғылымының тарихи алғашқы бастаулары, яғни ғылымның тарихқа дейінгі кезеңі. Ол ежелгі әдебиетті қамтиды және ХХ ғасырдың басымен аяқталады. Екінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының пайда болуы. Ол 1900 жылы басталып, 1940 жылы аяқталады. Үшінші кезең – қалыптасу кезеңі [5, б.].

Академик А.С.Бушминнің «Әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының әдіснамасын теориялық әдебиеттанудың бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне терең тәуелді екі тарауы мен екі аспектісі ретінде қарастыру керек» деген пікірін негізге алсақ, онда мынаны байқаған болар едік. теориялық еңбектерде әдебиеттану ғылымының пайда болуы мен дамуы туралы ғылыми көзқарастар айтылады. Оған дәлел Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, М.Базарбаев, Р.Нұрғалиевтердің ұлттық сөз өнерін ғылыми тұрғыдан қарастыру арқылы 20-30 жылдардағы теорияны толықтырған монографиялық еңбектері. [6,б].

Қазақ әдебиеттануының тарихын зерттеу үшін басқа қоғамдық ғылымдарды зерттеуде қолданылатын әдіснамалық бағыттар қолданылады. Олардың зерттеу объектілері әртүрлі болғанымен, бір қоғамның белгілі бір кезеңдерін ғылыми тұрғыдан қарастырудың әдістері мен жолдары сәйкес келуі мүмкін. Сонымен қатар, ресейліктердің соңғы әрекеттерін де ескеру қажет әдебиеттанушылар әдебиет тарихына қатысты маркстік-лениндік теорияларды жаңаша қайта қарау.

Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуын зерттегенде басқа да ғалымдар Р. Бердібаев, Ә. Нарымбетов, М. Мырзахметов, Д. Ысқақұлы, М. Сыздықовтардың әдебиет тарихынан маңызды деректер беретін еңбектерін және, негізінде белгілі бір проблемаларды бағалауды қайта қарау.

Қазақ әдебиеттану ғылымын зерттеушілердің міндеті – ұлттық ғылыми зерттеу ойының алғашқы оянуын, одан әрі жетілуін зерттей отырып, қазақ әдебиетінің пайда болуы мен қалыптасу кезеңдерін айқындау, әйтпесе қазақ әдебиетінің тарихи жолын зерделеу қажет. ғылым және бүгінгі күн тұрғысынан баға беру. Сонымен қатар, тәуелсіздік алуына байланысты ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын қайта қарау қажет. Ол үшін мынадай негізгі өзекті мәселелерді зерттеу қажет: ұлттық сыни-эстетикалық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи ойдың бастауларын анықтау; әдеби мұраны игеру үдерісіндегі алғашқы талпыныстарды нақтылау; әлемдік әдебиеттану ғылымының әдіснамалық бағыттары мен теорияларының дамуы мен пайдаланылуын қарастыру; әдеби мұраны зерттеу мысалында қазақ ауыз әдебиетінің қалыптасуын көрсету; әдебиеттің ғылыми тарихын жасаудағы ізденістерге талдау жасау және кезеңдерге бөлу; негізгі ұлттық танымдық сипаттарды әдебиет теориясы бағытында айқындау; ұлттық ғылыми зерттеу ой-пікірінде орныққан дұрыс емес теориялар мен көзқарастарды ашу; қазақ әдебиеттану ғылымының шығуы мен дамуы туралы маркстік-лениндік әдіснамалардың артықшылығы мен кемшілігін жаңаша бағалау; ұлттық әдеби сынды қорғауға бағытталғандықтан ғылыми айналымнан алынып тасталған шығармалардың мәнін ашу.

Бұл мәселелер ғылыми тұрғыдан әлі толық қарастырылмаған. Сол себепті де қазақ әдебиеттануының тарихы әр кезеңге бөлініп, белгілі бір кезеңдерге тән белгілер бір жүйеде қарастырылмаған. Ұлттық ғылыми-зерттеу ой-пікірлерінің пайда болу ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық әдебиеттану ғылымының пайда болуы мен қалыптасуын мейлінше дұрыс, дәлелді кезеңге бөлуді ұсыну қажет; қазақ әдебиеттану ғылымының бастауларын жүйелеу; 19 ғасырдағы қазақ ағартушылардың көне ескерткіштердің әдеби мұрасын игеруге талпыныстарын талдау. Бұл келешекте жан-жақты зерттеуді қажет ететін қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әдеби мұра және оның зерттелуі. – Алматы: Ғылым, 1961 ж.

2 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – А.: Санат, 1994 ж.

3 Орыс әдебиеті ғылымының пайда болуы. – М.: Наука, 1975 ж.

4 Курилов А.С. Орыс әдебиеттануының ғылым ретінде қалыптасуы. Реферат doc.phil.

Ғылым. – М.: 1982 ж.

5 Орыс әдебиеттануындағы академиялық мектептер. – М.: Наука, 1975 ж.

6 Байтұрсынов Ә.Әдебиет теориясы. – Ташкент: 1926 ж.; Жұмалиев Қ.Әдебиет теориясы. – Алматы, 1938 ж.; Ысмайылов Е.Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы, 1940 ж.

ТІЛДІК ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

ЖУМАБАЕВА А. С., КАБДРАКИШЕВА А. С., ГАББАСОВА Д. К.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, Павлодар қаласы
Аманжол Шамкенов атындағы лицей- мектебі, Павлодар қ.

«Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді қолданатын жоғары білімді ел ретінде қабылдануы тиіс: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық саясатқа табысты ықпалдасу тілі»

Н. Назарбаев

«Тіл – халықтың тарихы, шежіресі, халықтың күллі өмірінің жаңғырығы мен ізі, сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады. Тіл- адамдардың қарым- қатынасының аса маңызды құралы. Тіл-адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады», - деп К.Аханов айтқандай, тіл – біздің өміріміз бен қоғамымыздың ажырамас бөлігі. Қазіргі уақытта тіл мәселесіне көп мән беріліп келеді. Әсіресе, үш тұғырлы тіл мәселесі өзекті. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны алғаш рет 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария етіп, 2007 жылғы жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең- кезеңмен іске асыруды ұсынған. Бұл жоба бойынша Қазақстан халқы үш тілде сөйлейтін

жоғары білімді ел ретінде бүкіл әлемге танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі [1].

Сол себептен, ел азаматтары 2025 жылға дейін үш тұғырлы яғни, білім арқылы интеграциялану үшін ағылшын тілін де меңгере білу қажеттігі айтылған болатын. Қазіргі таңда халықаралық қатынастарға ерекше мән берілуіне байланысты қоғамның тарапынан шет тілін ерте жастан оқытуға деген қызығушылық артты.

Әлемдік талаптарға сай мобильді, жаңаны қабылдауға бейім, креативті, сыни ойлай алатын, поликоммуникативті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі қаратырылған. Ендеше қазақ, орыс, ағылшын тілдерін педагогикалық жоғары оқу орындарда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің бәсекеге қабілеттілігін дамытуды үштілділік жағдайында арттыру өзекті мәселе болып табылады.

Осыған орай, бірқатар мәселелер де туындап жатады. Соның бірі ауылдан келген жастар және басқа мемлекеттен келген оралман студенттерді тілді меңгеру қиын топтарға жатқызуға болады. Студенттерге және тілді меңгермеген оқытушыларға университет тарапынан тілді білу үшін қосымша, тегін курстар ашылса, нұр үстіне нұр болар еді. Айта кететін жайт, шығармашылық, немесе рефераттық жұмыстарды орындауда ғаламтор жүйесінде қазақ тіліндегі ақпараттың аздығы және мәліметтердің нақтылығының төмендігі, ауыл балаларына, әсіресе көршілес шет елден келген отандас студенттерімізге өз қиыншылықтарын туғызуда. Ал, тек пәннің мазмұны бойынша ғылыми ақпаратты толық игергенде ғана студент өзіндік жұмысының тапсырмаларын орындауда едәуір тиімді құралдарды таңдап алуға, оларды бірізділікпен құруға мүмкіндік алады.

Мұндай олқылықтарға тап болмас үшін үштілді мегерту жұмысын түбегейлі мектептен бастау керек [2].

Көптілді білім беруді дамыта отырып, біз оны барлық балалардың үш тілді білуін ғана емес, ең алдымен үш мәдени кодтың дүниетанымын біріктіруді мақсат етуіміз керек.

Қандай мектепте және қай тілде оқитынына қарамастан, елдің барлық жас азаматтарын біріктіретін нәрсе жасау керек. Басқаша айтқанда, көптілді білім беруді дамытуда біз үш мақсатқа жетуге ұмтылуымыз керек: тілдерді білу, дүниетанымды интеграциялау, елдің лайықты азаматтарын тәрбиелеу.

Бұл мақсаттарды жүзеге асырумеханизімін көздеуге болады:

1. Білім беру мектептерінде Қазақстан тарихы мемлекеттік тілде оқыту.

Барлық балалар мектепке түскен сәттен бастап қазақ тілін үйренетіндіктен,

5-сыныпқа дейін олар қазақ тілінде оқып, жаза алады. Тіпті орыс мектептерінде оқитын балалар да Қазақстан тарихы бойынша материалдарды түсіне алады. Ең бастысы, мәтін қарапайым және өте қызықты. Біздің балаларға арналған көптеген оқулықтарымыздың мәселесі-оларды ғалымдар жазады, балалар жазушылары жазғаны дұрыс болар деген ой бар. Яғни, ғалымдар негізді дайындап, оны тиісті дағдылары мен таланты бар адамдар балалардың санасына бейімдеуі керек. Оқулықты қарапайым, балалар тілінде жазудан басқа, орыс тіліндегі мәтінді анықтау қажет. Басқаша айтқанда, әр беттің бір жартысында қазақ мәтіні, ал оның астында бірдей орыс мәтіні болады. Егер оқулықтар беттер саны бойынша тым көлемді болса, оларды екі бөлікке шығаруға болады. Әр бетте қазақ және орыс тілдерінде бірдей екі мәтінді орналастыру да кадрлар мәселесін шешуге көмектеседі. Себебі, орыс тілді тарих мұғалімдері осындай оқулықтардың арқасында балалармен бірге қазақ тілін біртіндеп үйрене алады. Балалар емтихандар мен ҰБТ-ны қазақ тілінде тапсыратындықтан, олар екі тілде оқуға мәжбүр болады. Осылайша, Қазақстан тарихын алты жыл бойы (5-тен 11-сыныпқа дейін) қазақ тілінде оқи отырып, барлық балалар мектеп соңында оны ең аз қажетті деңгейде меңгеретін болады. Содан кейін жоғары оқу орындары мен колледждерде олар Қазақстан тарихын сол форматта зерделеуді жалғастырады және нәтижесінде қазақ тілінде мемлекеттік емтихан тапсырады [3].

Қазір барлық мектептерде қазақ әдебиеті қазақ тілінде оқытылады. Бірақ орыс мектептеріне арналған осы пән бойынша оқулық болса, онда жетпіске пайыз оның бейнелі әдеби тілде жазылған өлеңдерден тұратынын көруге болады. Балалар оны түсінеді ме? Мұндай оқулықтар балаларды қазақ тілін үйренуге және түсінуге қарама-қайшылығын көрсетеді. Нәтижесінде балалар мемлекеттік тілде жетілмей, керісінше қазақ әдебиеті мен мәдениетіне деген танымдық қабілеттерін жоғалтып алады. Менің ойымша, орыс мектептеріндегі қазақ әдебиетін, мысалы, ақындар поэзиясының сұлулығын және Абай қара сөздерінің даналығын бағалай алуы үшін орыс тілінде оқыту қажет.

Тілдің қолданылу аясын кеңейту үшін ресми лексикада көптеген синонимдер мен бейнелі сөздерді қолдануды азайту қажет. Белсенді қолданылатын лексика жиынтығын анықтап, оны Қазақстан тарихы бойынша оқулықтарға жазу қажет. Кем дегенде алты жыл бойы сол сөздер жиынтығын зерттей отырып, елдегі барлық балалар бірдей сөздік қорына ие болады. Бұл, менің ойымша, олардың дүниетанымын біріктіруге мүмкіндік беретін біріктіруші бастама болады. Себебі, олардың бәрі бір-бірін түсінеді [3].

Сонымен қатар, оқушылардың оқуы үшін міндетті Қазақстан тарихы бойынша ақпарат көлемін оңтайландыру қажет. «Тарихты тарих үшін» қағидасынан алшақтау керек. Себебі, тарихты оқыту-бұл ең алдымен мемлекет идеологиясының көрінісі. Бұл пәнді білім беру мақсатында пайдалану қажет. Мұнда «құзыреттілік» тәсілін қолдануға болады деп айтар едім [4].

Басқаша айтқанда, алдымен балаларымыздың бойынан патриотизм, адалдық, еңбекқорлық, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін, мейірімділік және т. б. қасиеттерін дамыту. Тарихи бейнелерді жастардың мінез-құлқының үлгісі немесе керісінше анти-қаһарман болу үшін сипаттау керек. Басқаша айтқанда, балаларды қай жылы болған оқиғаны жағтауға мәжбүрлемей керек, бірақ, мысалы, Абылай ханның қандай қасиеттерге байланысты ұлы адам болғанын зерттеу керек.

Менің ойымша, барлық балалардың бір оқиғаны үйренуі өте маңызды. Оқу материалы әр түрлі болмауы керек. Тіпті қазақ мектептерінде Қазақстан тарихын орыс мектептерінің балалары сияқты оқулықтар бойынша оқып-үйрену туралы сұрақ қоюға болады. Бұл жағдайда қазақ мектептерінің оқушылары тарихпен қатар орыс тілін де үйренетін болады. Сонымен қатар, бұл барлық жастар үшін күшті біріктіруші фактор болады.

Алайда, ықтимал қарсылықтарды болжай отырып, мен қазақ мектептері үшін тағы бір нұсқаны ұсынамын [5].

2. Қазақ мектептерінде орыс тілінде дүниежүзілік тарихты оқыту.

Қазір қазақ мектептерінің түлектері, әсіресе ауылдық жерлерден орыс тілін білмейді. Біз олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеміз, оларды орыс сөздерімен еркін жұмыс істеу мүмкіндігінен айырамыз. Сондықтан қазақ мектептерінде дүниежүзілік тарихты орыс тілінде оқытуды сол қағида бойынша енгізу қажет. Бұл пән 6-сыныптан басталады. Бір бетте қазақ және орыс тілдерінде екі мәтінді орналастыру оларға

орыс тілін білу деңгейін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Бұл да тарих болғандықтан, сөздік қорының қажетті минимумы орыс мектептерінде оқитын балалармен бірдей болады. Себебі, Қазақстан тарихы да, дүниежүзілік тарих та бірдей ұғымдармен жұмыс істейді. Сонымен қатар, екі пән бойынша оқулықтардың мәтіндерінде заманауи сөздер болуы керек және бүгінгі тенденциялармен байланысты болуы керек [5].

3. Барлық мектептерде информатиканы ағылшын тілінде оқыту.

Ағылшын тілінде білім беруді дамыту үшін қазақ және орыс сыныптарында информатиканы ағылшын тілінде оқытуды енгізуге болады. Бұл қисынды болады, себебі информатика терминдерінің жартысынан көбі ағылшын сөздері. Сонымен қатар, мұндағы қағида бірдей болуы керек: беттің жартысы ағылшын тілінде, жартысы қазақ немесе орыс тілдерінде бірдей аудармасы бар (мектепке байланысты). Нәтижесінде барлық балалар ағылшын сөздерінің бірдей қорына ие болады. Информатика мұғалімдері осындай оқулықтардың арқасында балалармен бірге ағылшын тілін үйренеді.

Осылайша, осы тетікті іске асыру барлық үш мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді: тілдерді білу, дүниетанымды интеграциялау, елдің лайықты азаматтарын тәрбиелеу.

Егер осы процесс бастау алса, өскелен ұрпақ үш тілді жетік білетін болады.

Латын әліпбиін сөзге тиек етсек, жаңа әліпби бекітілген кезде, балаларды біртіндеп сол қағида бойынша жаңа жазуға үйретуге болады, яғни бір бетте кириллица мен латын әліпбиінде бірдей қазақ мәтіндерін беруге болады. Бұл жағдайда балалар біртіндеп кириллицада да, латын тілінде де еркін оқып, жазуды үйренеді [3].

Үш тілді оқыту-жастардың білім кеңістігінде самғауына жол ашатын, әлемдік білім құпияларына үніліп, өз қабілетін көрсетуге жағдай жасайтын бүгінгі күнгі басты қажеттілік деп санаймын. Кейбір мамандардың айтуынша ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білу арқылы көптеген қайнарларға кезігіміз. Белгілі тілші-ғалым Б.Хасанұлының: «...Қазақ баласы әуелі отбасында қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады... Яғни, тірек мықты. Тілі ана тілде сайрап тұрғандықтан, ешкім оған балта

да шаба алмаған» деген пікір айтылған. Жаһандану жағдайында ағылшын тілін еркін меңгеру инновациялық технологияларды игеруге, ғылыми идеяларды және білім бағдарламаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тұғырнамасында таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз, адами қатынас тәсілдері, барлығы түбегейлі өзгеруі мүмкін екендігін әрі қазақстандықтардың әрдайым осы түбірлі өзгерістерге дайын болу қажеттілігі ескеріледі. Бұл – баршамыздың әрқашан жаңа жүйелер мен өзгерістерге, жаңаруға дайын болуымызды есімізге салады. Осыдан келе жаһандық әлемге еркін кіруіміз үшін осындай аталмыш ауқымды мәселелерге немқұрайлы қарамау қажеттілігі туындайды [4].

Сөз соңында, қанша тілді меңгерсең де, қанша әлемдік мәдениеттің биік өнертабысына қол жеткізсең де, өзіңнің ұлттық кодыңды сақтап, ұлтымыздың мәңгілік байлығы – туған тұғырлы тіліміз бен халықтық құндылықтарымызды ешқашан ұмытпауымыз керектігі әрбіріміздің жадымызда жүруіміз тиіс [1].

Қорыта келе, үштілділік – заман талабы, себебі еліміз үшін жаһанданудан тысқары қалтарыста, дамыған мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймау шарт. Қолданыста жүрген қазақ және орыс тілдерінен өзге ағылшын тілі де білім беру жүйесіне кірістірілуі тиіс, себебі көптеген маңызды ғылыми жобалар мен мақалалар, әлемге аты әйгілі ғалымдар өз еңбектерін түпнұсқада ағылшын тілінде жазады. Елімізде 135-тен астам ұлт өкілдері тұратындықтан, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде меңгерілуі қажет. Сонымен қатар, қазақ тілі өз ана тіліміз және мемлекеттік тіл болғандықтан өз дәрежесіне сәйкес білім беру жүйесінде орын табуы қажет. Осылай ғана еліміз өркендеп, көркейіп, бәсекеге қабілетті елдердің санатына кіре алады [1].

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Орыс тілі - ұлтаралық қарым - қатынас тілі.

Ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.

Мемлекеттік тілді – дамытамыз.

Орыс тілін – қолдаймыз.

Ағылшын тілін – үйренеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы

№110 Жарлығының негізінде. – Электрондық ресурс: <https://primeminister.kz/kz/2020-2025-zhyldarga-arnalghan-memlekettik-bagdarlamasy-9111857>

2 Қазақ тілді емес мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері /Әдістемелік құрал. – Астана, 2017. – 85 б. – Электрондық ресурс: <https://tilqazyna.kz/adisteme>

3 Аренова Т.В. Тілдерді оқытудағы жаңа бағыт. – Қазақ тілі: әдістеме. №1, 2008

4 Электрондық ресурс: penni-ou-edistemelik-kesheni

5 Мейрманқұлов А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Фолиант, 2010

ART OF THE NATIONAL IDEA IN SULTANMAHMUT'S WORK

ZEINULINA A. F.

Candidate of philological sciences, professor, Toraighyrov University, Pavlodar

TASHEKOVA A. T.

Master of Education, senior teacher, Toraighyrov University, Pavlodar

At the turn of the 11th and 20th centuries, there are several unique personalities who brought fresh ideas to the world of literature. They are distinguished by the thematic significance, artistic solutions, and genre features of their works. The movement of poets-writers with an optimistic attitude, who have lifted the spirit of the Kazakh people, will be started by figures such as Sultanmahmut Toraighyrov, Magzhan Zhumabaev, Sabit Donentaev, Saken Seifullin, Beimbet Mailin, Ilyas Zhansugyrov.

The period of Sultanmahmut's life was the beginning of the 20th century - the period of the greatest upheaval on the Russian soil, the struggle for freedom. Three identical revolutions superimposed on each other destroyed the royalist power. The weakening of colonial oppression hastened the awakening of nations. The political situation caused the awakening of national consciousness, the three revolutions mentioned below, in Russia in 1905-1907 and the anti-tsarist movements in the Kazakh steppes in 1916, the February Revolution of 17th.

Sultanmahmut Toraighyrov made a significant contribution to Kazakh poetry, his poems are now a precious treasure of Kazakh literature and have become the blessing of several generations. Sultanmahmut Toraighyrov's work is filled with lofty dreams of a free society. His forward-looking literary legacy has the human value of educating the growing generation in patriotism and love for the Motherland.

In the new period of the poet's work, which began in 1912, he turned to the enlightenment founded by Abay and Ybrai, and encouraged young people to study. «He is born like the moon and decides to take the sun», he is motivated to overcome life and strives to search tirelessly to find the truth.

After the first campaign poems, the poet expands the field of lyrics and strives to describe the secret of the soul and actions of the lyrical hero. From his poems, one can see a strong character that does not give in to fate, strives forward, and resists pain. Since then, criticism of the old has risen in the poet's works.

He fights against bad habits and bad customs that are common among Kazakhs. In his poems written on the theme of nature and love, the poet looks at human feelings in connection with the social outlook and social life. The attitude against the old brings him into conflict with injustice in society.

He expanded the content of Kazakh poetry by artfully portraying the reality of life, created lyrical poems full of secrets. He wrote many stories, essays, literary-critical articles, published two novels («Kamar sulu», «Kim slyanyty?»), four poems («Introduction»), «Lost Life», «Kedey», «Aytis».

Sultanmahmut Toraigyrov raised the issue of women's inequality in «Kamar Sulu» and analyzed the reality of the era from a social point of view. In his novel, he comprehensively describes the reality of rural life, criticizes the lack of economic development of the Kazakh people, their lack of demand and indifference to farming, laziness, and disunity.

Sultanmahmut Toraigyrov developed the poem genre in a new channel. In his non-plot poems, he covered a wide range of life issues and tried to propagate his ambitious ideas in a sharp and open way. His first poem «Introduction» aimed to introduce the representatives of the Alashorda movement to the country. Introducing A. Bokeikhanov, A. Baitursynov, and M. Dulatov, he writes that «one is the sun, one is the sholpan, one is the moon», and he distinguishes the work of the Alash people for the independence of the Kazakh people. In addition to the representatives of Alash, prominent Kazakh personalities Abay and Shakerim are highlighted.

The main purpose of the poems «Lost Life» and «The Poor» is to reveal the causes of injustice in society, to search for equality. The poet touches on these issues beyond the framework of the Kazakh village and as problems specific to the capitalist society.

«Lost Life» - Sultanmahmut Toraigyrov's work was a great success. Here, the poet, in his short life, sings bitterly and eloquently about the life transitions that he has seen with his eyes, which he has gathered in his mind, and which he has learned through his knowledge. Although the lyrical hero of the poem is engaged in various professions, he does not find satisfaction and equality in any of them, and longs for a just society. The work creates an image of the future new society in the poet's understanding. The main idea of the work leads to the optimistic conclusion that a person can control life according to his wishes and should strive for it. The poem is dominated by complex philosophical thoughts.

The main character of the poem «Poor» also does not find justice in his environment, he turns the conflict between society and man into an irreconcilable struggle. The poem «Aytys» is incomplete, in which Toraigyrov compares the poet of the city and the poet of the countryside, and describes the conflicting aspects of both environments and the beneficial aspects of the people.

«If Kazakhs need to progress, they should not be left in a small position, but should be added to the list of mature people known to everyone; together with them, we need to find a way for human beings to live easily and be happy, we need to search and fight... We need to quickly learn their knowledge when we need it, and when we need it, we need to take care to quickly join the ranks» - as Zyr Sultan Sultanmahmut himself said, his creative world He paid special attention to the high spiritual culture of the Kazakh nation, and worked tirelessly on that path even though his life was short.

The fate of each poet is formed in different circumstances. There are poets whose seeds fall into the soil and yield easily, and poets who search tirelessly and find the path of truth through difficulty. Along the way, they create their own destiny. Sultanmahmut is a poet following this last path. He created his own life with his own poetry. If you follow the creative path of the poet and follow the writing of his poems, you will be able to see this. The pain of life experienced by Sultanmahmut, the poverty, the traces of the young talent's search for success - everything is reflected in his works. From this point of view, it can be said that he is a poet whose life and fate are woven into his poems.

On the way to search for the truth, the owner of talent begins to get acquainted with socio-political and philosophical literature, in order to find his place in the general struggle, he needs to solve the complex problems of the time. Toraigyrov wrote works full of optimism and faith

in the future of the Motherland in the last years of his life, when he was suffering from a serious epidemic. «Even if you devote your life to a dream...» Toraighyrov 's lyrics are diverse in terms of subject: there are civil and philosophical poems, there are many poems about love and nature. However, as mentioned at the beginning, Sultanmahmut was a civilian poet [2, p. 389].

According to the opinion of the poet «Lost Life», there is nothing in the light world created without a reason, nothing that exists out of nothing. How many souls are there in a lie? Are you a human or a monkey? Or do you mean cattle? Whether you start a conversation about a tree or grass and ask a question. There is no doubt that everything is the result of a certain cause. Among so many souls, a person has a different place. The secrets of nature, which his brain power is not enough, are decreasing year by year. Man has the power to manipulate everything in the world by putting it in different colors.

The poem consists of five chapters: «I am a child», «I am a boy», «I am stopped», «I am an old man», «I am a dead man». According to the poet, a person is endowed with moral purity and pure thoughts from birth. In this case, everyone is equal: rich and poor, Christian and Muslim. Man is kind and gracious by nature, he has many wonderful qualities, but this will continue until he falls under the rule of «tradition, god, king and gold» [1, p. 24].

Who can say for nothing that this was the dream of not only the Kazakh poet Sultanmahmut, but also the great humanists of mankind? The history of human society, countries and peoples is not just a series of big and small events that have happened to them, but the history of the struggle between justice and tyranny, honesty and dishonesty. Forward-thinking, well-intentioned people longed for the society described by Sultanmahmut above. He encouraged his contemporaries to create such a society. It is known that this road was not a smooth road, and those who took it faced many obstacles and went astray.

«...In Europe there were the world's greatest artistic geniuses - Shakespeare, Cervantes, Schillers, but... in none of them do we see this ability, and we see it only in Pushkin. It's not responsiveness alone that matters, but rather the amazing completeness of transformation. This ability, of course, I could not help but note in my assessment of Pushkin, precisely as the most characteristic feature of his genius, which belongs to him alone among all the world's artists, which is what distinguishes him from them all. [6, p. 44].

This ability is an entirely Russian, national ability, and Pushkin only shares it with all our people, and, as the most perfect artist, he is also the most perfect exponent of this ability, at least in his activity, in the activity of an artis.

There is a distinct political dimension to this analysis. A people capable of understanding the soul of other peoples is the natural leader of the world political system. The glorification of the worldwide responsiveness of Pushkin's genius turns out to be a barely disguised legitimation of the political claims of the Russian Empire. Dostoevsky had no doubt that the purpose of the Russian person is pan-European and worldwide. And to become a real Russian, completely Russian, perhaps, means only - to become the brother of all people, all people.

Such a period is usually concentrated in the work of one poet, whom the nation subsequently recognizes as its national poet and sees in him the beginning of all beginnings. In Russia, such a figure was Pushkin, who combined in himself the titanic features of the figures of the Renaissance, the rationalism of the Enlightenment, the sublimity of Romanticism, the skepticism of Critical Realism, in France - Hugo, in India - Tagore, in Germany - Goethe, in Japan - Bass, in England - Byron, in Turkmenistan - Magtymguly, in Hungary - Petofi, in Ukraine - Shevchenko. All of them are marginal (that is, encyclopedically educated, who have synthesized in their work the achievements of at least two cultures) individuals who have absorbed into themselves and into their work all the best that was in previous cultural eras, literary movements, and styles. That is why they are difficult to define within the framework of any one era or direction. They are usually called romantics, but very often they do not fit into the programmatic framework of romanticism as a movement.

The social structure that once seemed correct to many people, its laws were discredited because they could not meet the demands of the time, and were replaced by another social structure and other laws. Scholars, politicians, and public figures, who weighed their time tirelessly, proposed new ideas. Their thoughts rule the minds of millions, and everyone's own thoughts and opinions have become a material force.

A comparative analysis of 184 Canadian and American popular and highly cultural remakes indicates the inadequacy of the traditional understanding of national literary differences as a reflection of unique national characters. An alternative understanding of national literature is presented that takes into account differences in the contexts of production and literary use of different types of literature.

The author argues that popular culture novels in Canada and the United States are not much different precisely because they are created using similar mass market strategies and are read by similar audiences. On the other hand, my data on cross-national differences in the timing and content of canonical literature suggest that poems and novels have highly symbolic value associated with the development of the nation-state and are shaped by elite interests in constructing national identity. [7, p. 17].

Mass unrest and uprisings of the people threw out some of the rulers and installed others in their place. It's a wonder, as Sultanmahmut said, «I didn't open my eyes to delusions this day.» Human society has experienced as many delusions as it has searched for.

Sultanmahmut's poetry is a school of poetic skill, patriotism, and citizenship. There is no doubt that all our true poets are followers of classics with a thousand images. Although the second edition is rare and rare, its promotion is insignificant, and its research is extremely small, the people's passion for Sultanmahmut's heritage is always high!

Denis Diderot said, «The only person who contributes to the happiness of the people is a happy person.» So, how happy Sultanmahmut was during his life, who spent all his life, strength, mind, intellect, all the flame of his talent until his last breath was extinguished, to contribute to the happiness of the people, even today, his shining noble poetry is happy with all its nature. . A poet's poetry is a very viable poetry.

We can see that Sultanmahmut touched on such big and important issues as the independence of our sovereign country, language equality, native industry, and national defense even then - in 1919, and he sang brilliantly. At the age of twenty-seven, the poet fell ill and was caught by fate! «I didn't stay for at least two years, I'm leaving without being able to reveal everything inside,» he said, regretting that he couldn't finish «Aytys».

«Aytis» S. The study of Toraighyrov 's creative heritage from a literary point of view began in the 30s of the 20th century. The authors of the first articles about Sultanmahmut were I. Zhansugirov, S. Mukanov, S. Seifullin, A. Adalis, I. Maslova, K. Daukenov, S. Aitmukanov and others. was.

After the death of S. Toraighyrov, in Soviet times, it was published in the books «Lost Life» published by the well-known poet Berniyaz Kuleev in Kazan in 1922, and «The complete collection of works of Sultanmahmut Toraighyrov « published in Kyzylorda in 1933.

In 1933, the poet's collection was prepared for publication by Zhusipbek Aimauytov. «After the death of Sultanmahmut (in 1920), it

should be emphasized that the work of Zh. Aimaurov, who collected and typed his works for ten years, prepared them for publication and wrote his life history, is special. If not for Yusupbek, the complete collection of Toraighyrov would not have been published, and we would not have known his complete life story,» says Kayim Mukhamedkhanov.

In the new period of the poet's work, which began in 1912, he turned to the enlightenment founded by Abay and Ybrai, and encouraged young people to study. «He is born like the moon and decides to take the sun», he is motivated to overcome life and strives to search tirelessly to find the truth. After the first campaign poems, the poet expands the field of lyrics and strives to describe the secret of the soul and actions of the lyrical hero. From his poems, one can see a strong character that does not give in to fate, strives forward, and resists pain. Since then, criticism of the old has risen in the poet's works. He fights against bad habits and bad customs that are common among Kazakhs. In his poems written on the theme of nature and love, the poet looks at human feelings in connection with the social outlook and social life. The attitude against the old brings him into conflict with injustice in society.

During the years of his work in the magazine «Aykap» (1913-1914), Toraighyrov , in addition to poems and short stories, wrote a number of critical articles (the most important of which are: «About Kazakh poetry collections», «Songs and their performers», «System of teaching Kazakhs»), in which the need to improve the education system is written.

The works of Sultanmahmut Toraighyrov are a great milestone that shows the reality of the Kazakh society at the beginning of the 20th century and the development of innovative thinking in it. His researches are connected with the «search for the village of truth», his realism is based on the truth, expressed without slurs, true images of social life, and his tendency is critical. In the poem «Thought of a Disciple»:

Dark Kazakh blue,
I will climb out and be the sun.
Revenge of the darkness
Who am I without the sun?

It is clear that no one has any doubt that the poet who sang, in fact, today remains one of the brightest days in the Kazakh sky.

Sultanmahmut was a classical poet who was able to show the spirit of his time as widely as possible. Honorary representative of Kazakh classical poetry. We bow to the name of the great poet. We are proud to have such a wise poet.

Sultanmahmut Toraihyrov made it his life's dream that the Kazakh people would become a happy and cultured country. That's why he set himself an ambitious goal: «Who will I be if there is no sun in the blue of darkness?» The dream of the famous son of the people has now come true. The Kazakh people were a cultured and free country.

Sultanmahmut left a great literary legacy. This is the legacy of the poet left to our people. We should be able to appreciate that heritage and get its golden nourishment. The legacy of the poet, whose works are deeply embedded in the spiritual life of the people, is dear and beloved to every student. This is the biggest award given to Sultan Mahmut. Only great literary giants can have such love.

REFERENCES

- 1 S. Toraygyrov. Collection of works in two volumes, volume 1. - Almaty: «Science», 1993.
- 2 Kenzhebaev B. «Literature at the beginning of the 20th century Almaty: «Knowledge».
- 3 Espenbetov A. «Shakarim and Sultanmahmut» Almaty: «Silk Road», 2002.
- 4 E. Otebaev. Sultanmahmut Toraygyrov. //Saryarka breeze. 1990.
- 5 Лихачев Д. С. Поэтика древнерусской литературы. – М.: 1979. – С. 80-81.
- 6 Вознесенский Ф.. Аксиома самоиска. Песня акына. – М.: СП «ИКПА», 1990.-с.43.
- 7 Sarah M. Corse, Nations and Novels: Cultural Politics and Literary Use, Social Forces, Volume 73, Issue 4, June 1995, Pages 1279–1308, <https://doi.org/10.1093/sf/73.4.1279>

СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ

КОКБАС Ж.

филология магистрі, М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл қ.
ЖАЙИМБАЕВА А. А.
студент, 4 курс, М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл қ.

Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дүниеге келгеніне биыл 130 жыл толады. Қазынаға толы қоймасын қазағына қалдырып кете барған қайран ұлдың рухына тағы бір рет тағзым ете отырып, оның аққан жұлдыздай

ерлікке толы өмірі иісі алаш азаматына ғибрат. Алла маңдайына жазған аз күндік несібесін өз туған халқына арнап, тарихына тың тараулар қосуға талпынған жанның еңбегі елеулі. Қатал тағдыр тауқыметіне төтеп беріп, сондағысы 26 жыл өмір сүрсе де, қазақ халқының тарихи санасын қалыптастыруда рухани кеңістікті құрайтын қыруар еңбек атқарған жан – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ғылыми мұрасы жоғары бағаға ие.

Аумалы-төкпелі заманда өмір сүрген Сұлтанмахмұттың замандасы, алаштын арысы Жүсіпбек Аймауытов «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атты ғылыми-зерттеу мақаласында: «Қақсоқпен, ойынмен әуесі жоқ, мең-зең монтайған момақан Махмұт туған шешісінің мекіренген мейірімін көре алмады. Сұлтанмахмұт алты жасар, інісі Бәшен бес жасар кезінде әкесінен оқып, «еже» таниды. Содан кейін әкесі кейде өз үйінде жеке молда ұстап, кейде ел арасындағы молдаларға беріп, балаларын оқудан үзбейді. Он екі-он үш жасқа келгенде Махмұт Мұқан молдада оқиды. Мұқан молда араб, парсы, икейлерін қазақшаға айналдырып, өлең қылатын, біреуді мақтап, біреуді жамандап өлең шығаратын «арқасы» бар адам болды. Молдасына еліктеп, он үш жасар Махмұт та сықақ өлең жаза бастайды. Содан кейін Махмұт Баян қаласында медресе ашып, бала жинап жататын Әбдірахман молдадан (ел «күйеу Мағзұм» деп атайтын) оқиды. Махмұт молданың өз үйінде тұрды. Сабақтан босағанда, Мағзұм Махмұтқа шай қайнаттырып, отын жарғызып, су әкелгізіп, малын күттіріп, малай қылып алады. Сол кезде-ақ Махмұт қожа-молдалардың өтірік «әулие» болып, ел сауғанын жақтырмай, сөгіп өлең жазады, ол өлеңдерін молда көріп қойып, ұрысады, жек көре бастайды» [1] – деп жазады. XIX-XX ғасыр кезінде қазақ халқының білім алуы екі түрлі бағытта болғаны барлығымызға аян. Қалың қазақтың көптеген балалары ежелгі дәстүрлі білім арқылы, яғни ауыл молдаларынан тәлім алып, хат тануды жалғастырып алғаш сауаттарын ашуы, білім алуы бәрімізге белгілі. Бірақ білім беретін молдалардан басқа, дүмше молдалар да сол кезде көбейіп кетті. Қазақ әдебиетін қалыптастырушы тұлғалардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың естелік еңбегінен аңғарғанымыздай, Махмұттың өзіне Мұқан секілді білімді молда мен елдің айтуы бойынша күйеу Мағзұм секілді өз пайдасы үшін жолында ештеңені аямайтын молдалар да сабақ берді. «Құлақпен естіген тынық, көзбен көрген анық» дегендей, өзі өмір сүрген заманының ашық көрінісін Сұлтанмахмұт «Жан қайда әділетті іздейтұғын» атты өлеңі арқылы бейнелеп берді. Мәселен, мына үзіндіге назар салыңыз:

*Бұл күнде молда атаулы сорға болар,
Кедей, момын түсетін тор да болар.
Нашар болсаң шығармай жсаназаңды,
Малың болса, бүркіттей қолда болар.
Айнуды, азғындықты молда бастар,
Сөзі оңды, ісі жауыз, арам настар.
Басқаға «тәлен ет» деп бұйырғанын,
Өз басы өмірінде қылмай тастар.
Молданы ол секілді көрді көзім,
Бұзатын өзі айтқан бата сөзін.
Басқаға шаригатты суша ағызып,
Өзі оны істемейтін соқыр сезім [2, 11 б.].*

Сонымен қатар, бұдан басқа молдалардың дінді пайдаланып, кара істерін жасырып жүргендігі жайында Махмұттың өзі талай өлеңдер жазды. Соның ішінде «Дін» атты өлеңіндегі мына бір үзіндіге тоқталсақ:

*Бұл – молданың өтірігіне сену деген,
Жетегіне соқырдың еру деген.
Алдамшының алдаған сөзіне еріп,*

Қолда барын сытырып беру деген [3, 38 б.]. Бұл үзіндіден молданың айтқан өтірігіне сену және соның жетегіне еру – соқырдың күнін кешумен бірдей екендігін аңғарамыз. Яғни, сол заманда үстем тап өкілдері мен байлардың балалары мешіт-медреселерде, училищелерде оқыса, ал ақы көрсе, жолдан тайған өтірікші молдалар қарапайым қара халықты алдап, арбап өз пайдаларына жаратты.

Бұдан басқа Сұлтанмахмұттың «Мағынасыз мешіт» атты өлеңіндегі:

*Жұрт отыр жуан созған дауысты аңдып,
Бір сөзді де ұға алмай текке қаңғып.
Қарға ма қарқылдаған, яки бұлбұл,
Біле алмай мен отырдым бұған таң ғып.
Айттым деп ол ойлайды құдай сөзін,
Айтты ма, алдады ма жұрттың көзін,
Түсіндірмей, сырнайша құр әндет деп,*

Құдай қашан сайлапты оның өзін? [2, 94 б.] – деген жолдардан ақынның мешітке жиналған жұрттың ислам дінінің қағидаларын саналы түсінбей, мазмұнына, маңызына бойлай алмай, оқып отырған аяттарының мән-мағынасына жете үңілмей құр сарнайтындықтарына қынжылғанын көреміз. Бұдан басқа, «Дозак»,

«Жұмақ», «Намаз» атты өлеңдерінде де Құран Кәрімді шала біле тұра, соны басқаға үйретуге тырысқан сауатсыздарды, өзін өтірік дін жолындамын дейтіндерді қатты сынады. Ақынның дінді дұрыс ұстамаған жандарды сынауы – оның атеист болуға ұмтылғанынан емес, оның қара қазақтың көзін арбаған сауатсыздықтан, үлкен катеден құтқаруға ұмтылғаны деп түсінеміз. Жолбарыстай Сұлтанмахмұтқа XX ғасырдың 50-60 жылдары «атеист» деген өтірік жала жабылуы және сол жалаға сеніп келе жатқан талай адамның іс-әрекеті жаныңды жегідей жеп, намысыңды таптағаны сонша ұяттан кірер тесік таппайсын.

Медресе тәртібін көріп, жүйелі білім алған жазушы Сұлтанмахметтің жүрегін бұлардан басқа тағы бір нәрсе қинайды. Ол – Харитонов деген орыстың қасиетті Құран Кәрімді бұзылған, қате түрінде бастырғаны. Бұл туралы публицист ақын 1914 жылы «Айқап» журналында жарық көрген «Құран бұзған» атты мақаласында: «Қазан шаһарында көп жылдан бері матбуға ұстап, мұсылманша кітап, Құран бастыру ісін дүрілдетіп, мұсылмандардан мақтау алып тұрған Харитонов деген орыстың 1913 жылғы бастырған Құрандары бұзылып шыққан. Бұзғанда да біртүрлі «басын қол, қолын аяқ, мұрнын көз қылып, сындырып, киратып» дегендей, емін-еркін адам аярлық дәрежеде бұзған. Бұзылған Құрандарда «дұрыстығын қарадым» деп қойылған бір хазіреттің қолы бар. Хазірет өнінде қарады ма, түсінде қарады ма, жоқ хазіретке сырттан жапқан жала ма, ол арасы анық емес».[4] – деп дабыл қағады. Ары қарай жалғастырсақ: «...бұзық Құраны бар күрделі кітапханалар һәм басқа бірлі-жарым алғандар да Харитоновтың өзіне қайтарып жатыр. Бұл қайтарып жатқан – ноғайлар. Біздің қазақтан Құранның бұзықтығын білді, иә қайтарды деген әлі біреуді естігенім жоқ. Біздің қазаққа тек сызуы бар текшелеген қағаз болса, Құран бола кеткені ме, әлде таралмады ма? Таралса да, тазасын айырушы жоқ па деп ойлаймын».[4] – деп халықтың Қасиетті Құранға үстіртін қарап, маңызын түсінбегендерді сынап, діни сауаттың дұрыс болмағанына, діннің қате тарағанына өз ренішін білдірген. Сұлтанмахмұт діннің жолын жете білген, Құранды ұққан терең білімді тұлға десек асыра сілтеп айтпағанымыз болар...

Елім, жерім деп жүрегі соққан Сұлтанмахмұт халық ішінде болып жатқан әлеуметтік тұрақсыздықтарды, бытыранқылық пен алдап-арбауды көріп, сол қиыншылықтармен арпалысып, шындық іздеген алты алаштың жолбарысы болған. Бала кезінен басына тағдырдың дайындаған талай қиындықтарын, тауқыметін

көрсө де, жас баланың жүрегіндегі білім мен ғылымға деген ессіз құмары алға жетелеп, өз тағдырын өз қолына алуы, адалдық пен білім жолындағы түйген ойларын, ел мұңын ерте түсініп жырлаған талай еңбектерінен көре аламыз. Яғни, тағдыры мен өмір жолы еңбектерінде өрілген азамат екенін байқаймыз. Жоғарыда айтып өткендей, Сұлтанмахмұт алғашқы сауатын әкесі ашып, ары қарай білімін молдалардан алады. XIX ғасырда молдалардан білім алып, дін жолын жалғастырып, «қари» атану барлық жас жігіттердің арманы болған. Бұл туралы Ұлы Абайдың мұраларын насихаттаған Жүсіпбек Аймауытов жоғарыдағы мақаласында: «Қандай бейнет шексе де, жолында қандай бөгет тұрса да, беттеген мақсатына жетпей тынбайтын Махмұтта мінез бар. Махмұт тақуа болады. Тұла бойы тұнған тұмар, мойнында – тәспі, дұғалақ, аузында – зікір, күн шықпай оқығаны – намаз, заулатқаны – «жасын», ол дәретсіз жер баспайды; «қари болам» деп Құранның он үш парасына дейін жаттап алады, сырлас жолдастарына: «күллі денем зікір айтқандай болады» деп жүреді», [1] – деген сөздерден жас жігіт Сұлтанмахмұттың да «қари» болу арманы болғанын аңғарамыз. Бұл арманы орындалмаса да, болашақта тақуа болды, аузынан және шығармаларынан дінді ысырып тастамады, елі үшін ерең еңбек етті. Махмұт ақын ислам дінінің шарттарын жоғары деңгейде білгені, сонымен қатар ислам дінін, «Құдайды» өзінің еңбектерінде көптеген қырынан өрнектеуге тырысқаны анық. Ақынның «Айтыс» (Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны) дастанында қазақ халқының діні туралы:

*Ислам деп қазағымның айтсам дінін,
Дос тұрсын, дұшпан таппас оның мінін.
Негізі ақылменен сонша үйлесер,
Мін іздеп қозғай алмас ешкім тілін.
Мақсаты: адам ұлын бақты қылмақ,
Дінімнің байқасаңыз ішкі сырын:
Бұйырған пенделерге әділ бол деп,
Әділдік бақыт үшін жалғыз жол деп;
Қажы менен жұманы парыз қылған,
Жиылып бір ынтымақ қылған оң деп.
Зекет бер, нашарларға көзің сал деп,
Ғылымды қайдан болса сонан ал деп.
Ешкімге өзің тиме, біреу тисе,*

Өзіңді қорғау үшін қарсы бар деп, [2, 186 б.] – деп жазған.

Үзіндіден қазақ ұлтының ислам дінін ұстанатындығын, діннің мінсіз екендігін аңғаруға болады. Ислам діні – орасан зор өркениеттің көзі,

қарым-қатынас жасай білуге, кез-келген жұмысқа шығармашылық қабілетпен қарауға, эстетикалық сезіммен ойнау арқылы мінез құлқын дамыту. Дене қозғалысының нақтылығымен еркіндігін дамытуда, өзінің денесінің сыртқы қоршаған ортамен байланысқан қарым-қатынасын сезінуге балаларды эстетикалық, психологиялық қабілетін дамытады. Сөз мәдениеті және техникасы. Ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасы мен дикциясын дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрылымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге сөздермен айтылатын ойындар кіргізілген. Бейнелеу арқылы сөйлетуін дамыту, шығармашылық фантазиясын дамыту, шағын әңгіме және ертегі құрастыра білуге үйретеді.

Саусақ театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады.

Трафарет театры. Трафарет театры арқылы сөз құрамының байлығын, диалог, монологты дамытуға болады. Балалар дайын трафареттердің көмегімен болашақ кейіпкерлердің суреттерін жасайды. Оларды түрлі-түсті бояулармен бояйды, дайын бейнелерді қайшымен қияды. Бұл жерде балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Ұжымдасып жұмыс істеу үрдісінде әрбір бала өзіне берілген бейненің түр-тұлғасын, қимыл-қозғалысын өзгерте алады. Үстел үстіндегі қозғалмалы ойындарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттінен кейін ойнатуға болады. Онда балалардың өздерінің шығармашылықтары арттады. Театрландырылған ойынды басқару негізіне әдеби шығармашылық мәтінмен жұмыс істеу жатады. Мәтінді оқығанда әдеби тілмен анық, мәнерлеп оқу керек. Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінге балалардан эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тәрбиеші, дайындық

топтарының балалары сәбилерге кішігірім спектакелдер көрсетеді, бұған әр түрлі театр түрлері қолданылады: бәрімізге таныс картиналар театры (фланелограф), саусақ театры. Сәбилердің ынталарын, әр түрлі түстерді ажырата алуына көмектеседі [5].

Сәбилер тобындағы балалар ертегінің мәтінін өздері қайталамау үшін, олар берілген іс-әрекетті орындайды. Мәтінді тәрбиеші 2-3 рет оқу қажет. Рөлмен ойнау балалардың елестету белсенділігін арттырады, өз бетімен шығармашылық ойынға дайындалуға көмектеседі. Театрландырылған ойынға қызығушылықтарын қалыптастыруға қуыршақ театрының қойылымын көру көмектеседі. Күнделікті ойнайтын ойындарды кенейтіп, драматизация ойынның әр түрлігін меңгеру арқылы, балаларды қатыстыра отырып ойын тапсырмаларын біртіндеп қиындата түсу керек. Адамдар, жануарлар және құстардың әрекеттерін ойын арқылы келтіру. Адамның негізгі эмоциясы (күн көрінді – балалар қуанады, күледі, алақандарын соғады, орындарында секіреді), кезекпен тартымды рөлдер ойнау. Ортаңғы топтағы балалар «өз үшін» ойынан бала біртіндеп көрермендер үшін жасалған қойылымға ауысады. Бұл жастағы балалардың театрландырылған ойынға қызығушылықтары тереңдей түседі. Ортаңғы мен ересектер тобының балалары саханалық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы арттады. Қандайда да саханалық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі:

1. Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударылады.

2. Әр кейіпкердің киіміне көңіл бөлінеді. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады.

3. Сұрақ – жауап арқылы кейіпкердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отыру.

4. Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалау үшін, талмай жаттығулар жасау керек. «Бала ойынының қарапайымдылығы – алдамшы құбылыс бұны бәрі біледі, бірақ оны бәрі түсіне бермейді» - деп, П. Ф Каптерев айтқандай, ойын бала дамуының негізгі құралы ғана емес, сондай-ақ, өзін-өзі тәрбиелеп, әлеуметтендіруіне мүмкіндік жасайтын, отбасынан кейінгі, әлеуметтік ортаны қалыптастыратын негізгі іс-әрекет.

Сондықтан, мектепке дейінгі кезеңде балалардың ойындағыларын және шығармашылығын дамыту үшін, театрланған балалардың ойын бала өмірі үшін алатын орны ерекше.

Қорыта айтатын болсақ, ертегілер – мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін, сана-сезімін қалыптастырушы құрал болып табылады. К.Д. Ушинскийдің сөзімен айтқанда, ертегі баланы халық қазынасына ендіреді, халық рухымен араластырады. Ауыз әдебиетінің қай үлгісін алсақ та, онда болашақ ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар рухани қазына жатыр. Сондықтан да біз сол бай мұраны пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың бойына әдемілік пен әсемдік қасиеттерін дарыта білуіміз қажет. Мейірім мен махаббатты, сұлулық пен әсемдікті адам бойына ұялататын осы ертегілер екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Короткова Л. Д. Сказкотерапия в школе. Методические рекомендации. – М. : ЦГЛ, 2006.
- 2 Зинкевич-Евстигнеева Т. Д., Грабенко Т. М. Практикум по креативной терапии. – СПб, 1998.
- 3 Төлеген А. Ертегі терапиясы // Қазақстан мектебі. – № 8. – 2012.
- 4 Борякова Н. Ю., Соболева А. В., Ткачёва В. В. Практикум по коррекционно-развивающим занятиям. – М., 1994.
- 5 Филичева Т. Б., Туманова Т. В. Дети с общим недоразвитием речи. Воспитание и обучение. – М., 1990.

TEACHING ENGLISH AS A FOREIGN LANGUAGE WITH THE DEVELOPMENT OF SOFT SKILLS

BAKHI A. K.

student, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar
OSPANOVA ZH. Z.

Master of Philology, Pavlodar Pedagogical University
named after A. Margulan, Pavlodar

The evolving landscape of education places a premium on fostering skills such as communication, critical thinking, adaptability, and collaboration, all of which are intricately linked to language competency. Through a comprehensive examination of the literature and practical applications, this research highlights the symbiotic relationship between soft skills and English language acquisition.

In the 21 century, when you apply to university or work-being an individual with good soft skills is crucial. Even in some companies, soft skills are more important than hard skills. A vast difference between demand 10 years ago and today is that we noticed. Then humorous companies were sure that hard skills are mattered so much. The principle changed rapidly, and nowadays, it is a lot more efficient than ten years ago [1].

The tendency around soft skills modified many courses related to soft skills. For instance, «How to be a perfect leader» or «A way to develop a leader of the team». What is the actual reason that society needs them? Human beings, when we start work in a team or in a community, we need those kinds of skills. Efficient work by employes always influences the work of cooperation or company. In addition, a place where peaceful and respectful relationships are more. Some essential skills are: leadership and problem-solving, or active listening [2].

What is the definition of «soft skills»? Particular definition of the phrase «Soft skills» gives the book «The Human Resources Glossary», and analyzing the exact the definition in your hand:

«Interpersonal skills such as speaking, listening, interviewing, counseling, negotiating, and conflict resolution.» [3, p.627].

But why do we need to choose soft skills instead of hard skills? However, choosing between soft and hard skills relies on a person's path or career, a field. We don't have a strict rule that one of skills should be prioritized. However, there are a few reasons why soft skills should be dominant: enhanced communication, leadership, adaptability to rapidly changing world and last but not least personal development.

Soft skills play a significant role in shaping an individual's personality. Every educator's aspiration is that graduates, especially those from higher education institutions, not only excel in their chosen field but also develop into well-rounded individuals. However, this aspect is reflected in soft skills rather than hard skills.

In recent decades, there has been a notable shift in the perception of soft skills in many societies. In the past, the emphasis was primarily on mastering hard skills, while soft skills were seen as a desirable but secondary quality. This perspective has now been reversed. As mentioned earlier, strong communication skills can sometimes compensate for a lack of hard skills. Nowadays, people who are outgoing, skilled in self-presentation, and adept at socializing are often considered more favorable than those who lack these qualities. The traditional image of a highly skilled

technician, an expert in their field but introverted and not very talkative, is no longer as valued as it once was.

This transformation in priorities is not necessarily a positive development, and it raises the question of whether soft skills are now being given too.

Soft skills and English as foreign languages

The implementation of English classes involves the participation of some abilities. A teacher may also play a significant part in providing students with life-improving experiences. The government's obligation to provide not only a solid educational foundation but also soft skills. Some article shows, or surveys even statistics show that soft skills are required more than hard or technical skills. As there is a focus on developing skills relevant to the twenty-first century among students, English language instructors are faced with the task of discovering exercises that can enhance English language competence while encouraging advanced thinking in the language being learned [4].

Educators can play a crucial role in nurturing the cultivation of essential soft skills that will prove invaluable in the future of their students.

1. Debate Club activities can help develop critical thinking and communication skills. Teachers organize debates on relevant or thought-provoking topics, assign teams of students to argue for or against a particular proposition.

2. Role-playing scenarios has an ability to improve empathy, communication or problem solving skills. Activities consist of various role-playing scenarios that mimic real-life situations. Students assume different roles and practice appropriate language and reactions. For example, role-play scenarios could include customer service interactions, job interviews, or doctor-patient consultations. Afterward, students can reflect on their experiences and discuss what they learned.

3. Group Project Collaboration activities promote teamwork, time management and leadership skills. For instance, teachers assigned group projects related to a specific topic or lesson. Students must work together to research, plan, and present their findings. Each group member can take on a different role, such as leader, researcher, or presenter. Encourage periodic check-ins to discuss progress and resolve any challenges.

4. Public Speaking Practice develops confidence, articulation, and presentation skills. Assigned topics or themes for short speeches or presentations. Students prepare and deliver these presentations to the class. Encourage the use of visual aids, clear organization, and effective delivery techniques. Offer constructive feedback to help students refine

their public speaking abilities. For instance, TED Talk Style presentations or News Reporter.

5. Escape Room Games activities. Students should try escape room games with friends or colleagues, which require teamwork and problem-solving skills to solve puzzles and escape within a time limit.

6. Art and English activities can improve creativity or innovation. The mix of art and learning is truly something special. For instance, painting with words activity where you can describe a painting or artwork without revealing it, and have participants paint what they imagine based on your description. Compare the actual artwork with their interpretations.

7. Case analysis and discussions activities. Examine real or hypothetical situations in which students could solve problems, make decisions, and engage in discussions while discussing these scenarios in English.

The integration of soft skills development into the teaching of English as a foreign language represents a transformative approach to education in the twenty-first century. This research has elucidated the profound impact of soft skills on the holistic development of learners, emphasizing their importance not only in language proficiency but also in shaping well-rounded individuals ready to thrive in the complexities of our interconnected world.[5]

Through a comprehensive exploration of the literature and practical applications, it is evident that soft skills such as communication, critical thinking, adaptability, and teamwork are inextricably linked to language acquisition. They are not mere supplements but integral components that enhance language learning experiences, enabling students to navigate real-life situations with confidence and competence [6].

Furthermore, this research underscores the pivotal role of educators in fostering the growth of soft skills within the English language classroom. By adopting innovative pedagogical approaches, providing opportunities for experiential learning, and creating supportive learning environments, teachers can empower their students to become effective communicators, critical thinkers, and adaptable problem solvers.

As the global landscape continues to evolve, the demand for individuals equipped with both language proficiency and soft skills remains paramount. Graduates who possess these attributes are better prepared to excel academically, succeed professionally, and contribute meaningfully to their communities and societies.

In essence, the development of soft skills in tandem with English language instruction represents a holistic educational paradigm that not

only equips learners with the tools for effective communication but also empowers them to become active, empathetic, and engaged global citizens. It is a paradigm that bridges the gap between language education and personal growth, laying the foundation for a brighter, more interconnected future.

REFERENCES

1. Yeshengazina S. Teaching English for special purposes in Kazakhstan: content or skills //Asia Pacific Institute of Advanced Research (APIAR). – 2018. – С. 8-18.
2. Amantay Z. A., Ermakov D. S. Socio-pedagogical Features of the Formation of Soft Skills in the Republic of Kazakhstan //1st International Conference on Education: Current Issues and Digital Technologies (ICECIDT 2021). – Atlantis Press, 2021. – С. 17-22
3. Tracey, William R. The human resources glossary: the complete desk reference for HR executives, managers and practitioners-3rd edition-2004, 824 p. [на англ.яз].
4. Schulz B. The importance of soft skills: Education beyond academic knowledge.-2008
5. Kostikova I. et al. Soft skills development with university students at English lessons //Revista Romaneasca pentru Educatie Multidimensionala. – 2021. – Т. 13. – №. 1. – С. 398-416.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ – СЫНИ ОЙЛАУ

БЕГИМЖАНОВА И. М.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
НУРГАЛИЕВА М. Е.

PhD, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі күн сайын қарқынды дамып, ұлттың, жеке тұлғаның, әлеуеттің дамуына батыл қадам жасап келеді. Оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта жігерін арттыру, жеке дарындылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы.

Функционалдық сауаттылық – қазіргі қоғамда табысты бейімделудің маңызды дағдысы. Сыни тұрғыдан ойлау, өз кезегінде, функционалдық сауаттылықтың негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл ақпаратты талдауға және бағалауға, оның сенімділігі мен әртүрлі жағдайларда қолданылуын анықтауға мүмкіндік береді.

Осы мақаланың мақсаты – сыни ойлаудың білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға әсерін қарастыру.

Функционалдық сауаттылық сауаттылықты оқыту процесінің маңызды кезеңі болып табылады. Сауаттылықтың базалық деңгейінен жедел сауаттылыққа ауысу ретінде анықтауға болатын функционалдық сауаттылық жеке, әлеуметтік-мәдени немесе экономикалық салаларда алған білімдері мен дағдыларын пайдалану болып табылады. Функционалдық сауаттылық ұғымының мәнін ашу үшін контент-талдау әдісін қолдандық (1-кесте).

Кесте 1 – «Функционалдық сауаттылық» ұғымына контент-талдау

№	Мазмұны	Автор немесе дерек көзі
1	функционалдық сауаттылық – бұл адамдарға қалыпты деңгейде өмір сүруге мүмкіндік беретін сауаттылық дағдысы	Gorman, M. [1, 11 б.]
2	функционалдық сауаттылық – бұл адамдарға өздерінің азаматтық ұстанымдары мен әлеуметтік-мәдени рөлдерін дамытуға көмектесетін сауаттылықтың жоғары деңгейі	Güneş, F. [2, 3 б.]

3	Функционалдық сауаттылық – бұл жеке тұлғаның да, қоғамның да дамуына жол ашатын және адамға өзінің білімі мен тәжірибесін күнделікті өмірдің әр кезеңіне тиімді және функционалды түрде жеткізуге мүмкіндік беретін көп өлшемді тұжырымдама	Özenç, E. G. [3, 8 б.]
4	Функционалды сауаттылардың ең маңызды сипаттамалары – олардың оқу, жазу, есептеу және проблемаларды шешу дағдыларын тиімді пайдалану қабілеті	Jenning, Z. [4, 18 б.]
5	Функционалдық сауаттылық (лат. - бағыт) - адамның өзіне жүктелген немесе өзіне ерікті түрде алынған функцияларды орындауға дайындық дәрежесі.	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша оқу тапсырмаларының жинағы [5, 4 б.]

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – жалпы білім берудің негізгі міндеттерінің бірі, серпінді, шығармашыл, жауапкершілікті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудың шарты. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі бағыттары: математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, жаратылыстану сауаттылығы, қаржылық сауаттылық, жаһандық құзыреттер, сыни ойлау [6, 12 б.].

Сыни ойлау – функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі, ол адамның өз қиялын идеяларды дамыту және жетілдіру, жаңа білімді қалыптастыру, бұрын кездеспеген мәселелерді шешу үшін пайдалана алуы деп түсініледі.

Сыни ойлау төрт негізгі қасиетпен сипатталады:

- жылдамдық (белгілі бір уақыт аралығында идеялардың максималды санын білдіру мүмкіндігі),
- икемділік (әр түрлі ойды жеткізе білу);
- түпнұсқалық (жаңа стандартты емес идеяларды тудыру мүмкіндігі),
- дәлдік (толықтық, өз ойын жетілдіру немесе толықтыру мүмкіндігі) [7, 97 б.].

Сыни ойлау қабілетіне ішкі факторлар (тұлғалық) да әсер етеді – пәнді білу, білуге құштарлық, өзіне деген сенімділік, мақсатқа жетуге бағдарлану, нәтиже, тапсырманың мотивациялық күші және сыртқы жағдайлар (ситуациялық) – шектеулі уақыт, стресс жағдайы, мазасыздықтың жоғарылауы, шешімді тез табуға ұмтылу, тым күшті немесе тым әлсіз мотивация, өзіне деген сенімсіздік, қорқыныш.

Функционалдық сауаттылық концепциясына негізделген ең танымал халықаралық бағалау зерттеулерінің бірі халықаралық

студенттерді бағалау бағдарламасы (PISA). PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мынадай фактор әсер етеді:

- а) білім беру мазмұны (ұлтық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- ә) оқыту нысандары мен әдістері;
- б) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- в) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- г) мектепті басқару моделі;
- ғ) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- д) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Функционалдық сауаттылыққа бейімделу, оның қалыптаса бастауы бастауыш мектептен бастау алады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы аталған шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Қазірде олар оқитын пән оқулықтарының мазмұны көбіне алғашқы сауаттылықтан басталып, әрмен қарай дамып, жүйелене түседі. Ол үшін функционалдық сауаттылыққа жататын білімдер мен біліктердің, әсіресе, жиі қолданылатын іс-әрекет түрлерінің өзара тәуелділігін, бірімен бірінің үндестігін оқулықтардағы мазмұнының мәтінімен байланыстыру қажет. Сонымен қоса білім беру деңгейлеріндегі оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша біртұтас әдістемелік жүйенің жасалуын талап етеді. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесі не дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асуы тиіс. Сондықтан мақсатқа қол жеткізудің басты құралы саналатын білім мазмұнын білім беру деңгейлерінде оқушының функционалдық сауаттылығына негіз деп құру тиімді болмақ.

«Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын

камтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Функционалды сауатты болу үшін оқу және жазу, жаратылыстану ғылымдарындағы, математикалық, компьютерлік отбасылық өмір, денсаулық және тағы басқа сауаттылықтар қалыптастыру қажет, соның негізінде өмірлік дағдылар қалыптасады.

Сыни ойлау қабілетінің білім мен тәжірибеге негізделуі, мақсатты қалыптастырудың субъектісі болуы да маңызды [8, 282 б.]. Сыни ойлауды дамытуға қолайлы көптеген әдістер бар. Бастауыш мектеп оқушыларына келетін болсақ, оқу әрекетінің тамаша түрі ойын болып табылады. Ол бір уақытта баланы процеске ынталандыруға және оған пайдалы дағдыларды үйретуге мүмкіндік береді.

Сыни ойлаудың білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға әсерін зерттеу үшін эксперименттік зерттеу жүргізілді. Зерттеуге жалпы білім беретін мектептің 8-9 сынып білім алушалары қатысты.

Қатысушыларға мәтіндерді талдау, мәселелерді шешу, дәлелдер мен айғақтарды бағалау сияқты сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмалар ұсынылды. Сонымен қатар, қатысушыларға функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша қажетті ақпаратты талап ету, әртүрлі тақырыптарға мәтіндер құрастыру, ақпараттың сенімділігі мен қолданылуын бағалау бойынша тапсырмалар ұсынылды.

Эксперимент 10 апта бойы жүргізілді. Алғашқы 5 апта ішінде қатысушылар сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды, ал келесі 5 апта ішінде функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды орындады. Сонымен қатар, эксперимент басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін қатысушыларға сыни ойлау мен функционалдық сауаттылық деңгейін бағалауға арналған тесттер өткізілді.

Нәтижелерді талдау сыни ойлауды дамыту тапсырмаларын орындаған қатысушылар функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмаларын орындағандармен салыстырғанда сыни ойлау деңгейінің айтарлықтай өскенін көрсетті. Сонымен қатар, сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды орындаған

қатысушылар функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды орындағандармен салыстырғанда функционалдық сауаттылық деңгейінің айтарлықтай өскенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, сыни тұрғыдан ойлау мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың маңызды факторы болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Нәтижелер сыни ойлауды дамыту тапсырмаларын орындаған қатысушылар функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмаларын орындағандармен салыстырғанда сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықтың жоғары деңгейін көрсеткенін көрсетеді.

Бұл нәтижелер функционалдық сауаттылықты оқытудың тиімді әдістерін, соның ішінде сыни тұрғыдан ойлау жаттығуларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Мектеп бағдарламасында сыни ойлауды дамыту мектеп білім алушыларына ақпаратпен тиімдірек қарымқатынас жасауға, неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға және оқуда және кәсіби өмірде табысқа жетуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту бастауыш мектептің бір пәнінде ғана жүзеге аспайды, құрастырылған тапсырмалар әр түрлі пәндер сабақтарында мектепте оқытылатын құбылыстар мен заңдылықтар арасында логикалық байланыс орнату қабілетін дамытады [9, 66 б.]. Мысалы: сабақтарда оқушыларды сабақтың тақырыптарына байланысты топтарға бөліп, ойындар арқылы топтарының аттарын тапқызып, оқушыларды қызықтыру үшін ұлттық ойындарды, ребустар, сөзжұмбақтарды пайдалану. Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында сурет бойынша әңгіме құрастыру, тақырып бойынша өлеңдер, «Сөз ойла, көп ойла», «Өлең шығарайық», «Бес жолды өлең» құрастыру жұмыстарын жүргізу. Оқушылардың ізденушілік жұмыстарын дамыту мақсатында «Аквариумдағы алтын балық», «балық сүйегі» әдістерін қолдану.

Әр оқушы дерлік барлығын біліп, ата-анасының, ұстаздарының көңілінен шығу үшін, демек, басқа адамдарға пайдалы болу үшін оқиды. Танымдық белсенділікті белсендіру, оқушының ынтасын арттыру, әр түрлі дағдыларды меңгеру, шығармашылық қабілеттерді көрсетуге және даралығын ашуға мүмкіндік беретін қиындықтарды жеңу, өзін-өзі бағалауды арттыру, әдеттен тыс тәсілдерді қолдануды үйрену мүмкіндігі, қорқынышты жеңуді үйрену, сәтсіздік, жетістікке жету, қазіргі әлемде сұранысқа ие болу – бұл кіші жастағы оқушылардың шығармашылық деңгейінің дамуының нәтижесі. Сонымен функционалдық сауаттылық –

адамның сыртқы ортамен қарым- қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал осы функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі бағыттарының бірі – сыни ойлау. Сыни ойлау – бұл кез келген алгоритмдерді немесе жалпы ойды айналып өтіп шешім қабылдау қабілеті. Міне, осылайша, болашақта еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық міндеттерін шешуге ықпал ететін тағдырлы жаңалықтар ашылатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Gorman, M. (2003). *Enduring library: Technology, tradition, and the quest for balance*. American Library Association, Chicago, IL. ary Association, Chicago, IL.
- 2 Güneş, F. (1994). *Okuryazarlık kavramı ve düzeyleri [The concept and levels of literacy]*. Ankara University Journal of Faculty of Educational Sciences, 27(2), 499-507.
- 3 Özenç, E. G. (2012). *İlköğretim beşinci sınıf öğrencilerinin işlevsel okuryazarlık düzeyleriyle akademik başarıları arasındaki ilişki [The relationship between fifth grade primary students' functional literacy levels and academic achievements]* (Unpublished doctoral thesis). Marmara University, İstanbul.
- 4 Jenning, Z. (2000). *Functional literacy of young Guyanese adults*. *International Review of Education*, 46(1/2), 93-116.
- 5 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша оқу тапсырмаларының жинағы. Нұр-сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Алтынсарин, 2022. – 240 б.
- 6 Выготский Л.С. Балалық шақтағы қиял мен шығармашылық. – Санкт-Петербург: СОЮЗ, 1997. – 96 б.
- 7 Богоявленская Д.Б., Сусоколова И.А. Шығармашылық психологиясының шетелдік зерттеулері: Гильфордтан кейінгі кезең (1 бөлім) Психологиялық ғылым және білім, 2007. №3. – 97-107 б.
- 8 Авдеенко Н.А., Денищева Л.О., Краснянская К.А. және т.б. Шығармашылық әркімге: ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуды орыс мектептерінің тәжірибесіне енгізу // Білім беру мәселелері, 2018. № 4. – 282-304 б.

9 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

БЕИСОВА А. Е.

Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және инновациялық технологияларды оқыту ғылыми-практикалық орталығы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ИСЕНОВА Б. К.
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жаңа адамды тәрбиелеу – оны жаңа заман үшін үнемі белсенділік өрісінен көріне білуге бағыттау, халқының болашағын қамтамасыз ету, ақыл-парасатын өзінше дамыта алуға бағдарлау – жалпы әлемдік күрделі міндеттердің бірі. Біздің әлеуметтік қоғамымыз жететіндей нақты, жүзеге асатын жаңа заман, бұқара халықтың шығармашылығымен жасалады. Осындай жасампаз жұмыстың барысында жаңа адам, жер жүзіндегі әділетті қоғамның сәулетшісі, жасаушысы қалыптасады.

Жаңа қоғамның дамуындағы ең маңызды нәтиже – оның барысында қалыптасқан жаңа адам. Яки, бостандықты жеңіп алып, оны деген бір ауыр күрестерде қорғай білген, өзінің күш-қуатын аямай, барлық қиындықтарға төтеп беріп, болашақты құра білген, барлық сын-сынақтардан өтіп, өзі адам танымастай болып жаңарған. Өзінің бұрынғы қасиеттеріне саяси мұраттылықты қосып, өмір сүрудің тәжірибелерінен қуат алып, өзінің жеке басының мәдениетін, білімін іс-әрекетте кәдеге жарататын мәреде көріне алатын адам. Бұл – адам, болашақтың нағыз патриоты болумен бірге, ізбасар интернационалист болған және болады да.

Өткенге көз жүгіртсек, мұндай адамды бұрынғы партия тәрбиелеуге мақсат қойған. Коммунистік партия революциялық-қайта құру қызметін маркстік-лениндік идеяға негіздеп, саяси сана-сезімнің ең үлгілі өмір тәжірибелерін тірек етіп, қалыптасуына тәрбиеледі. Коммунистік құрылысты құру үшін өздерінің революция кезіндегі ерлік істерін үлгі тұтуға патриоттық қуат арқылы жол ашып, коммунистік мораль көзқарасын әр адамға заң ретінде міндеттеді.

Бүгінгі таңда бұл құндылықтар өз мәнін жойды. Себебі ұлттық патриотизм ескерусіз қалған еді.

Патриоттық тәрбиенің детермендігін нығайтудың бірқатар себептерін атап өтуге болады, ең алдымен, оның маңызын тереңдету және Отанды жаңа жағдайларға байланысты қорғауды алға дамыту міндеттерін күрделілендіру көзделеді. Патриоттық тәрбиенің теориялық сипаттамасын ғалымдар өмірдегі қажеттілік тұрғысынан қарау және әр адамның маңызды өмір сүруі үшін патриотизмге қызығушылық құлқын ояту мақсатында саралайды. Қай халықтың болмасын мемлекет тарапынан ғалымдардың назарын патриоттық тәрбиені зерттеуде ең ұтымды, тиімді жолдарын таба білуге бағыттап және саяси жұмыстың өмір тіршілігінің тынысынан алшақ кетпей, сапалы жүргізілуімен жалпы тәрбие ісіндегі құрама әдіс-амалдардың әдіснамалық соның ішінде, патриоттық тәрбиенің өз мәнінде жүзеге асуын қадағалап отыру бағдарланады.

Патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекетті саналы түрде меңгеріп алуға талпынысын айқындайтын саяси-моральдық, кәсіптік, психологиялық, дене шынықтыру сапаны қалыптастыру.

Патриоттық іс-әрекеттер - деп біздер, әлеуметтік-ұнасымдық сарыны мен елінің озықтық салт-дәстүрлерінің тарихи заңдылықтарын қорғауға бағытталған жеке тұлғаның және әлеуметтік топтың кез-келген әрекеттерін түсінеміз. Отанның озықтық, жалпы адам баласының ілгерішіл критерийіне жеке тұлғаның, әлеуметтік топ әрекетінің тарихи нысаналарға, қоғамның ілгерілеуіне, өзінің өмір сүріп отырған ортасына, дәуірінің ұстанған бағдарына сәйкестілігі жатады. Патриоттық әрекет сонда ғана сыртқа нышан беру деңгейінде қалып қоймай, патриоттық сананың «өлшемi», «межесi» және тәрбиелеуші факторы болып қабылданады.

Ал патриоттық сана-сезім болса, ол – Отан құндылығы көрінісінің нәтижесі, өткендегі өмір сүрген ата-баба санасының қажеттілігі мен ұмтылысынан, құлшынысынан туған озықтық салт-дәстүрлерді адамдардың санасындағы қажеттілігі мен қызығушылығы арқылы қабылдау. Патриоттық сананың өзіндік құрылымы рухани біліктіліктің интеграциясынан тұрады, ол «жазықтық кесіндісін», қоғамдық сананың барлық түрлерінің диалектикалық өрісін танытады, бұларға Отанның ілгерішіл-қорғанысы, ілгерішіл-қайта құру белгілері жатады.

Патриоттық тәрбие барысында саяси сенімділік, Отанға сүйіспеншілік, тәуелсіз өмір сүріп жатқан елдерге ынтымақтастық, жалпыхалықтық намыскерлік, ел тағдырының болашағы үшін жауапкершілік, экономикалық даму қарқынын тездетуге үлес қосуға ниеттестік, ғылыми, саяси-моральдық және туған жерін қорғау мақсатындағы әскери әзірлік, Отанын саяси, идеологиялық қауіптерден сақтауға бағыттылық, арам ниеттегі ішкі және сыртқы жауларға төзбеушілік тәрізді мінез-құлық қалыптасады, дамиды. Сонда даму өрісінің басты тірегі - патриоттық тәрбие дей отырып, дамудың өзі патриотизмсіз жүзеге аспайтынын мойындаған жөн.

Еңбекшілердің патриоттық тәрбиесінің экономикалық негізін құдіретті өндірістік күштер, өндірістік қатынастардың дамуы және тәрбие жұмысының материалды-техникалық базасы құрайды. Тәрбиенің әлеуметтік-саяси негізі - қоғамдық, мемлекеттік құрылыс, әлеуметтік - саяси және идеологиялық қоғамның, армия мен халықтың бірлігі, мемлекет ішіндегі әртүрлі партиялардың бір-бірімен үйлесімділігі, тәуелсіз мемлекеттер арасындағы өзара түсінушілігі, жеке халықтардың халықтық педагогика принципіндегі патриотизмі мен халықаралық интернационализмі. Патриоттық тәрбиенің идеялық-теориялық, әдіснамалық негізіне барлық тәрбие жұмысы жатады.

Патриоттық тәрбие педагогика, психология, әскери ілімдердің негізгі жағдайларына сүйеніп, тұлғалық болмысты дамытудың озық пішінін анықтауға жол ашады. Мұнымен бірге, аталған қасиеттерді тандаудың тиімді принциптері мен қажетті әдістері және жұмыстың түрлерін сұрыптауға мүмкіндік береді. Патриоттық тәрбие тарихи ғылымдарды, әсіресе, Қазақстан Республикасының және Ұлы Отан соғысының тарихын, туысқан елдер халықтарының және олардың қорғаныс күштерінің жауынгерлік, революциялық, еңбек дәстүрлерін меңгеру арқылы жүзеге асады. Мәселен, академик М. Қозыбай тегінің қазақ жерінде ХҮІ ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін 300-ге жуық ұлт-азаттық көтерілістердің өрбігені жөніндегі деректері оқулықтарға енгізілуі қажет. Сонда ғана халқымыздың зар заманы, «Ақтабан шұбырынды», Жоңғар шапқыншылықтары, Ресей патшалығының отарлау саясаты жасөспірімдерге белгілі болып, болашақтағы ел амандығын, қауіпсіздігін, тәуелсіздігін тұрақтандыру, нығайту сияқты патриоттық әрекеттер дамытылмақ. Мұнымен бірге, өткендегі халқымыздың еңбек, революция, ерлік дәстүрлерін, бұрынғы Қарулы Күштердің алатын орнын, салмағын

жасөспірімдерге отбасы, мектеп, қоғамдық орталар арқылы саналарына жеткізуді қамтамасыз ету көзделеді.

Патриоттық сананың қалыптасу процесінің мазмұнын адамдар санасындағы Отан құндылығының көрінісі анықтайды.

Патриоттық тәрбие Отан құндылығын танудың тікелей және жанама түріндегі көрінісінен басталады. Жүргізілген тәрбие жұмысының барысында біздің қол жеткен сүбелі табыстарымыз бен көрсеткіштеріміздің тереңдігін ашудың маңызы зор. Әсіресе, ол адамның мәртебелі өмір сүруін, бұл саланы жүзеге асырудағы мемлекетіміздің ілгерішіл саясатын, Қорғаныс Күштерінің функциясын, теориялық насихат бағдарын, ұстанған мұраттылығын, Отанды қорғаудың жолдарын, сыртқы, ішкі жаудың қастандық әрекеттерінің алдын алуын қамтамасыз етеді.

Патриоттық тәрбиенің барлық жүйесі жоғарыда аталған білімдерді өмірде қолданғанда ғана салтанатты, дамыған ел адамдарын қалыптастыра алады. Мұнымен бірге, патриоттық тәрбие парасаттылық пен терең ойлылыққа негізделеді. Халық даналығы бұған былай деп баға берген:

Бас-басыңа би болсаң,
Мана тауға сыймассың.
Бір данаға жол берсең,
Жанған отқа күймессің.

Байқасақ, көзсіз ерлікке ұрынбас үшін, патриоттық тәрбиенің дұрыс болуы үшін алдымен адамның іс-әрекетін барлық сәттерде ақыл-парасаты билеуі керек. Патриотизмге анықтаманы Б. Момышұлы тілімен айтсақ, былай болып келеді: «Патриотизм Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның амансаулығы қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оны жеке адаммен барлық жағынан өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді.

Отанға деген сүйіспеншілік қана соғыс кезіндегі өлімді моральдық тұрғыдан ақтап, соғыс ісінің адамгершілік негізі бола алады...».

Патриоттық сана-сезімді қалыптастыруда сондай-ақ, кіші және үлкен орталардың ролі ерекше. Үлкен ортаға жататындар: өндіріс тәсілі, өндірістік қатынас, өндіргіш күш, қоғамдық сана, қоғамдық-саяси мекемелер, жеке топтардың өмірге ынғайы, Отан үшін еңбек,

жалпы бұқаралық информациялық мекемелер, әдебиет, өнер, мәдениет. Кіші ортаға жататындар: қарым-қатынас жасайтын ұжым, отбасы, әр түрлі мақсаттағы топтар. Кіші орта патриоттық тәрбиенің өткендегі Отанының құндылығын меңгеруге бағдар жасауы керек. Мұнымен бірге Елін қорғаудың озық идеялары мен қорғанудың даму өрісін меңгеріп, өзіне тән жүйені Отанының берер бағасымен салыстыруы қажет. Сонда ғана патриоттық тәрбие өзінше дами алады. Ол өздігінен күрделі мақсаттарға жетуге, бірауыздылық пен тұтастыққа өзін-өзі басқаруға, белсенділікке, даму жүйесіне, тәрбиенің құрама амал-тәсілдерінің мазмұнын игеруге бағдар жасамақ. Тәрбиенің құрама әдіс-тәсілдерінің патриоттық тәрбие мазмұнын айқындауға етер ықпалы мол.

Патриоттық іс-әрекет, тәрбиеленушінің білімі мен бағалауын түпкілікті жеке басының сеніміне айналдырудан, патриоттық тәртіпті қалыптастырудан, мемлекеттің әскери күшін дамытуға әзірліктен, Қарулы Күштер қатарында қызмет етуден, қолына қару алып, өз Отанын жаудан қорғаудан, жаңа бетбұрыстарға ықыластықтан туады.

Патриоттық тәрбие жүйесінің ерекшелігі патриоттық сана мен барлық тәрбие жүйелерін анықтауда болып келеді.

Патриоттық тәрбиедегі патриоттық сананың мықты бір ерекшелігі саяси-идеясыз, адамгершіліксіз, құқысыз, эстетикалық, еңбек т.б. тәрбиенің құрама әдіс-амалдарынсыз және олардан тыс өмір сүре алмайтындығында. Әсіресе, белгілі әлеуметтік – саяси бағыттылық өз Отанын қорғау ісін дамытуға, ішкі әзірлікті және қабілетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Сөйтіп, патриоттық тәрбие барлық тәрбие бағыттарында жүзеге асады. Патриоттық тәрбиенің, сананың нәтижесі Отан басына қиын іс түскен сәттерде нышан береді. Отанның қорғанысы мен нығаюы үшін ізгі еңбектерге, озықтық салт-дәстүрлерге әрекеттендіріп, осының салдарынан тәрбиелеуші факторға айналады.

Патриоттық тәрбиенің жүйесі басқа да факторлар мен тығыз байланыста қамтылады: біріншіден, нысананың тұтастығы, жеке тұлғаның тәрбиесі; екіншіден, қоғамдық тіршілік көздерінің бір-бірімен байланысы, отбасының, мектептің, жоғары оқу орындарының, еңбектегі, армиядағы ұжымдардың патриоттық тәрбиеге бағыттылығы мен қатысы; үшіншіден, негізгі принциптердің бірлігі және тәрбиенің жалпы заңдылықтары; төртіншіден, патриоттық тәрбиенің жалпы тәрбие жүйесімен қабысуы, жеке тұлғалардың жан-жақты қалыптасуы.

Патриоттық тәрбие процесінің өзі біршама өз бетінше барлық күрделі белгілері бар қоғамдық-саяси әрекеттің жүйесіне ие болады.

Біріншіден, оның элементтер арасындағы өзара байланыстылығының белгілі құрылымы болады. Патриоттық тәрбиенің жүйесі кез-келген әлеуметтік жүйелердің жалпы элементтерінің 4 негізгі тобын құрайды. Бұған жататындар: а) заттық элементтер (материалдық құндылық, бұларды дамыту және қорғау керек. Әскери-патриоттық тәрбиенің материалдық құралы); ө) іс жүргізу элементі (жеке тұлғалардың, топтардың, партиялардың әрекеттері, оның түрлері мен әдістері); б) Отанның рухани, әлеуметтік құндылығы, патриоттық идея, мақсат, міндет, заңдар, патриоттық тәрбиенің принциптері; в) адамшылық элемент (кұлық, тәрбие жүйесіндегі ұстанған нысана). Бұл элементтердің болуы мен өзара байланысы патриоттық тәрбие жүйесі құрылымының беріктігі мен оның біршама өз бетінше дамуын оның құрамдас бөлігінің өзара әрекет тәсілі ретінде айқындап, элементтер тұтастығы мен жаңа жүйенің сапалылығы ретінде анықтайды.

Екіншіден, патриоттық тәрбие жүйесіне әр адамның өзіндік белсенділігі тән. Бұл атқарар қызметіне байланысты нышандар сыртқа өз көрінісін береді. Осыған байланысты жоғарыда келтірілген ұсақ элементтер мен жүйелер барлық жүйелердің өзгеруіне ықпал етеді. Элементтер мен жүйелер іс-әрекетте үйлестіру мен қатаң бағынуды жүзеге асырады.

Үшіншіден, патриоттық тәрбие объекті мен субъектіні өздігінен басқару жүйесіне негізделеді. Басқару механизмді белгілі құрал мен әдіс-амалдармен ықпал етеді. Аталған жүйенің өзі саналы басқаруға бағынуы жөн. Бұл стихиялы әрекеттен сақтандырып, тұтастықпен жүйелердің ұтымды дамуына мүмкіндік береді. Сол себепті басқару іс-әрекетінде отырғандардың білімді, рухани байлығы даму өрісіне негізделген адамдар болуы көзделеді.

Төртіншіден, патриоттық тәрбие кеңістік пен уақытта даму өрісіне бағытталады. Даму өткенді қорытуға, бүгінгінің негізіне, болашақтың болжамына сүйенеді.

Бесіншіден, патриоттық тәрбие жеке дара өмір сүре алмайды, табиғи және әлеуметтік жүйелердің басқа жүйелерімен байланысы негізінде болып келеді.

Патриоттық тәрбиенің мазмұны іс-тәжірибеде принциптермен байланысты жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда педагогикалық еңбектерде бірқатар принциптер бар. Оларды былай жүйелеуге болады:

– Жалпыға бірдей принциптер. Бұл патриоттық тәрбие жұмысының теориялық, тәжірибелік әрекеттеріне ең қажеттісі болып табылады (жан-жақты және тарихи принципі т.б.).

– Тәрбие процесіне жалпы принциптің атқарар орны ерекше (мақсаттылық; еңбекте тәрбиелеу; ұжымға тәрбиелеу; жеке және әртүрлі қатынас жасау; ізгілікті істерге сүйену принциптері т.б.).

Ерекше принциптер. Олар тек қана патриоттық тәрбие процесінде қолданылады (патриоттық және адамгершілік тәрбиелердің сәйкестілігі; эмоцияға әсер ету; тәрбиелеушінің жеке бас үлгісі принциптері т.б.).

Әлбетте, тәрбиенің жалпыға бірдей және жалпы принциптері патриоттық тәрбие әрекетін жүзеге асыруда басшылыққа алынады. Дей тұрғанмен, солармен қатар қолданылатын патриоттық тәрбиенің тікелей талдауынан туындайтын және осы процесінің өзіндік ерекшелігіне себепші болатын да принциптер жоқ емес.

Біздің пікірімізше, құрама амал-тәсіл, патриоттық тәрбиені ұйымдастыру мен жүргізудің жоғары деңгейі болып табылады. Және бұл сапа принциптер жүйесінің ары қарай дамуын қажет етеді.

Патриоттық тәрбиені жүзеге асыруда тиімді тәрбиенің ықпалы оның қиындық деңгейінің шама-шарқына тәуелді болып келуіне байланысты екенін естен бір сәт шығармаған дұрыс.

Бұл аталған принциптерді біздер де толығымен қоштаймыз. Сонымен бірге бүгінгі заман өзгерістеріне байланысты қойылып отырған талаптарға қатысты олардың қатарына халықтық принципті жеке дара саралап енгізуді жөн көрдік.

Халықтық тәрбиенің алға дамуы оның өткендегі ұлттық санасымен тығыз байланысты. Мұнымен бірге, бүгінгісі және болашағы. Бұл сана халықтың рухани, әлеуметтік-тұрмыстық қажеттілігі мен тарихтағы табиғи даму деңгейіне бағынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру: оқу құралы / Е. Жұматаева – Алматы: Эверо, 2016. – 224 б.

2 Момышұлы Б. Шығармалар 1,2 том. – А., «Жазушы» баспасы, 1968.

3 Момышұлы Б. Ел басына күн туса. – А., «Қазақстан» баспасы, 1970. – 318 б.

4 Момышұлы Б. Үшқан ұя. Шығармалар. – А., «Жазушы» баспасы, 1975. – 384 б.

5 Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру. – Павлодар «ЭКО», 2018. –219 б.

ДИАЛОГОВОЕ ОБУЧЕНИЕ –ТЕХНОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ЛИЧНОСТИ

ЕКИДИНА Ю. С.

магистрант, Торайғыров университет, г. Павлодар

УШАКОВА Н. М.

к.п.н., профессор, Торайғыров университет, г. Павлодар

Обучение разговорной речи считается самым сложным из четырех языковых навыков. Технология диалогового обучения может улучшить успеваемость и заинтересованность учащихся, а также раскрытию их творческих способностей. Целью исследования является изучение техники диалогового обучения с целью улучшения успеваемости владения английским языком. Данные были собраны из теста разговорной речи, анкеты, и они были проанализированы количественно, включая описательную статистику. В исследовании используется качественный описательный метод. Методы сбора данных включают наблюдение, интервью.

Ключевые слова: обсуждение, дискуссия, успеваемость, разговорные навыки, творческий диалог.

В эпоху общества учителя должны уметь управлять процессом обучения, который может адаптироваться к концепции общества, ориентированного на человека и основанного на технологиях [1, с.20]. Это часть продолжения эры индустрии, которая подчеркивает гуманизм в решении социальных проблем, в том числе в сфере образования, путем интеграции виртуальных и реальных аспектов, все из которых направлены на процессы обучения, ориентированные на учащихся. Различные методы и модели обучения могут сделать процесс ориентированным на учащихся, включая использование творческого диалога в обучении. Обучение, ориентированное на учащихся, позволяет проводить интерактивные мероприятия между отдельными лицами для удовлетворения потребностей в обучении различной сложности, способствуя независимому и продуктивному обучению путем решения сложных и открытых проблем, которые достоверно согласуются с практикой, культурой и процессами получения знаний [2, с.15].

Различные исследования подчеркивают важность использования творческого диалога или дискуссий в качестве педагогических инструментов в обучении. Результаты исследований показывают, что эффективные интерактивные дискуссии зависят от процесса обучения, который вовлекает студентов в критическое мышление и углубленное изучение [3, с. 845]. Это, несомненно, требует роли преподавателя в планировании, внедрении и оценке обучения посредством интерактивных дискуссий, которые могут привести учащихся к достижению оптимальных результатов обучения. Общественное восприятие требует от учителей прилагать усилия, чтобы максимально разнообразить учебный процесс содержанием общественнознания, чтобы учащиеся не чувствовали скуки, а скорее проявляли энтузиазм и были вовлечены во взаимодействие друг с другом, что позволяет им накапливать свои знания в процессе обучения, в котором они участвуют. Результаты исследования проведенного Топпинг К.Д. объясняют, что диалогическое обучение расширяет участие учащихся в творческих дискуссиях в классе, способствуя улучшению мышления, когнитивных способностей и социально-эмоциональных аспектов обучения [4, с.70]. Аналогично интерактивные дискуссии в сочетании с конкретными примерами могут повысить успеваемость учащихся класса. Исследование Л. М. Дьюи и Н. Л. Римпиати, проведенное с детьми раннего возраста, показывает, что обсуждение в малых группах может улучшить навыки критического мышления [5].

Результаты этих исследований демонстрируют преимущества использования творческих дискуссий в обучении. Однако успех процесса обучения зависит не только от модели или метода преподавания, но и от вовлеченных в него субъектов, а именно от самих преподавателей и учащихся. При рассмотрении роли преподавателя профессиональная компетентность в управлении обучением имеет решающее значение для достижения оптимальных результатов обучения. Проведение исследования необходимо с целью описания способности учителей развивать творческий диалог при преподавании, уделяя особое внимание их планированию и внедрению в учебный процесс, а также факторам, влияющим на их способности. Это исследование важно для расширения возможностей учителей в создании активного, творческого, эффективного и приятного обучения.

Результаты исследования показывают, что способность развивать творческий диалог в процессе преподавания включает

